# Қазақ тілі

*Шетелдегі қазақ диаспорасына арналған*

## ӘМБЕБАП ОҚУЛЫҚ








# A2

БАЗАЛЫҚ ДЕҢГЕЙ

# ҚАЗАҚ ТІЛІ

**ШЕТЕЛДЕГІ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫНА АРНАЛҒАН ӘМБЕБАП ОҚУЛЫҚ**

## БАЗАЛЫҚ ДЕҢГЕЙ (А2)

Нұр-Сұлтан, 2021

ӘОЖ 811.512.122 (075.8)
КБЖ 81.2Қаз-923
Д21

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Тіл саясаты комитеті
«Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ҰҒПО» КеАҚ тапсырмасы бойынша
Шетелдегі қазақ диаспорасына арналып жазылған «Қазақ тілі» әмбебап оқулығы
(А2 – базалық деңгей)

**Редакция алқасы:**
Л.Есбосынова, А.Орманова, М.Дарменова

**Авторлары:**

**Н.Ж. Даулеткереева** – «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ филиалы Білім беру бағдарламалары орталығының «Лингвистикалық бағыттағы пәндер» бөлімінің эксперті, филология ғылымдарының кандидаты;

**Н.А. Нурмагамбетова** – Шымкент қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің мұғалім-сарапшысы;

**А.Д. Смыкова** – «Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы» ММ «Ресурстық тіл орталығы» КММ әдіскері.

**Қазақ тілі:** Базалық деңгей (А2): Шетелдегі қазақ диаспорасына арналған әмбебап оқулық. – Нұр-Сұлтан: 2021. – 218 бет.

ISBN 978-601-7504-55-7

Д21 «Қазақ тілі» оқулығы тіл үйренушілердің рецептивті және продуктивті дағдыларын дамыта отырып, қазақ тілін А2 деңгейінде меңгертуді мақсат етеді. Оқулық мазмұнында аталған деңгейге сай сөздік қор мен грамматикалық минимум ұтымды астастырылып, өмірмен байланысты түрлі тақырыптар аясында ұсынылады. Оқулықта коммуникативтік тәсілдеме аясында тиімді оқыту әдістері таңдалып, білім мазмұнының жүйелі әрі сапалы игерілуіне себепкер болатын оңтайлы тапсырмалар кеңінен қамтылады. Қызықты әрі сюжетті оқиғаларға құрылған оқулық мазмұны тіл үйренушілерді қазақ тілін еркін қолдана білуге жетелейді.

ӘОЖ 811.512.122 (075.8)
КБЖ 81.2Қаз-923

© Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Тіл саясаты комитеті, 2021

# МАЗМҰНЫ


**ТАРАУ 1. ТАНЫСУ** 7

**1.А** Таныс болайық! 8
**1.Ә** Қош келдіңіз! 10
**1.Б** Өз атым ұнайды! 12
**1.В** Жасың нешеде? 14
**1.Г** Ұқсас есімдер 16
**1.Ғ** Тарауды қайталау 18

**ТАРАУ 2. МЕНІҢ ОТБАСЫМ** 20

**2.А** Біз тату отбасымыз 21
**2.Ә** Қазіргі отбасы қандай? 23
**2.Б** Отбасы мүшелерін сипаттайық 25
**2.В** Туған күніңмен, ағатай! 27
**2.Г** Бәрібір жақсы көремін... 29
**2.Ғ** Тарауды қайталау 31

**ТАРАУ 3. БАЛА КЕЗ** 33

**3.А** Бала кездегі суреттер 34
**3.Ә** Менің фотоальбомым 36
**3.Б** Досымды сағынамын 38
**3.В** Бала кездегі ойындар 40
**3.Г** Ең үлкен жеңіс 42
**3.Ғ** Тарауды қайталау 44

**ТАРАУ 4. МЕНІҢ ҮЙІМ** 46

**4.А** Менің үйім 47
**4.Ә** Үйдегі заттар 49
**4.Б** Бөлмені жинайық! 51
**4.В** Үй шаруасы 53
**4.Г** Үйдің жоспары 55
**4.Ғ** Тарауды қайталау 57

**ТАРАУ 5. ТАПСЫРЫС БЕРЕЙІК** 60

**5.А** Тәтті шай 61
**5.Ә** Балмұздаққа не қосады? 63
**5.Б** Тағам дайындау 65
**5.В** Ұлттық тағамдар 67
**5.Г** Үйге әкеп бересіз бе? 69
**5.Ғ** Тарауды қайталау 71

**ТАРАУ 6. КИІМ** 73

**6.А** Дүкенде 74
**6.Ә** Талғаммен киіну 76
**6.Б** Түстердің үйлесімі 79
**6.В** Сапалы киім және бренд 81
**6.Г** Сауда орталығында 83
**6.Ғ** Тарауды қайталау 86

**ТАРАУ 7. АҚША** 88

**7.А** Кел, саудаласайық! 89
**7.Ә** Сыйлық 92
**7.Б** Ақша жұмсап үйрен! 94
**7.В** Киім дүкенінде 96
**7.Г** Миллионер сөзі 98
**7.Ғ** Тарауды қайталау 100

**ТАРАУ 8. ХОББИ** 102

**8.А** Хобби 103
**8.Ә** Тіл үйренгім келеді 105
**8.Б** Кітап – менің досым 107
**8.В** Қолөнерге жақынмын 109
**8.Г** Менің сүйікті ісім 111
**8.Ғ** Тарауды қайталау 113

**ТАРАУ 9. ЖҰМЫС ІЗДЕЙМІН** 115

**9.А** Жұмыс және мамандық 116
**9.Ә** Жұмыс іздеймін 119
**9.Б** Келісімшарт жасайық 122
**9.В** Менің жұмысым 124
**9.Г** Құрметті мамандық 126
**9.Ғ** Тарауды қайталау 128

**ТАРАУ 10. БОС УАҚЫТ** 130

**10.А** Бос уақыт 131
**10.Ә** Бос уақытың бар ма? 133
**10.Б** Сағат неше болды? 135
**10.В** Күн тәртібім 138
**10.Г** Жоспар құру 140
**10.Ғ** Тарауды қайталау 142

# МАЗМҰНЫ


**ТАРАУ 11. ДЕНСАУЛЫҚ** 144

**11.А** Дене мүшелері 145
**11.Ә** Дәрігер кеңесі 147
**11.Б** Ұйқыңыз тыныш па? 149
**11.В** Салмақ тастау оңай ма? 151
**11.Г** Денсаулықты күтемін 153
**11.Ғ** Тарауды қайталау 155

**ТАРАУ 12. ТУҒАН ЖЕРІМ** 156

**12.А** Көрікті Алматы 157
**12.Ә** Көне қала 159
**12.Б** Қаланы аралайық! 161
**12.В** Мен тұратын жер 163
**12.Г** Алматы түні 165
**12.Ғ** Тарауды қайталау 167

**ТАРАУ 13. ШЫҒАРМАШЫЛ АДАМДАР КІМДЕР?** 168

**13.А** Шығармашыл адамдар 169
**13.Ә** Шығармашылық және бизнес 171
**13.Б** Кино әлемі 173
**13.В** Мен камерамен доспын 175
**13.Г** Шығармашылық жұмыс 177
**13.Ғ** Тарауды қайталау 179

**ҚОСЫМША ТАПСЫРМАЛАР** 181

**АУДИОМӘТІНДЕР** 198

**СӨЗДІК** 213

# АЛҒЫ СӨЗ

## Құрметті, тіл үйренуші!

Сіз әлемдегі ең әуезді, ең әдемі тіл саналатын – «Қазақ тілін» үйренуді мақсат етіп отырсыз. Ендеше, қолыңызға ұстап отырған кітабыңыз сізді еш жалықтырмайтынына сенімді болыңыз.

Бұл оқу құралы қазақ тілін базалық деңгей (А2) көлемінде меңгеруге қажетті лексикалық қор мен грамматикалық білімді сізге оңай әдіспен түсіндіріп береді. Қызықты тапсырмаларды орындай отырып, аз уақыт ішінде қазақ тілін қалай үйреніп алғаныңызды білмей де қаласыз.

Оқулық беттерін парақтап көрсеңіз, жаңылтпаш пен өлеңдерді, суретті әңгімелер мен әндерді, ойындар мен сөзжұмбақтарды кезіктіресіз. Кітапта күнделікті тұрмыста кездесетін тақырыптар мен өмірлік маңызы зор мәселелер кеңінен қамтылады. Сондықтан да әр сабақта түрлі жағдаяттар аясында ойланып, өзгелермен сөйлесу арқылы тың тәжірибелермен бөлісе аласыз.

Кітапта суреттер мен фотолар жиі кездеседі. Олар сізге сөздерді тез жаттап алуға, оқылым мәтіні мазмұнын болжап түсінуге көмектеседі. Сондай-ақ аудиодан тыңдаған ақпаратты көп ұзамай толық түсінетін боласыз. Оқулықта берілген ойындарды ойнап, жаттығуларды жүйелі орындап, өзге адамдармен еркін пікір алмасасыз.

Оқулық мазмұны күнделікті тұрмысқа қажетті келесідей лексикалық тақырыптарды қамтиды:

1. Танысу
2. Менің отбасым
3. Бала кез
4. Менің үйім
5. Тапсырыс берейік
6. Киім
7. Ақша
8. Хобби
9. Жұмыс іздеймін
10. Бос уақыт
11. Денсаулық
12. Туған жерім
13. Шығармашыл адамдар кімдер?

Жоғарыда аталған лексикалық тақырыптар оқулықта өз алдына бірнеше тақырыпшаларға жіктеліп ұсынылады. Күнделікті тұрмыста қолданылатын тілдік құрылымдар ұсынылғандықтан, оларды жағдаятқа сай орынды пайдалана білесіз.

Сондай-ақ сөйлеу әрекетінің төрт түрі (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) мен грамматикалық білім қатар әрі практикалық дәрежеде игерілетін болады.

Курс соңында қазақ тілінде еркін сөйлеуге, сауатты жазуға, өзгелерді тыңдап түсінуге немесе оқылым тапсырмаларын орындау барысында оқу стратегияларын (көз жүгіртіп оқу, шолып оқу, нақты ақпаратты тауып оқу, детальді ақпаратты анықтау, болжап оқу т.б.) тиімді қолдана білуге қол жеткізесіз. Осы кітапты аяқтағанда, сіздің сөздік қорыңыз 367 сөзге ұлғаяды. Әр сабақтағы жаңа сөз алдағы бірнеше сабақта

қайта ұшырасып, санаңызда тез жатталады.

«Грамматикалық білімді бірден жете меңгеруім қажет» деген талапты алдыңызға мақсат етіп қоймаңыз. Грамматикалық білім базалық білімді құрайтын сөздік қорды жинақтағаннан кейін, өте жеңіл меңгеріледі. Қолыңыздағы кітапта грамматикалық білім формула түрінде ұсынылған. Грамматиканы бекіту үшін, жаттығу жұмыстарын орындап жүріңіз және оны пысықтауға берілген ойындарды да ойнаңыз.

Оқулықтың соңында әр тарауға қатысты қосымша тапсырмалар топтамасы мен аудиомәтіндер жинағы беріледі. Егер аудиомәтін жазылған диск істен шықса, өзге адамнан оқып беруін өтінуге болады. Ал тыңдалым тапсырмасын орындап болғаннан соң, аудиомәтіннің жазбаша үлгісін оқулық соңынан тауып, өзіңізді тексере аласыз. Әр сабақта танысқан жаңа сөздердің де дұрыс айтылуын осы аудиомәтіндер орналасқан қосымша беттерден тауып, тыңдаңыз және қайталап айтып үйреніңіз.

Қане, өзіңіздің зеректігіңізді, білімге құштар екендігіңізді дәлелдеп көріңіз. Іске сәт, біздің батыл досымыз!



# 1 ТАРАУ

## ТАНЫСУ


1.А Таныс болайық!
1.Ә Қош келдіңіз!
1.Б Өз атым ұнайды!
1.В Жасың нешеде?
1.Г Ұқсас есімдер
1.Ғ Тарауды қайталау

# ТАНЫСУ
## *Таныс болайық!*

танысу
қателесу
жай ғана
дәл өзі
есім

**1** **Диалогтерді тыңдаңыз. Қайталаңыз.**


















**Назар аударыңыз!**



Менің атым (есімім) – ...



Сенің атың (есімің) – ...



Сіздің атыңыз (есіміңіз) –....



Оның аты (есімі) – ...

**2** **Төрт адамнан топ құрыңыз. Үлгі бойынша есімдерін атаңыз.**




**3** **Сәйкес сөзді жазыңыз.**

1. .................. атым – Сания.
2. .................. атың – Сұлтан.
3. .................. атыңыз – Ару.
4. .................. аты – Ерік.

**4** **Мүмкін жауапты таңдаңыз.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1. Қош келдіңіз, сіздің атыңыз Рима болар? | ☐ | ☐ | а. Кателестіңіз, менің атым – ... |
| 2. Сізбен танысуға бола ма? | ☐ | ☐ | ә. Дәл өзі. |
| 3. Таныс болыңыздар, менің қасымдағы – Ару. | ☐ | ☐ | б. Әрине, танысайық. Менің атым – ... |
| 4. Сіздің атыңыз Ұлан ба? | ☐ | ☐ | в. Кешіріңіз, асығып барамын. |

**5** **Төрт адаммен танысыңыз. Танысу үлгілерін қолданыңыз.**

Сәлем, менің атым - Мұрат, сенің атың кім?

Кешіріңіз, сіздің атыңыз Сұлтан ба? ... Танысқаныма қуаныштымын! Ал менің атым – Ару.

Менің есімім – Ұлан. Сізбен танысуға бола ма?

Мені жай ғана Болат деңіз. Ал сіздің атыңыз (есіміңіз) кім?

# ТАНЫСУ

## *Қош келдіңіз!*

құрбы
әріптес
тамаша
жарайды
әрине
көріскенше

**1** **Сурет пен сөздерді сәйкестендіріңіз.**



а



ә

Сау болыңыз! [ ] 1 — 3 [ ] Аты-жөніңіз кім?

Қош келдің! [ ] 2 — 4 [ *б* ] Көріскенше!?

б

в





**2** **Сөздердің мағынасын есте сақтаңыз. Олар қалай амандасады?**



құрбылар



достар



достар



әріптестер

**3** **Кестені оқып, ереже құрастырыңыз.**

| Менің | Сенің |
|---|---|
| атым | атың |
| әжем | әжең |
| құрбым | құрбың |
| досым | досың |
| әріптесім | әріптесің |

| Сіздің | Оның |
|---|---|
| атыңыз | аты |
| әжеңіз | әжесі |
| құрбыңыз | құрбысы |
| досыңыз | досы |
| әріптесіңіз | әріптесі |

**4** **Тәуелдік жалғауын дұрыс қойыңыз.**

**1.** Таныс болыңыздар. Менің құрбы.......... – Ару.
**2.** Сенің ат..........  әдемі екен, танысқаныма қуаныштымын.
**3.** Сәлеметсіз бе, ата, қал.......... қалай?
**4.** Менің ат.......... өте әдемі.
**5.** Сенің есім.......... өте әдемі естіледі.
**6.** Бұл сіздің құрбы.......... ба? Оның ат.......... кім?
**7.** Сіздің ат.......... маған өте ұнайды.
**8.** Сіздің жаңа  әріптес.......... боламын. Танысайық.
**9.** Оның ат.......... Ұлан ба? – Иә. Оның аты – Ұлан.
**10.** Қателестіңіз, менің есім.......... – Айнұр.

**5** **а. Суретке қараңыз, кейіпкерлердің кім екенін айтыңыз.**



**ә. Мәтінді толықтырып оқыңыз.**

*Қалыңыз қалай?* • *Қош келдіңіз!* • *Келіп тұр...*
*Танысқаныма қуаныштымын...* • *Таныс болыңыз*

***Майра:*** Сәлеметсіз бе, әже!  1 ......................................
...................................... !

***Әже:*** Майражан, айналайын, үйде екен ғой.

***Майра:*** Әже, 2 ...................................... ...................................... .
Менің құрбым – Айнұр. Менің әжем – Маржан.

***Айнұр:*** Сәлеметсіз бе, 3 ...................................... ............................
.......... ?

***Әже:*** Жақсымын, қызым, рақмет. Есімің әдемі екен! Атыңды кім қойды?

***Айнұр:***Менің атымды атам қойды.

***Майра:*** Әже, менің  атым да  әдемі ғой!

***Әже:*** Әрине.

***Айнұр:*** Жарайды, мен кетейін.  4 ...................................... ....
....................................,
Әже. Сау болыңыз!...

***Әже:*** 5 ...................................... ......................................, қызым.

***Айнұр:*** Әрине, әже. Көріскенше, Майра.

**6** **Сөйлемдерді айтқан адамды анықтаңыз.**

1. Есімің әдемі екен! Атыңды кім қойды?
2. Менің атымды атам қойды.
3. Менің де атым әдемі ғой!

**7** **Өзіңізді  үлгі бойынша таныстырыңыз.**

Менің  есімім – Сұлтан. Менің есімім әдемі.
Менің атымды анам қойды.

өзгерту
ұнату
келісу
ойлану
атау
тегі
еркелету
заманауи

**1** **Түсіндірмелерді сөздермен сәйкестендіріңіз.**

| | |
|---|---|
| 1. жақсы көру | а. келісу |
| 2. әкесінің аты | ә. ұнату |
| 3. ат қою | б. тегі |
| 4. «иә» деп айту | в. есім беру |

**2** **Мағынасын түсіндіріңіз.**

білдіреді / білдірмейді
өзгертеді / өзгертпейді
болады / болмайды

ұнайды / ұнамайды
келіседі / келіспейді
ойланады / ойланбайды

біледі / білмейді
атайды / атамайды
еркелетеді / еркелетпейді

**Есте сақтаңыз!**

| Сөз соңындағы дыбыстар | Болымсыз мағына |
|---|---|
| а, ы, е, я, и, л, р, у | -ма / -ме |
| ж, з, н, ң | -ба / -бе |
| б, в, г, д, к, қ, п, с, т, ф, х, ч, ш, щ | -па / -пе |

**3** **Сөйлемдерді болымсыз мағынаға өзгертіп айтыңыз.**

1. Ағам мені **еркелетеді**.
2. Маған өз атым **ұнайды**.
3. Мені туыстарым «Ботақан» деп **атайды**.
4. Он алтыға толғанда тегімді **өзгертемін**.
5. Мен сізбен **келісемін**.

**4** **Үлгіні қолданып, сұраққа жауап беріңіз.**
*Өз атың ұнай ма? Сенің атың қандай?*



**5** **Өзіңіз туралы айтып беріңіз. Сызбаны толықтыра отырып сөйлеңіз.**

Таныс болыңыздар. ... есімім – ... .
»
Менің ... өте ұзақ, бірақ ... .
»
... атымды ... қойған.
»
Ол кісіге рақмет айтамын.
»
Үйдегілер мені еркелетіп «...» деп те атайды.
»
?
»
Иә, ... есімім өзіме қатты ұнайды, бірақ тегім .... .
«
Он алты жаста тегімді ... , өйткені ол тым ұзақ.
«
Қайталаймын, тегімді өзгертемін, ал есімімді өзгертпеймін. Өз есімім өзіме ... .
«
Танысқаныма ... ! Ал сізбен жақын танысуға бола ма?

**6** **Көршіңізден жауап алыңыз.**

*1. Аты-жөніңіз кім?*

*2. Сіздің есіміңізді кім қойған?*

*3. Атыңыз өзіңізге ұнай ма? Неліктен?*

*4. Үйдегілер еркелетіп сізді қалай атайды?*

*5. Есімді өзгертуге бола ма?*

*6. Тегіңізді болашақта өзгертесіз бе?*

*7. Қандай заманауи есімдер ұнайды?*



# ТАНЫСУ

## *Жасың нешеде?*

**1** **Сөздердің мағынасын көршіңізге түсіндіріңіз.**
















**2** **Өзіңізді таныстырыңыз. Үлгіні қолданыңыз**

жас
жыл
нешінші
санау
рет
нөмір

– Сенің туған жылың қай жыл?

– Менің туған жылым – **бір мың тоғыз жүз тоқсан бесінші жыл**.

| |
|---|
| 1846 – бір мың сегіз жүз қырық алтыншы жыл |
| 2003 – екі мың үшінші жыл |
| 1961 – бір мың тоғыз жүз алпыс бірінші жыл |
| 2021 – екі мың жиырма бірінші жыл |

– **Нешінші** сыныпта оқисың?

– Мен тоғыз**ыншы** сыныпта оқимын.

Бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші, он тоғызыншы, жиырмасыншы, отызыншы, қырқыншы, елуінші, алпысыншы, жетпісінші, сексенінші, тоқсанынышы, жүзінші т.б.

– Мекенжайың қандай?

– Менің мекенжайым: Нұр -сұлтан қаласы, Ұлы дала көшесі, 29-үй, 81-пәтер.

| | |
|---|---|
| Отызыншы үй | 30-үй |
| Бір жүз алпыс тоғызыншы пәтер | 169-пәтер |

– Сенің жасың нешеде?

– Менің жасым жиырма сегізде.

| | |
|---|---|
| Менің жасым | бірде, екіде, үште, бесте....<br>он алтыда, он жетіде, он сегізде, он тоғызда...<br>жиырмада, отызда, қырық бесте.... |

**3** **Жаттығуды орындаңыз. Көп нүктенің орнына тәуелдік жалғауын қойыңыз.**



Кел, танысайық! Менің есімім – Томирис. Менің жасым он бесте.

Мен 8-сыныпта оқимын. Менің ұлт........ – қазақ. Менің Отан........ – Қазақстан. Мен туған жер......ді сүйемін. Ол солтүстікте орналасқан. Менің мекенжай........: Нұр-Сұлтан қаласы, Ұлы дала көшесі, 23-үй, 81-пәтер. Менің әзірге мамандық... жоқ. Сол себепті жұмыс........ да жоқ. Жалпы, туған жер........ – Бішкек. Менің телефон нөмір........: 87756650961.

**4** **Сауалнамаға жауап жазыңыз.**

1. Аты-жөніңіз кім? ______________________
2. Туған жылыңыз қай жыл? ______________________
3. Сіздің жасыңыз нешеде? ______________________
4. Сіздің ұлтыңыз кім? ______________________
5. Сіздің мамандығыңыз кім? ______________________
6. Сіздің мекенжайыңыз қандай? ______________________
7. Сіздің Отаныңыз қандай жер? ______________________
8. Сүйікті қалаңыз қай қала? ______________________
9. Туған жеріңіз қай жер? ______________________
10. Телефон нөміріңіз қандай? ______________________

**5** **Ереже құрастырып көріңіз.**

Пәтеріңіз **нешеу**? (Үшеу).
**Қанша** пәтеріңіз бар? (**Үш** пәтерім бар).

Көлігіңіз **нешеу**? (Екеу).
**Қанша** көлігіңіз бар? (**Екі** көлігім бар).

**Нешеу?**

біреу, екеу, үшеу, алтау, жетеу.

# ТАНЫСУ

## *Ұқсас есімдер*

Ұқсас
бірдей
қазақша

**1** **Ойланыңыз.**

Гүлмира есімді қызды қалай еркелетіп атауға болады?

- [x] Гүлмаш
- [ ] Макош
- [ ] Мерикош
- [ ] Гүлжан

Мейірхан есіміне ұқсас қандай есімдер бар?

- [ ] Мерхан
- [ ] Сейілхан
- [ ] Олжас
- [ ] Нұржігіт

«Ұқсас» сөзіне қай сөз синоним болады?

- [ ] ойланамын
- [ ] бірдей
- [ ] көңілді
- [ ] келіспеймін

Қай есімдер бірдей басталады?

- [ ] Марал
- [ ] Ақмарал
- [ ] Нұржан
- [ ] Нұржанар

**2** **Мәтіндерді түсініп оқыңыз. Берілген кестені толтырыңыз.**



Менің атым – Әсел. Менің ұлтым – қырғыз. «Әсел» сөзі қырғызша «бал» деген мағынаны білдіреді. Менің атымды әкем қойған. Өз атым өзіме ұнайды. Атымды әдемі деп ойлаймын. Кейде ата-анам еркелетіп «Әселек» деп атайды. Есімімді ешқашан өзгертпеймін.



Менің есімім – Гүлжақан. Екі сөзден тұрады: «гүл» және «жақан». «Жақан» сөзінің мағынасы «ел» деген мағынаны білдіреді. Ата-анам еркелетіп «Жақан» деп атайды. Атымды әпкем қойған екен. Менің атым өзіме ұнамайды. Жасым он алтыға толғанда, атымды өзгертемін.



Менің атымды әкем қойған. Екеуміздің атымыз ұқсас. Атымыздың алғашқы төрт әрпі бірдей. Менің есімім – Жанат, ал әкемнің есімі – Жанасыл. Менің есімімді көбі ұлдың аты деп ойлайды. Бірақ мен оған ренжімеймін.

  

| | Әсел | Гүлжақан | Жанат |
|---|---|---|---|
| ▸ Жанасылдың қызы кім? | ☐ | ☐ | ☑ |
| ▸ Кімнің аты «бал» мағынасын білдіреді? | ☐ | ☐ | ☐ |
| ▸ Кім өз атын ұнатпайды? | ☐ | ☐ | ☐ |
| ▸ Кімнің атындағы алғашқы әріптер әкесімен бірдей? | ☐ | ☐ | ☐ |
| ▸ Кімнің есімінде «ел» мағынасы бар? | ☐ | ☐ | ☐ |
| ▸ Кім өз атын әдемі санайды? | ☐ | ☐ | ☐ |
| ▸ Кім ешқашан есімін өзгертпейді. | ☐ | ☐ | ☐ |
| ▸ Қай есімді ұлға да қояды? | ☐ | ☐ | ☐ |
| ▸ Кімнің атын әпкесі қойған? | ☐ | ☐ | ☐ |

**3** **Таңдау бойынша бір кейіпкердің мәтінін өзгертіп оқып көріңіз.**

***Үлгі:***
*Менің атым – Мишель. Менің ұлтым – ағылшын. Мишель сөзінің мағынасы жоқ. ...*

**4** **Сұрақтарды көршіңізбен бірге талқылаңыз.**

1. Сіздің есіміңізді ұлға қоюға бола ма?
2. Есіміңіз неше әріптен тұрады?
3. Атыңыз қазақша ма?
4. Атыңыздың мағынасы қандай?
5. Қанша жасқа толғанда есімді немесе тексті өзгертуге болады?



ұқсас
бірдей
мән бермеу
қазақша

## 1 Сөзжұмбақты шешіңіз.



мағынасы
өзгерту
келісу
жарайды

құрбы
келісу
көріскенше
есім

**Тігінен:**

1. «Келісу» мағынасындағы сөз.
2. Біреуді танымай қалу.
3. «Ауыстыру» мағынасындағы сөз.
4. Адамның есімі қандай болады?

**Көлденеңінен:**

1. «Ат» сөзінің синонимі.
2. Қоштасу сөзі.
3. «Иә» деп айту.
4. Қыздар досын .... деп атайды.

## 2 Диалогті тыңдап толықтырыңыз.



**3** **Диалог құрастырып жазыңыз. Танысу үлгісін көрсетіңіз.**

.........................................................
.........................................................
.........................................................



.........................................................
.........................................................
.........................................................

.........................................................
.........................................................
.........................................................



.........................................................
.........................................................
.........................................................

**4** **Мәтінді түсініп оқыңыз. «Дұрыс» немесе «қате» ақпаратты белгілеңіз.**



Менің атым – Авлот. Менің ұлтым – өзбек. «Авлот» сөзі өзбекше «ұрпақ» деген мағынаны білдіреді. Менің атымды әкем қойған. Өз атым өзіме ұнайды. Атымды әдемі деп ойлаймын. Кейде ата-анам еркелетіп «Аволам» деп атайды. Есімімді ешқашан өзгертпеймін.

| | дұрыс | қате |
|---|---|---|
| 1) Ұлдың аты – Аволам. | ☑ | ☐ |
| 2) Оның ұлты – қазақ. | ☐ | ☐ |
| 3) «Авлот» сөзінің мағынасы «ұрпақ» деген мағынаны білдіреді. | ☐ | ☐ |
| 4) Авлотқа өзінің аты ұнамайды. | ☐ | ☐ |
| 5) «Есімімді өзгертемін», - деді Авлот. | ☐ | ☐ |

**5** **Жоғарыдағы мәтінді екінші және үшінші жақта өзгертіп айтыңыз.**

***Үлгі:*** Сенің атың – Авлот. ...

**6** **Өзіңіз туралы айтып беріңіз. 4-тапсырмадағы үлгі мәтінді пайдаланыңыз.**



# 2 ТАРАУ

## МЕНІҢ ОТБАСЫМ

2.А Біз тату отбасымыз
2.Ә Қазіргі отбасы қандай?
2.Б Отбасы мүшелерін сипаттайық
2.В Туған күніңмен, ағатай!
2.Г Бәрібір жақсы көремін...
2.Ғ Тарауды қайталау

**Назар аударыңыз!**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Менің** | балам<br>інім<br>қарындасым<br>үлкенім | **Біздің** | балаларымыз<br>інілеріміз<br>қарындастарымыз<br>үлкендеріміз |
| **Сенің** | балаң<br>інің<br>қарындасың<br>үлкенің | **Сендердің** | балаларың<br>інілерің<br>қарындастарың<br>үлкендерің |
| **Сіздің** | балаңыз<br>ініңіз<br>қарындасыңыз<br>үлкеніңіз | **Сіздердің** | балаларыңыз<br>інілеріңіз<br>қарындастарыңыз<br>үлкендеріңіз |
| **Оның** | баласы<br>інісі<br>қарындасы<br>үлкені | **Олардың** | балалары<br>інілері<br>қарындастары<br>үлкендері |

**1** **Суретті зерттеп қараңыз. Үйдегі балалардың үлкені, ортаншысы, кішісі қайсы екенін көрсетіңіз.**

бауыр
жеңге
күйеу
әйел
тату
ортаншы
бірге тұру




**2** **Сурет бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.**

Отбасында қанша бала бар?
Баланың кішісі кім?
Балалардың үлкені ұл ма, қыз ба?
Отбасындағы ортаншы баланың аты кім?

| | Жарас | Айна | Сұлтан |
|---|---|---|---|
| үлкені | ☐ | ☐ | ☐ |
| ортаншысы | ☐ | ☐ | ☐ |
| кішісі | ☐ | ☐ | ☐ |

**3** **Суретке мұқият қараңыз. Сөйлемдерді аяқтаңыз.**

***Қажет сөздер:*** ата-ана, күйеубала, аға, қарындас, жиен, бауырлар, немере

**1.** Айнұр мен Дулат – Ділдәнің _________________.
**2.** Манас – Дулат пен Айнұрдың *күйеубаласы*.
**3.** Ділдә – Манастың _________________.
**4.** Манас – Ділдәнің _________________.
**5.** Ерден мен Мәулен болса, Дулат пен Айнұрдың _________________.
**6.** Сана мен Дария болса, Дулат пен Айнұрдың _________________ .
**7.** Ерден мен Мәулен – _________________.
**8.** Ділдә – үйдің кішісі, демек, ол – Елтайдың _________________.




**4** **Мәтінді тыңдап, толықтырыңыз. 3-тапсырма жауабын тексеріңіз.**

Менің есімім – Ділдә. Дулат пен Айнұр – менің 1_________________. Менің 2_________________ бар. Оның 3_________________ – Елтай. Жеңгемнің аты – Сара. Олардың екі 4_________________ бар: үлкені – Ерден, кішісі – Мәулен. Біз бәріміз 5_________________.

**5** **Өз отбасыңызды сызбаның көмегімен таныстырыңыз.**

**1** **Сұрақтарды көршіңізбен талқылаңыз.**

Қазіргі отбасы қандай?
Қазіргі отбасында қанша баладан бар?
Бұрын отбасы қандай болды?

шағын
үйлену
тұрмыс құру
отбасы мүшесі
немере
шөбере

**2** **Суреттерге қараңыз, салыстырыңыз.**

А



Ә



**3** **Сөйлемдерді оқып, қай отбасы туралы айтылғанын анықтаңыз.**

| | А | Ә |
|---|---|---|
| **1.** Біздің отбасымыз шағын. | √ | |
| **2.** Біздің отбасымыз өте үлкен. Отбасымызда 10 адам бар. | | |
| **3.** Біздің екі қызымыз және бір ұлымыз бар. | | |
| **5.** Біздің немере-шөберелеріміз бар. Біз бәріміз бірге тұрамыз. | | |

**4** **Мәтінді оқыңыз, оның бөліктерін ретімен қойыңыз.**

№___ **А.** Биыл олардың отбасын құрғандарына 36 жыл толды.

№_1_ **Ә.** Менің ата-анам 1985 жылы үйленген. Олар Алматы қаласында таныс**қан**. Ол кезде әкем де, анам да студент бол**ған**.

№___ **Б.** Үйде менен кейін екі бала бар. Інім 1992 жылы дүниеге келген, ал қарындасым 2000 жылы дүниеге кел**ген**.

№___ **В.** Біз бәріміз бірге тату тұрамыз. Менің ойымша, қазақ отбасында ата-аналар  әрқашан балаларымен, немере-шөберелерімен бірге тұрған.

№___ **Г.** Мен үйдің үлкенімін. Мен 1988 жылы дүниеге келгенмін.  2009 жылы үйлендім. Бір қызым бар.

**5** **Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Мәдидің отбасы үлкен бе, әлде шағын ба?
2. Мәди кімдермен бірге тұрады?
3. Мәдидің ойынша, қазақ отбасы қандай?
4. Мәдидің әкесі қай жылы үйленген?
5. Мәдидің үлкені кім?
6. Мәдидің қарындасы тұрмыс құрған ба?
7. Мәдидің ата-анасы отбасын құрғанда шамамен нешеде болған?
8. Мәдидің ата-анасының немересі немесе шөбересі бар ма?

**Назар аударыңыз!**

| Бұрын | Болашақта |
|---|---|
| бол+***ған*** | бол+***а***+***ды*** |
| оқы+***ған*** | оқ+***и***+***ды*** |
| бірге тұр+***ған*** | бірге тұр+***а***+***ды*** |
| көр+***ген*** | көр+***е***+***ді*** |
| бақ+***қан*** | бағ+***а***+***ды*** |
| сыйла+***ған*** | сыйла+***й***+***ды*** |
| үйлен+***ген*** | үйлен+***е***+***ді*** |

**6** **Бұрынғы отбасы мен болашақтағы отбасы туралы айтыңыз. Берілген үлгіні басшылыққа алыңыз.**

**А.** Бұрын отбасы _____________ болған. Отбасы мүшелерінің саны _____________ дейін жеткен.  Бұрын қарт ата-анамен балалары _____________.

**Ә.** Болашақта отбасы _____________ болады. Отбасы мүшелерінің саны _____________ болады. Мүмкін, ата-аналар балаларымен _____________. Менің ойымша, ата-аналар  немере, шөберелерімен ____________.

**1** **Сөздердің мағынасын түсініп алыңыз.**

«Сұлу» сөзінің орнына «**әдемі**» сөзін қолдануға болады.

«Ұзын» сөзіне «**аласа**» сөзі синоним болады.

Бір анадан екі бала дүниеге бірге келсе, оларды «**егіз**» деп атаймыз.

Адамның жақсы немесе жаман әрекетін «**қылық**» дейміз.

Өзі туралы айта беретін адамды «**мақтаншақ**» деп айтамыз.

толық
арық
мұрт
аласа
қылық
мақтаншақ

**2** **Антоним сөздерді табыңыз. Сыңарларды қосыңыз.**


*сұлу*


*күшті*


*әлсіз*


*кәрі*


*ұсқынсыз*


*мұңды*


*көңілді*


*жас*


*ұзын*


*қысқа / аласа*


*(шашы) бұйра*


*(шашы) тіке*

**Назар аударыңыз!**

## *Грамматика*

Мен сұлу+мын, әлсіз+бін, жас+пын.
***-мын/-мін, -бын/-бін, -пын/-пін***

Сен сұлу+сың, әлсіз+сің, жас+сың.
***-сың/-сің***

Сіз сұлу+сыз, әлсіз+сіз, жас+сыз.
***-сыз/-сіз***

Ол сұлу, әлсіз, жас.

**3** **Көп нүктенің орнына тиісті жалғауды қойып айтыңыз.**

| | |
|---|---|
| ***Мен*** | анам сияқтымын.<br>сұлумын.<br>арық_______.<br>көңілді_______.<br>жас_______.<br>мақтаншақ емес_______. |

| | |
|---|---|
| ***Менің*** | шашым бұйра емес.<br>бойы____ ұзын.<br>мінез____ жұмсақ.<br>қылық____ тәтті. |



| | |
|---|---|
| ***Мен*** | әкеме ұқсағанмын.<br>келбетті_______.<br>егіздің сыңары_______.<br>ақылды_______.<br>кішкене толық_______.<br>кәрі емес_______. |

| | |
|---|---|
| ***Менің*** | шашым бұйра.<br>бойы____ аласа.<br>мінез____ кішкене қиын.<br>мұрт____ жоқ. |



**4** **Сұрақтарға жауап беріңіз. Үлгілерді пайдаланыңыз.**

### *Сіз кімге ұқсағансыз?*

***Үлгі:*** *Мен әкеме ұқсағанмын. Менің бойым ұзын, аққұбамын, келбеттімін. Мінезім жұмсақ.*

_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _
_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _
_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _
_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _
_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _
_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _
_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _
_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _
_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _

### *Жаман қасиетіңіз бар ма?*

***Үлгі:*** *Әрине, жаман мінезім бар. Мен ашуланшақпын, қызғаншақпын, кішкене мақтаншақпын. Үйдің кенжесімін ғой, сол себепті аздап еркемін.*

_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _
_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _
_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _
_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _
_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _
_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _
_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _
_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _
_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _

**5** **Отбасы мүшелерінің бірін сипаттап беріңіз. Оның түр-тұлғасы, мінезі қандай?**

бауырмал
қамқор

**1** **Сөз мағынасын суретпен түсіндіріңіз.**

**көңілді**



**бауырмал**



**қамқор**



**тапқыр**



**2** **Жаңылтпашты тез айтып үйреніңіз.**

Жайна: "Мен бауырмалмын", - дейді.
Санжар: "Мен бауырмалмын", - дейді.
Арон: "Мен бауырмалмын", - дейді.
Олардың барлығын "бауырмал бауырлар" дейді.

***

Жайна: "Мен қамқор әпкемін", - деп мақтанады.
Санжар: "Мен тапқырмын, еркемін", - деп шаттанады.
Ал Жайна мен Санжардың ағалары не деп мақтанады?

## *Туған күніңмен, ағатай!*

**3** **Сурет бойынша әңгіме құрастырып айтыңыз. Мәтінге тақырып таңдаңыз.**

Мен бүгін өте көңілдімін, қуаныштымын. Бүгін ағамның туған күні.





Ағатай, туған күнің құтты болсын! Әрқашан, көңілді, бақытты, көрікті бол.

Рақмет! Сен де әрқашан осындай қамқор, бауырмал, ақылды бол.





Мен де ақылдымын, бауырмалмын. Сізді шын жүректен құттықтаймын.

Санжар, сен Жайнадан да ақылдысың. Жайна маған жай ғана: «Құттықтаймын!» – деді. Ал сен: «Шын жүректен құттықтаймын!» – дедің.





Мен Жайнадан да ақылдымын. Ағам мені бәрінен жақсы көреді.

**4** **Мәтіндегі кейіпкерлерге жазбаша мінездеме беріңіз.**

Жайна

____________________
____________________
____________________
____________________

Санжар

____________________
____________________
____________________
____________________

Арон

*Арон – балалардың үлкені. Ол – мейірімді, қамқор, ақылды, бауырмал әрі тапқыр адам.*

**5** **Туысыңызға смс арқылы мақтау сөз жазыңыз. Оның жақсы қасиеттерін атап көрсетіңіз.**

________________________________________
________________________________________
________________________________________

бойжеткен
жігіт
ешқашан
адал
егіз

**1** **Сөйлемдерді оқыңыз. Пікір білдіріңіз.**

А. Үйдің үлкені болған жақсы.
Ә. Үйдің кішісі болған жақсы.
Б. Үйде жалғыз бала болған жақсы.
В. Ата-әженің баласы болған жақсы.

- сенімді емеспін
- келіспеймін
- келісемін
- мүмкін
- мүлде келіспеймін
- толық келісемін

**2** **Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойыңыз.**
**Сұрақ құрастырып, көршіңізден жауап алыңыз.**

Сен үйдің үлкені______ бе?
Сен үйдің кішісі______ бе?
Сен үйде жалғыз бала______ ба?
Сен үйде кімнің баласы______, ата-әженің бе әлде, әке-шешеңнің бе?

**3** **Мәтіндерді оқыңыз. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойыңыз.**

*Айсана*



Менің әпкем өте _________ бойжеткен. Оның шашы _________, ұзын, бойы да ұзын. Оның келбеті ___________________________. Достары оған қызығып қарайды. Университетте ол қандай қыз, мен оны білмеймін. Ал ол - үйде тым _________қыз. Мінезі өте _________. Ол сондай қызғаншақ және _________. Әжем тәттілер әкелсе, ол кәмпитті маған бермейді, өзі жейді. Ол _________ емес.

*Ләззат*



Менің сіңлім өте ерке және ___________. Ата-анам бар тәттіні оған береді. Олар маған: «Сен үйдің үлкенісің, ақылдысың ғой», - дейді. Үйдің кішісі болған қандай жақсы!
Менің сіңлім маған мүлде ұқсамаған. Ол - _________ қыз, ал мен ақпын. Ол ерке, ал мен ерке емеспін. Бір жақсысы, ол көңілді, _________ . Мен оны бәрібір жақсы көремін. Мен оның _________ әпкесімін.

**4** **Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.**

- Апалы-сіңлілердің мінездері ұқсас па?
- Кім өзін «қамқор адам» деп санайды?
- Кімнің мінезі қиын?
- Қыздардың ата-анасы тәттілерді алдымен кімге береді?
- Кімді қызғаншақ деп айтуға болады?
- Әжесінің қызы кім? Ләззат па, әлде Айсана ма?
- Үйдің үлкені кім?
- Кімді «бойжеткен» деп атай аламыз? Неге?
- Кімнің шашы бұйра әрі ұзын?
- Айсананың айтуынша, Ләззат бауырмал емес, сіз оған келісесіз бе? Неге?
- Кім өзін «ерке емеспін» дейді?
- Ешқашан өтірік айтпайтын адамды басқаша қалай айтуға болады?

**5** **Өз бауырыңыз туралы айтыңыз. Берілген сөздерді қолданыңыз.**

Ешқашан • әрқашан • әлі • жігіт • бойжеткен • қиын • қамқор • адал • көңілді • ашушаң мақтаншақ • бауырмал • қонақжай • тату • аласа бойлы • ұзын бойлы • орта бойлы.

**6** **Қазіргі заманға сай нақыл сөз құрастырып көріңіз. Көршіңізбен бөлісіп, оның пікірін біліңіз.**

**А**

***Үлгі:*** 1. *Жомарт* болма, бай болмайсың.
2. ________________ болма, біреуге жем боласың.
3. ________________ болма, өзіңе уақыт қалмайды.
4. ________________ болма, өзіңе бәрібір қайтып келмейді.
5. ________________ болма, тезірек қарт атанасың.
6. ________________ болма, құлар алдап кетеді.

*Жем болу - пайда таппау, ештеңесіз қалу.*

**Ә**

***Үлгі:*** 1. *Бауырмал* бол, туысқаның көп болады.
2. ________________ бол, достарыңа сыйлы боласың.
3. ________________ бол, құрдастардан алда боласың.
4. ________________ бол, сені қорқақ демесін.
5. ________________ бол, ата-анаң алғыс айтсын.
6. ________________ бол, ерке демесін.

*"Қу" сөзі адамға қатысты айтылады. Синоним ретінде "айлакер" сөзі қолданылады.*

**1** **Сөздердің антонимін табыңыз.**

аласа ___________ мұңды ___________ мейірімді ___________

толық ___________ әлсіз ___________

**2** **Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойыңыз.**
**Кей жерге қосымша қойылмайтынын ескеріңіз.**

1. Мен қонақжай*мын*___.
2. Сіз өте сұлу_______.
3. Мен тым жай______.
4. Ол өте әдемі __*Х*___ жігіт.
5. Сен мақтаншақ емес_______.
6. Сіз неге сонша мақтаншақ_______.
7. Мен қазір толық______, танымайтын боларсың.
8. Ол көңілді_______ жігіт.
9. Мен егіздің бірі ______.
10. Сен әлі жас_______, кәрі емес_______.

**3** **Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойыңыз.**

Мынау менің бауыр____ – Қанат. Мен оны 10 жыл бұрын көрдім. Ол менің әлсіз бөпе____ еді. Қазір көріп, танымай қалдым. «Бой____ қалай өсіп кеткен!» деп, мен оған таңғалып жатырмын. Әжем де оған: «Алтын_____, сүйкімді____, келбетті____, арыстан____», – деп, бар жақсы сөздерін арнап жатыр. Менің іні____ аздап мақтаншақ екен. Ал сіздің бауыр____ бар ма, ол қандай?




**4** **Бос орынды қажетті сөздермен толықтырыңыз. Өзіңізді сипаттаңыз.**

Мен әрқашан________________. Үнемі күліп жүремін. Ешқашан ешкімге ренжімеймін. Өзімді ________________, ________________, ________________ деп санаймын. Сондай-ақ өзімді ________________, ________________, ________________ деп айта алмаймын. Мен ________________, ________________, ________________, ________________ адамдарды ұнатпаймын. Мұндай ________________ адамдармен ешқашан дос болмаймын.

**5** **Айсәуленің түр-тұлғасын сипаттап жазыңыз.**




**6** **Сөйлемдерді оқыңыз. «Ол қандай?» сұрағына жауап болатын сөзді табыңыз.**

1. Менің інім  қолындағы тәттілерін ешқашан маған бермейді. ______________________________.
2. Қарындасым бір кәмпиттің өзін екіге бөледі де, жартысын маған береді. ______________________________.
3. Әпкем үнемі анама дастарқан жасауға, оны жинауға көмектеседі. ______________________________.
4. Әкем бізге ешқашан дауыс көтермеді. ______________________________.
5. Ағамның бойы ұзын емес. Ол менің анама ұқсаған. ______________________________.
6. Мен болашақта да ата-анаммен бірге тұрамын. ______________________________.
7. Мына егіздер әрқашан тату, төбелеспейді. ______________________________.
8. Мен, расында, әдемімін. ______________________________.
9. Ол ешқашан асықпайды. ______________________________.

**7** **Сөздердің мағынасын түсіндіріңіз.**

| | |
|---|---|
| қызғаншақ | *Жеке затын ешкімге бермейтін адам.* |
| көңілді | ______________________________ |
| ақылды | ______________________________ |
| адал | ______________________________ |
| ұзын (бойлы) | ______________________________ |
| аласа | ______________________________ |
| мейірімді | ______________________________ |
| жомарт | ______________________________ |



# 3 ТАРАУ

## БАЛА КЕЗ


3.А Бала кездегі суреттер
3.Ә Менің фотоальбомым
3.Б Досымды сағынамын
3.В Бала кездегі ойындар
3.Г Ең үлкен жеңіс
3.Ғ Тарауды қайталау

# БАЛА КЕЗ

## *Бала кездегі суреттер*

күлкілі
ашулы
сүйкімді
нәресте
қуыршақ
сондай
шамамен

**1** **Суретке сәйкес сөзді жазыңыз.**

көңілді | ~~күлкілі~~ | мұңды | ашулы | сүйкімді


______________


*күлкілі*


______________


*сүйкімді*


______________

**2** **Сөз тіркесін құрастырыңыз.**

| | | |
|---|---|---|
| күлкілі → *бала* → ........ | көңілді → ........ → ........ | мұңды → ........ → ........ |
| ашулы → ........ → ........ | әдемі → ........ → ........ | сүйкімді → ........ → ........ |
| бауырмал → ........ → ........ | күшті → ........ → ........ | жас → ........ → ........ |

**3** **Сурет пен сөзді сәйкестендіріңіз.**






көңілді | мұңды | ашулы | сүйкімді

**4** **Тыңдаңыз және қайталаңыз. Бос орынды толықтырыңыз.**

Мына суретте ол 1 .............................. Қандай тәтті кез!

Мына суретте ол өте 2 ............................... Біреу оған сыйлық берген сияқты.

Мынаған қараңыз, мына суретте ол тым 3 .............................. Кім ренжітті екен?

Бұл суретте де ол 4 .............................., тым 5 .............................. Көзіне қараңызшы!

Иә, ал мына суретте ол шын 6 .............................. Оның қасында анасы бар.

**5** **Мәтінді толықтырып оқыңыз. Қажетті ақпаратты суреттерден алыңыз.**




Мынау - оның бала кездегі суретттері. Бірінші суретте ол - шамамен бес айлық нәресте. Ол бұл суретте сондай .............................. Екінші суретте ол шамамен үш немесе төрт жаста. Бұл суретте ол .............................. Ал үшінші суретте ол ..............................













**6** **Досыңыздың бала кездегі суреттерін сұрап алыңыз. Ол туралы айтып беріңіз.**

***Үлгі:***
*Мынау менің досым – Ақан. Ол мына суретте 4 жаста. Ол өте сүйкімді бала...*

# БАЛА КЕЗ

## *Менің фотоальбомым*

еске
жаңа
жеке
бақытты
мынау / бұл

### 1 Суретке сәйкес сөз тіркестерін атаңыз.



*ескі сурет*

*жеке сурет*

*топ суреті*

*жаңа сурет*

*түрлі-түсті сурет*



### 2 Сұрақтарға жауап беріңіз.

Сіздің жеке альбомыңыз бар ма?
Альбомдағы суреттер ескі ме, әлде жаңа ма?
Альбомда шамамен қанша сурет бар?

### 3 Мәтінді оқыңыз. Әр абзацтың суреттерін табыңыз.

1 Мынау - менің бала кезім. Бұл суретте мен кішкентаймын. Қасымда бауырым бар. Қарашы, қандай ашулымын.

2 Мына суретте мен 1-сыныпта оқып жүрмін. Өте әдемімін.

3 Мынау да менмін. Бұл суретте мен сүйкімдімін. Шамамен екі жастамын. Тек, арықпын.

4 Мына суретте мен тәп-тәттімін. Кішкентай нәрестемін. Бұл - ең бақытты кез.

а


ә


б


в


**4** **Сұраққа жауап беріңіз, абзац нөмірін белгілеңіз.**

Ренжіген қыз суреті қай абзацта берілген? _____
Жаңа туған бала туралы қай абзацта берілген? _____
Мектеп кезіндегі сурет туралы қай абзацта айтылған? _____

**5** **Мәтінді қайталап оқыңыз. Ішінен *-мын/-мін, -бын/-бін, -пын/-пін* қосымшасы бар сөздерді теріп жазыңыз.**

| *-мын/-мін* | *-бын/-бін* | *-пын/-пін* |
|---|---|---|
| | | |

**Еске сақтаңыз!**

| | | |
|---|---|---|
| Мен | *-мын/-мін*<br>*-бын/-бін*<br>*-пын/-пін* | оқушымын, інімін, маманмын<br>қызбын, әлсізбін<br>доспын, жігітпін |
| Сен | *-сың/-сің* | оқушысың, інісің, мамансың<br>қызсың, әлсізсің |
| Сіз | *-сыз/-сіз* | оқушысыз, інісіз, мамансыз<br>қызсыз, әлсізсіз |
| Ол | - | оқушы, іні, маман<br>қыз, әлсіз |

**6** **Сөздерге сәйкес қосымшаны табыңыз.**

1. Мен сұлу........
2. Сіз қамқор адам...
3. Сен тым ерке...
4. Ол жақсы адам...

а ...сыз
ә ә. ...
б ...мын
в ...сің

**7** **Мәтінді қайталап оқыңыз. «Мен» сөзінің орнына «сен», «сіз» және «ол» сөздерін қойып, өзгертіп оқыңыз.**

# БАЛА КЕЗ

## Досымды сағынамын

құрдас
көрші
үнемі
бір-біріне

**1** **Сұрақтарды көршіңізбен талқылаңыз.**

Сіздің досыңыз бар ма? Ол қайда тұрады?
Досыңызды қашан көрдіңіз?
Досыңыз қандай адам?

**Назар аударыңыз!**

| Біз | *-мыз/-міз*<br>*-быз/-біз*<br>*-пыз/-піз* | оқушымыз, ініміз<br>маманбыз, әлсізбіз<br>доспыз, жігітпіз |
|---|---|---|
| Олар | – | оқушылар, інілер<br>мамандар, әлсіздер<br>достар, жігіттер |

**2** **Ережені қолданып, қосымшаны жалғаңыз.**

1. Біз дос........ 2. Біз құрдас........ 3. Біз мына суретте оқушы........ 4. Бұл суретте біз бақытты........ 5. Біз тым ерке........ 6. Біз бір-бірімізге қамқор........ 7. Біз ең жақсы адам........ 8. Біз қазір білімді маман........ және әріптес........

**3** **Көп нүктенің орнына қажетті қосымшаларды қойыңыз. Кей жағдайда қосымша жалғанбайтынын ескеріңіз.**

1. Мен адал дос........ 2. Менің досым тым арық......., әлсіз........ 3. Сен де ерке........ 4. Біз өте қамқор бауыр........ 5. Сіз өте ақылды........ Біз көңілді....... әрі әрқашан тату........ 5. Мен бақытты бала........ 6. Сен өте мейірімді........ 7. Менің досым келбетті........ 8. Біздің досымыз білімді........ 9. Сіздің бауырыңыз тым күшті........ 10. Біз көңілді топ........ 11. Сенің досың әлі оқушы........ ма? 12.Олар бала кезден дос па? Қандай көңілді........ балалар! 13. Досым сияқты мен де ұзын......., тез......., күшті........

**Көрші**
Қатар тұрған екі үйде тұратын адамдар, балалар бір-біріне көрші болады.

**Құрдастар**
Марат та, Самат та бес жаста. Олар – құрдастар.

**4** **Мәтінді оқып, жақшаны ашыңыз.**

Мына суретте менің қасымда көршім Олжас тұр. Біз жай көрші емеспіз, біз ( доспыз/досмыз). Біз өте (көңілдібіз/көңілдіміз). Бұл суретте біз 5-сынып (оқушысыпыз/оқушысымыз). Қараңызшы, қандай (сүйкімдіміз/сүйкімдібіз). Біз сондай (бақыттыбыз/бақыттымыз). Ал мына суретте біз (он жетідебіз/ он жетідеміз), (студентміз/студентпіз). Қараңызшы, біз сондай (күлкіліміз/күлкіліпіз). Екеуміз де (қап-қарапыз/ қап-қарамыз). Екеуміз ғана ауылдан келген (балапыз/баламыз). Мен досымды сағынамын. Сіз ше?






**5** **Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.**

Олжас пен Дархан бір-біріне кім?
Бірінші суретте ұлдардың жасы шамамен нешеде?
Екінші суретте Дархан оқушы ма, әлде студент пе?
Дархан Болаттан үлкен бе?
Қай сурет ескі деп ойлайсыз?
Қай суретте Олжас пен Дархан сүйкімді?




**6** **Өз досыңыз туралы өлең құрастырып айтыңыз.**

Менің досым ......................,
Жадыратар өмірді.
Менің досым ......................,
Бағалаймын жақұтты.

Мінезі де ......................,
Келбеті де ......................
...................... да ......................,
Доспен өмір ......................

**Қажет сөздер:**

***бақытты***
***мейірімді***
***көңілді***
***адал***
***жомарт***
***көрікті***
***керемет***
***тамаша***

**7** **Сөйлемдерді оқыңыз. Сөйлемдердің «дұрыс» немесе «қате» екенін айтыңыз.**

| | дұрыс | қате |
|---|---|---|
| 1. Сенің досың 14 жаста. Сен 18 жастасың. Сендер құрдассыңдар. | | |
| 2. Егіз балалар бір-біріне құрдас болады. | | |
| 3. Жомарт адам – мейірімді адам. | | |
| 4. Көмек бермейтін адамды нағыз дос дейміз. | | |

# БАЛА КЕЗ

## *Бала кездегі ойындар*

таяқ
мұрт
сақал
қонақ
шақыру
туған күн
тойлау
шар үру
майшам
жағу

**1** **Көп нүктенің орнына қажет әріпті қойыңыз. Суретін табыңыз.**

| | | |
|---|---|---|
| 1-__. д...п | 2-__. қуырш...қ | 3-__. ш...р |
| 4-__. ...шақ | 5-__. мылт...қ | 6-__. ...ю |

**2** **Сұрақтарға жауап беріңіз. Суретті және үлгі сөйлемдерді қолданып сөйлеңіз.**

- Бала кезде қандай ойын ойнадыңыз?
- Сүйікті ойыншығыңыз қандай ойыншық болды?
- Ойыншықты сізге кім сыйлады?

*Бала кезде мен үнемі футбол ойнадым.*
*Бала кезде мен үнемі полиция* ***болып ойнадым.***

Менің сүйікті ойыншығым .................. болды.
Менің жақсы көретін ойыншығым .................. болды.

Ойыншықты маған .................. сатып әперді.
Ойыншықты маған .................. сыйлады.




**3** **Сурет пен сөздерді қосыңыз.**







1 -___ шар үру
2 -___ мұрт/сақал тағу
3 -___ тойлау
4 -___ майшамды үру









5 -___ майшам жағу

6 -___ таяқ




**4** **Диалогті оқыңыз. Ойланып, көп нүктенің орнына қажет сөзді қойыңыз.**

**Назар аударыңыз!**

*Грамматика*

(кеше/бұрын)
ойна+ды+м
бар+ды+м
кел+ді+м
айт+ты+м
күт+ті+м

**Бауыржан:** Сұлушаш, сен бала кезде кім болып ойнадың?

**Сұлушаш:** Мен үнемі ................. болып ойнадым. Менде стетоскоп болды. Ал сен ше?

**Бауыржан:** Мен үнемі ................. болып ойнадым. Ағай болу үшін мұрт, сақал тақтым. Әкем маған ойыншық мылтық пен тапанша сатып әперді.

**Жадыра:** Ал менің Әсия деген досым болды. Біз ................. болып ойнадық. Ол ата болды. Мен әже болдым. Менің таяғым болды. Екеуміз немерелерге бардық. Менің інім мен сіңлім бізге немере болды. Немерелер қонақ шақырды. Кейде туған күн тойладық. Туған күнде шар үрдік. Майшам жақтық. Біз әрқашан қуанышты, көңілді болдық.

**5** **Мәтіндерді сөздермен толықтырыңыз. Әр нұсқаға екі сөйлем қосыңыз.**

**А)** Менің досым бар. Оның аты – (кім?) .................. Біз екеуміз үнемі бірге ойнадық. Біз үнемі (қандай ойын?) ................. ойнадық. Біздің ойынымыз (қандай?) ................., ................. болды. Біз өте (қандай?) ................., ................., ................. болдық. Біз әлі (кімбіз?) ................., бірге жұмыс істейміз, бір қалада тұрамыз. ____________________________________________
______________________________________________________________

**Ә)** Бала кезде менің сүйікті ойыншығым (не?) ................. болды. Оны маған (кім?) ................. сатып әперді. Менің ойыншығым (қандай?) ................., ................., ................., ................. болды. Мен бұл ойыншықпен шамамен (неше? қанша?) ................. жаста ойнадым. Бала кез - адамның ең (қандай?) ................., ................., ................. уақыты. ____________________________________
____________________________________________________________.

# БАЛА КЕЗ
## Ең үлкен жеңіс

жеңіс
сахна
байқау
жеңімпаз
биші
тар

**1** **А) Диалогті оқыңыз. Онда кімдер сөйлесіп жатқанын айтыңыз.**

– Балалар, **сендер бишісіңдер ғой**, солай ма?
– Иә, **біз** осы байқауға келген ең **жас бишілерміз**.
– Қалай ойлайсыңдар, жеңіс кімдікі болады?
– Әрине, жеңіс біздікі болады.
– **Сендер**, расында да, **батылсыңдар**, өте **әдемісіңдер**. Сәттілік тілейміз.
– Рақмет, **сіздер** де өте **сұлусыздар**. Сіздер де жақсы билеп шығыңыздар.

**Ә) Қарамен берілген сөздерге назар аударыңыз.** *-сыңдар/-сіңдер/-сыздар/-сіздер* **қосымшалары қай кезде таңдалатынын айтыңыз.**

**Назар аударыңыз!**

| | | |
|---|---|---|
| Біз | *-мыз/-міз*<br>*-быз/-біз*<br>*-пыз/-піз* | оқушымыз, ініміз<br>маманбыз, әлсізбіз<br>доспыз, жігітпіз |
| Сендер | *-сыңдар/-сіңдер* | оқушысыңдар, інісіңдер<br>мамансыңдар, әлсізсіңдер<br>доссыңдар, жігітсіңдер |
| Сіздер | *-сыздар/-сіздер* | оқушысыздар, інісіздер<br>мамансыздар, әлсізсіздер<br>доссыздар, жігітсіздер |
| Олар | – | оқушылар, інілер<br>мамандар, әлсіздер<br>достар, жігіттер |

**2** **Тиісті қосымшаны таңдаңыз. Бір қосымша артық.**

1. Біз биші........ 2. Сендер жеңімпаз........ 3. Сіздер тамаша топ........ 4. Олар оқушы

а *-сыңдар* ә ... б *-сыздар* в *-міз* г *-мін*

**3** **Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойыңыз.**






### *Байқау суреттері*

«Сендер ең ақылды, ең сұлу, ең батыл биші........... Ешкімге қарамаңдар, орын тар деп ойламаңдар. Сендер мықты қыз........... ғой!» - деп апай бізді сахнаға алып шықты. Осы кезде біреу түрлі-түсті шамдарды жақты. Біздің музыка........... басталды. Біз жақсы биледік. Біздің би залға ұнады, олар өте көңілді отырды.

Биден соң «Балалар, сендер, расында да, керемет...........! Сендер бірінші орында...........!» - деп бізге біреулер айқайлады. Жан-жақтан «Біз жеңімпаз...........», «Сендер тамаша биші...........», «Сендер өте әдемі...........», «Сендер қандай батыл...........», «Сендер ең ақылды балалар...........», «Кішкентай жұлдыз...........» деген дауыстар шықты. Біз бірінші орын алдық. Сондықтан біз өте қуанышты..........., бақытты..........., көңілді........... Бұл байқау Нұр-Сұлтан қаласында өтті. Мына суреттерге бес жыл болды. Бұл бала кездегі ең үлкен жеңіс болды.

**4** **Өз жеңісіңіз туралы айтып беріңіз. Берілген сөздерді қолданыңыз.**

***Қажетті сөздер: жеңіс, сахна, байқау, жеңімпаз, тойлау, бақытты.***

**5** **Мәтінді қайта оқып, кестені толтырыңыз. Есімдікке сай қосымша жалғаңыз.**

| | **Қандай?** | **Кім?** |
|---|---|---|
| Біз | ақылды..........., сұлу..........., батыл..........., мықты..........., көңілді........... | биші........... |
| Сендер | | |
| Сіздер | | |
| Олар | | |

**1** **Егіздер қандай? Сипаттама сөздерді жазыңыз.**

________________ ________________ ________________
________________ ________________ ________________
________________ ________________ ________________
________________ ________________ ________________

**2** **«*Мен*», «*сен*», «*сіз*», «*ол*», «*біз*», «*сендер*», «*сіздер*», «*олар*» сөздерін бос орындарға қойыңыз.**

.......................... нәрестеміз, .......................... бақыттысыңдар, .......................... күшті,
.......................... жеңімпазсыздар, .......................... құрдаспын, .......................... ақылдысыз,
.......................... көршісің, .......................... еркемін, .......................... достар.

**3** **Мәтінді оқып, суретпен сәйкестендіріңіз.**




**А-___.** Біздер егіздерміз. Бір әрқашан біргеміз, татумыз. Мына суретте біз дәрігерміз. Қараңызшы, біз қандай сүйкімдіміз. Қолымызда текше бар. Бұл дұрыс емес. Бізге стетоскоп керек қой.




**Ә-___.** Ал мына суретте біз боксшымыз. Біз ең жас боксшымыз. Бокспен біз ерте бастадық. Қараңыздар, біз қандай күштіміз, мықтымыз. Қане, інім, Әлихан ағаңа қарашы!




**Б-___.** Мына бір суретте біз моншадамыз. Монша өте ыстық. Біз бәрібір көңілдіміз, бақыттымыз. Аңсарда қалпақ бар. Менде неге жоқ? Бұл дұрыс емес. Менде де қалпақ болу керек.




**В-___.** Мына суретте біз бір жастамыз. Үлкен жігітпіз. Туған күнді тойлауға келген қонақтар қайда? Суретте тек екеуміз отырмыз.

**4** **Жұп болып диктант жазыңыз.**

**А оқушы**

Біз егіздерміз,
__________, көңілдіміз.
Біз егіздерміз,
Көркейтеміз өмірді біз.
Біз құрдаспыз,
Мәңгі бірге __________.
Біз жеңімпазбыз,
Болашақ __________.

**Ә оқушы**

Біз __________,
Бақыттымыз, көңілдіміз.
Біз егіздерміз,
Көркейтеміз өмірді біз.
Біз __________,
Мәңгі бірге жолдаспыз.
Біз __________,
Болашақ өнерпазбыз.

**5** **Егіздер туралы жазыңыз.**

**Назар аударыңыз!**

*Өнерпаз – өнерлі адам.*

***Үлгі:***
*Мен егіздер туралы жақсы білемін. Олар өте көңілді, қамқор, мейірімді болады. Олар әрқашан тату болады. Егіздер өте талантты болады.*


текше


қалпақ



# 4
# ТАРАУ

## МЕНІҢ ҮЙІМ


4.А Менің үйім
4.Ә Үйдегі заттар
4.Б Бөлмені жинайық!
4.В Үй шаруасы
4.Г Үйдің жоспары
4.Ғ Тарауды қайталау

**1** Суретке қараңыз. Жаңа сөздермен танысыңыз.




шатыр
есік
терезе
баспалдақ
бақ

**2** Шатасқан әріптерді орнына қойыңыз.

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1. резете | *терезе* | 5. даклабсап | ___________ |
| 2. қаб | ___________ | 6. ындықор | ___________ |
| 3. ыршат | ___________ | 7. шабақ | ___________ |
| 4. кісе | ___________ | 8. қысым | ___________ |

**3** Сөйлемдерді суретпен салыстырыңыз. «Дұрыс», «қате» ақпаратты анықтаңыз.

| | дұрыс | қате |
|---|---|---|
| 1. **Екінші қабатта** үш терезе бар. | ☑ | ☐ |
| 2. **Шатырда** бір кіші терезе бар. | ☐ | ☐ |
| 3. Бақша **үйдің артында** тұр. | ☐ | ☐ |
| 4. Есік **терезенің қасында** тұр. | ☐ | ☐ |
| 5. Орындық **үйдің жанында** тұр. | ☐ | ☐ |
| 6. **Бірінші қабатта** екі терезе бар. | ☐ | ☐ |
| 7. Ит **үйдің алдында** жүр. | ☐ | ☐ |
| 8. Мысық **орындықтың қасында** отыр. | ☐ | ☐ |
| 9. Қияр мен қызанақ **бақшада** өсіп тұр. | ☐ | ☐ |
| 10. **Итте** бау бар. | ☐ | ☐ |

**Назар аударыңыз!**


Ағаш үйдің артында тұр.


Ағаш үйдің алдында тұр.


Ағаш үйдің айналасында тұр.


Ағаш үйдің жанында тұр.

**4** **3-тапсырмадағы қарамен берілген сөздерді оқыңыз. Сөздерге қандай сұрақ қоюға болады? Кестені толтырыңыз.**

| Кімде? | Неде? | Қайда? |
|---|---|---|
| | | екінші қабатта |

**5** **Сөздерге *-да, -де, -та, -те, -нда, -нде* қосымшасының бірін жалғаңыз.**

ауыл___
қақпа___
шатыр___
баспалдақ___
терезе___
бақша___
гараждың іші___
орындық___
үйдің қасы___

**Назар аударыңыз!**

| | | |
|---|---|---|
| Кімде?<br>Неде?<br>Қайда? | *-та/-те* | Марат**та**<br>Әсет**те**<br>қабат**та**<br>есік**те** |
| | *-да/-де* | Айназ**да**<br>Жанел**де**<br>ауыл**да**<br>үй**де** |
| | *-нда/-нде* | үйдің алдын**да**<br>үйдің терезесін**де** |

**6** **Мәтінді тыңдаңыз. Үйдің айналасында не бар? Суретін салыңыз.**

**7** **Суретіңізді сипаттап айтыңыз. Көршіңіздің суреті мен өз суретіңізді салыстырыңыз. Мәтінді қайта тыңдап, тексеріңіз.**

**8** **Өз үйіңіз туралы айтып беріңіз.**

1. Неше қабатты үйде тұрасыз?
2. Үйіңіздің айналасында нелер бар?

# МЕНІҢ ҮЙІМ

## *Үйдегі заттар*

**1** **Заттармен танысыңыз. Олар қай бөлмеде тұруы керек? Орналастырыңыз.**

тоңазытқыш
кітап сөресі
шелек
жастық
кереует
шаңсорғыш
кілем
қол орамал
көрпе














үстел


орындық


кітап сөресі


тоңазытқыш


шелек


кілем


жастық


көрпе


қол орамал


шаңсорғыш


кереует


теледидар


шам


сусабын


пеш

**2** **Заттарды қайда қойдыңыз? Айтып беріңіз.**

***Үлгі:*** *Тоңазытқыш ас үйде тұр.*
*Кітап сөресі жатын бөлмеде тұр.*

**3** **Ойланыңыз. Өз ойыңызды айтыңыз.**

- Әдетте теледидарды қайда қояды?

- Әдетте теледидар жатын бөлмеде тұрады.

- Әдетте шаңсорғышты қайда қояды?

- Әдетте шаңсорғыш жатын бөлмеде тұрады.

**4** **А) Суретке қараңыз. Мәтіннің мазмұнын болжаңыз.**



**Ә) Мәтінді оқыңыз. Мәтін бойынша сұрақтар құрастырыңыз. Көршіңізден жауап алыңыз.**

Алло... Заттарды әкелді. Кітап сөресі, кереует, аяқты шам жатын бөлмеде тұр. Жастықты, көрпені де сонда апардым. Қонақ бөлмеде үлкен үстел мен орындықтар тұр. Теледидарды да сонда қойдым. Айнаны, кір машинасын жуынатын бөлмеге қойдым. Тоңазытқыш ас үйде тұр. Айтпақшы, мына шелекті, бөшкені қайда қою керек? Олар ас үйде тұра ма, әлде жуынатын бөлмеде тұра ма?

**Назар аударыңыз!**

| | | |
|---|---|---|
| Кімді? Нені? | *-ны/-ні* | бала**ны**<br>әже**ні**<br>көрпе**ні**<br>кесе**ні** |
| | *-ты/-ті* | Самат**ты**<br>Есет**ті**<br>тоңазытқыш**ты**<br>пеш**ті** |
| | *-ды/-ді* | Самал**ды**<br>Кемел**ді**<br>шам**ды**<br>еден**ді** |
| | *-н* | кітап сөресі**н**<br>жазу үстелі**н**<br>оның баласы**н** |

**5** **Мәтіннен *кімді? нені?* сұрақтарына жауап беретін сөздерді табыңыз. Қосымшаның мәнін түсіндіріңіз.**

# Бөлмені жинайық!

кілт
қолшатыр
қорап
сөмке
тарақ
көзәйнек

**1** **Сөздер мен суреттерді сәйкестендіріңіз.**

А) кілт Ә) қорап Б) тіс щеткасы В) сөмке

1- *Б*

2-__

3-__

4-__


5-__

6-__

7-__

8-__


Г) көзәйнек Ғ) қолшатыр Д) тарақ Е) доп

**2** **Суреттерді қолданып, сұрақ құрастырыңыз. Сұрақтарға өзіңіз жауап беріңіз.**

***Үлгі:*** – Тіс щеткасының орны қайда? – Тіс щеткасының орны қорапта.
– Көзәйнектің орны қайда? – ...

**3** **Сөйлемдерді оқыңыз. Қарамен берілген сөздерге қойылатын сұрақты анықтаңыз.**

1 *Кімді?*
2 *Нені?*
3 *Қайда?*
4 *Кімде?*
5 *Неде?*
6 *Кімнің?*
7 *Ненің?*

1. 7 **Кілттің** түсі сары ма? 2. __ **Тарақтың** айнасы бар ма? 3. __ **Қолшатырдың** орны қайда? 4. __ **Көзәйнектің** қабы жоқ. 5. __ **Доптың** түсі сары, қасында кішкене қорап жатыр. 6. __ **Досымның** бөлмесі жарық. 7. __ **Үйдің** кілті жоқ, қайда? 8. Кілт __ **үстелде** жатыр. 9.Менің __ **әкемде** көлік бар. 10. __ **Қолшатырды** таптым.

**Назар аударыңыз!**

## *Грамматика*

| | | |
|---|---|---|
| **Кімнің?** **Ненің?** | *-ның/-нің* | Алуаның, Әскеннің, айнаның, сөмкенің |
| | *-тың/-тің* | Мараттың, Сәбиттің, жастықтың, кілттің |
| | *-дың/-дің* | Қамардың, Кемелдің, қағаздың, үстелдің |

**4** **Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны (*-ның/-нің, -дың/-дің, -тың/-тің*) қойыңыз.**

1. Бөлме*нің* іші шашылып жатыр. 2. Еден....... түсі қоңыр. 3. Жастық....... орны кереуетте болу керек. 4. Аяқ киімді қорап....... ішіне салу керек. 5. Кілт....... бауы үстелде жатыр. 6. Гүл терезе....... алдында тұруы керек. 7. Мынау шаңсорғыш....... орны емес пе? 8. Анау Айназ....... суреті ме?

**5** **Суретті зерттеп қараңыз. Әр заттың орнын табыңыз. Үлгіні қолданып сөйлеңіз.**

***Үлгі:*** *Жастық кереуеттің үстінде болу керек.*



**6** **Өз бөлмеңізді сипаттап беріңіз. Заттарыңыз қай жерде тұрғанын айтыңыз.**

***Үлгі:*** *Менің бөлмем жарық әрі таза. Бөлмеде шкаф бар. Оның ішінде менің киімдерім және кілт, қолшатыр, көзәйнек, сөмке сияқты жеке заттарым бар...*

**1** **Суреттермен танысыңыз. Сурет бойынша сөйлем құраңыз.**

***Үлгі:*** *Қыз ыдыс жуып жатыр. Бала төсек салып жатыр.*


ыдыс жуу


төсек салу


төсек жинау


есікті кілттеу


кілем төсеу


терезені ашу


ағаш отырғызу


шаң сүрту


шаң сору


ауланы сыпыру


қоқыс төгу


бақшаны суару

есікті кілттеу
шаң сүрту
кілем төсеу
бақшаны суару
қоқыс төгу
төсек жинау
ауланы сыпыру

**2** **Сызбаларды салыстырыңыз. Қандай айырмашылық бар, түсіндіріңіз.**

Мен күн сайын → төсек салып / еден жуып / ыдыс жуып / тамақ пісіріп / шаң сүртіп → жүрмін.

Мен қазір → төсек салып / еден жуып / ыдыс жуып / тамақ пісіріп / шаң сүртіп → жүрмін/ жатырмын.

**Назар аударыңыз!**

**Осы шақ**



Іс-әрекет қазір болып жатыр.
*Мысалы:* Болат есікті кілттеп жатыр.

қимыл мағыналы **сөз** + (***-ып/-іп/-п***)

жатыр | отыр | жүр | тұр

**3** **Көп нүктенің орнына *-ып/-іп/-п* қосымшаларының біреуін қойыңыз.**

1. Қазір сағат жеті болды, мен әлі төсек жина*п.* жатырмын. 2. Сен айнаны сүрт... жатырсың ба? 3. Әжем гүлді суар... жатыр. 4. Менің ата-анам жұмысқа кет... бара жатыр. 5. Ағам екеуміз кілем тазала... жатырмыз. 6. Олар терезе жу... жатыр. 7. Менің атам ағаш отырғыз... жатыр. 8. Сіз қақпаны боя... жатырсыз. 9. Туыстарым жаңа үй сал... жатыр. 10. Сендер кітаптарды сөреге жина... жатырсыңдар ма? 11. Біз шаң сүрт... жатырмыз.

**4** **Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойыңыз.**

1. Мен тамақ пісір*ін* жүр*мін*. 2. Сендер бақшаны суар... жатыр... ма? 3. Сен есікті аш... тұр..., мен кітаптарды әкелейін. 4. Анам ауланы сыпыр... жатыр..., ал әкем қақпаны боя... жатыр... . 5. Біз еденді жу... жатыр... . 6. Сіз төсек жина... жатыр... ғой, мен таңғы ас дайындайын. 7. Мен есікті кілте... жатыр... .

**5** **Отбасы мүшелері не істеп жатыр? Мәтін құрастырып жазыңыз.**



шаршы метр
кіреберіс
төр
аудан

**1** **Сөздер мен суреттерді сәйкестендіріңіз.**

А) кіреберіс | Ә) жарық | Б) қабырға | В) шаршы метр

1- *Б*


2-__


3-



4-__


5-__


6-__


7-__


8-__


Г) киімілгіш | Ғ) аспалы шам | Д) кітап сөресі | Е) орындық

**2** **Көршіңізбен бірге талқылаңыз.**

1. Сіздің үйіңіз үлкен бе, әлде шағын ба? Қанша шаршы метр болады?
2. Кіреберіс бөлме кең бе? Онда қандай заттар бар?
3. Үйіңізде қанша бөлме бар? Жуынатын бөлме нешеу?
4. Сенің бөлмең жарық па?
5. Бөлмеңде қандай заттар бар? Төрде не тұр? Оң жақ қабырғада не бар?

«**Төр**» – есікке қарсы жер. Бөлменің жоғарғы тұсын төр деп атаймыз. Қонақ төрде отырады.

**3** **Бөлмені сипаттап айтыңыз.**

**Жарық**, **кең**, **төр**, **шаршы метр**, **қабырға**, **кіреберіс** сөздерін қолданыңыз.






# МЕНІҢ ҮЙІМ

## *Үйдің жоспары*

**4** **Мәтінді тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

Мәтінде не туралы айтылған?
Үйдің ауданы үлкен бе әлде кіші ме?
Үйде қандай заттар бар?

**5** **Мәтінді қайталап тыңдаңыз. Бөлмелердегі заттардың суретін салыңыз.**



**1** **Ойын ойнаңыз. Бөлім бойында өткен сөздерді қолданыңыз. 1-6 сандары көрсетілген текшені екі рет лақтырыңыз. Екі сан қосылған жердегі суретті қолданып сөйлем құраңыз.**

қақпа
байлау



**2** **Үлгі бойынша сөйлем құрастырыңыз.**

...
киімді → жина.
...
...

... қабырға**да** → ілулі тұр.
...
...
...

... үстел**де** → ілулі тұр.
...
...
...



**3** **Мәтінді оқыңыз. Мәтін мазмұнына сай суретті тауып көрсетіңіз.**

Мен қазір ата-әжемнің үйіндемін. Бүгін сенбі. Біз сенбіде үй жинаймыз. Мынау - менің жеңгем. Оның есімі - Асыл. Ол тамақ пісіріп жатыр. Мен еден жуып жатырмын. Сіңлім шаң сүртіп жүр. Әжем үйдегі гүлдерді суарып жүр. Атам мен ағам далада жүр. Атам ағаштарды суарып жүр. Көрші бала келіп, атама көмектесіп жүр. Ол ағаштарды суарып жатыр. Ал ағам қақпаны бояп жатыр.













**3** **Суреттерді кейіпкерлермен толықтырыңыз. Сурет бойынша әңгіме құрастырып жазыңыз.**

***Үлгі:*** *Мен жазғы демалыстамын. Қазір ата-әжемнің үйіндемін. Ата-әжем, аға-жеңгем мен дайындаған тағаммды жақсы көреді. Мен қазір тамақ пісіріп жатырмын. Менің ағам - өте шебер адам. Ол қазір қақпаны бояп жатыр. Ол қақпаны өзі жасады. Ал жеңгем қазір үй жинап жатыр. Оған қызы көмектесіп жатыр.*



5

ТАРАУ

# ТАПСЫРЫС БЕРЕЙІК


5.А Тәтті шай

5.Ә Балмұздаққа не қосады?

5.Б Тағам дайындау

5.В Ұлттық тағамдар

5.Г Үйге әкеп бересіз бе?

5.Ғ Тарауды қайталау

**1** **Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіз.**

- *Сіз қандай шайды ұнатасыз?*
- *Шайды немен ішсең, тәтті болады?*
- *Тәтті шайды кіммен бірге ішесіз?*

***Үлгі жауап:***
- *Мен үнді шайын ұнатамын.*
- *Меніңше, шайды тортпен ішсең, тәтті болады.*
- *Мен таңғы шайды анаммен бірге ішемін.*

құймақ
тосап
жалбыз
бал
құрт
ірімшік
тоқаш

**2** **Сурет пен сөздерді сәйкестендіріңіз.**













- А-_3_ бал
- Ә-__ қант
- Б-__ тосап
- В-__ кәмпит
- Г-__ мейіз
- Ғ-__ өрік
- Д-__ құрт
- Е-__ тоқаш
- Ж-__ ірімшік
- З-__ жалбыз
- Л-__ лимон
- К-__ сүзбе
























## 3 Сөйлем құрастырыңыз.

***Үлгі:*** *Шайды кәмпитпен ішкім келеді.*

Шайды немен ішкіңіз келеді?

Шайды құрт.....
Шайды тосап....
Шайды мейіз......
Шайды бал.......
Шайды сүт......
Шайды өрік.....
Шайды сүзбе.....
Шайды ірімшік......

ішкім келеді.

**Назар аударыңыз!**

| | | |
|---|---|---|
| **Кіммен? Немен?** | *-мен* | балмен<br>лимонмен |
| | *-пен* | кантпен<br>кәмпитпен |
| | *-бен* | жалбызбен<br>мейізбен |

(әдетте, үнемі)

Әдетте шайды қантпен ішемін.
Әдетте таңғы асты анаммен бірге ішемін.
Таңғы асқа үнемі ботқа жеймін.

## 4 Диалогті тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

*1. Телефонмен сөйлескен адамдар кімдер?*
*2. Қайрат көшеде кіммен бірге жүрді?*
*3. Шайды олар немен ішеді?*

## 5 Көршіңізге сұрақ қойыңыз, оның сұрағына жауап беріңіз.

*А студент*

1. Салатты немен жейсіз?
2. Кофені немен ішесіз?
3. Қандай тортты ұнатасыз?
4. Қандай су ішесіз?
5. Шайды лимонмен ішкен ұнай ма?

*Ә студент*

6. Кешкі асты кіммен іштіңіз?
7. Тұзсыз тамақ іше аласыз ба?
8. Қандай тамаққа бұрыш қосасыз?
9. Сізге қандай салаттар ұнайды?
10. Шайға жалбыз қосасыз ба?



**1** **Ойланыңыз. Суреттерді қолданып, сұрақтарға жауап жазыңыз.**

аскөк
айран
қаймақ
пияз
сәбіз
қызылша
қырыққабат
шие
күріш
сақтау




















*А. Сүт тағамдарына нелер жатады?*

*Қаймақ, ірімшік...*

_______________

_______________

*Ә. Көкөніске не жатады?*

_______________

_______________

_______________

*Б. Жеміске не жатады?*

_______________

_______________

_______________

*В. Жидекке не жатады?*

_______________

_______________

_______________

# ТАПСЫРЫС БЕРЕЙІК

## *Балмұздаққа не қосады?*

**2** **Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны (*-ға/-ге, -қа/-ке, -на/-не*) қойыңыз.**

1. Пияз..., сәбіз...., картоп.... су құйдым.
2. Ірімшік.... май салдым.
3. Салат.... пияз қостым.
4. Сүзбе..... қаймақ қостым.
5. Шай...... жалбыз қостым.
6. Айран... қант салдым.
7. Құймақ..... бал қостым.
8. Қазан.... күріш салдым.

**Назар аударыңыз!**

| | | |
|---|---|---|
| **Кімге? Неге?** | *-қа/-ке* | тамаққа<br>көкөніске |
| | *-ға/-ге* | шайға<br>мейізге |
| | *-на/-не* | сүт тағамына<br>ет тағамына |

**3** **Сұрақтар мен жауаптарды сәйкестендіріңіз.**

| | |
|---|---|
| Қызанақ пен қияр салатына не қосуға болады? ☐ | ☐ Тосапқа қант қосады, сонда ол тәтті болады. |
| Алма тосабына не қосады? ☐ | ☐ Салатқа қаймақ, тұз, аскөк қосуға болады. |
| Айранға не қосуға болады? ☐ | ☐ Айранға  қаймақ, бал немесе қант қосамын. |

**4** **Мәтінді оқыңыз, тапсырмаларды орындаңыз.**

### *Балмұздақ жасайық!*

Балмұздақты бәрі жақсы көреді. Балмұздақты үйде жасауға болады. Оған 15% қаймақ, сүт, шоколад, жұмыртқа, қант, керек. Балмұздақ түрлі-түсті болу үшін құлпынай, қарақат, таңқурай жидектерінің шырынын қосу керек. Ыдысқа жұмыртқа мен қантты салу керек және миксермен араластыру керек. Балмұздақты тоңазытқышқа 2-3 сағатқа қою керек. Одан кейін жеуге болады. Ас болсын!

**а) Мәтінді оқыңыз. "Кімге?", "Неге?" сұрақтарына жауап беретін сөздерді көшіріп жазыңыз.**

______________________________

______________________________

______________________________

______________________________

______________________________

**б) Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Балмұздақты қалай түрлі-түсті етуге болады?
2. Балмұздаққа қандай жидектер қосуға болады?
3. Сіз қандай балмұздақ жақсы көресіз?
4. Балмұздақты қайда сақтайсыз?

**1** **Ойланыңыз. Қайда саласыз?**

астау
себет
арба
таба
тартпа










***Үлгі:*** *Нанды шкафқа саламын.*
*Етті тоңазытқышқа саламын.*










# ТАПСЫРЫС БЕРЕЙІК

## *Тағам дайындау*

**2** **Сұрақтарға жауап беріңіз.**

***Үлгі:*** *Тамақты қазанға пісіремін.*

1. Тамақты қайда пісіресіз? (қазан, кәстрөл)
2. Тамақты қайда салып жейсіз? (тәрелке, шелек)
3. Тамақты немен жейсіз? (шанышқы, қасық)
4. Тұзды қайда қосасыз? (тамақ, салат)
5. Жұмыртқаны қайда қуырасыз (таба, себет)
6. Етті қайда саласыз? (астау, табақ)
7. Қасық, пышақ, шанышқыны қайда жинайсыз? (тартпа, арба)
8. Ыдыстар қайда саласыз? (шкаф, сөре)

**3** **Суреттегі әрекетті табыңыз.**



[✓] кесу [ ] құю



[ ] жеу [ ] қосу



[ ] салу [ ] ішу



[ ] себу [ ] араластыру



[ ] жасау [ ] құю



[ ] тазалау [ ] қыздыру

**4** **Тағамдардың жасалу ретін көршіңізге түсіндіріңіз. Жасап көріңіз.**

**А** *Студент. Құймақ пісіру*



**Ә** *Студент. Салат жасау*



**1** **Сөйлем құрастырыңыз.**

| | | |
|---|---|---|
| Еттен | ботқа | қуырдым. |
| Дүкеннен | қуырдақ | пісірдім. |
| Сүттен | тосап | сатып алдым. |
| Алмадан | жеміс | дайындадым. |
| Әжемнен | талқан | әкелдім. |

қуыру
пісіру
қазы
сорпа
қуырдақ
талқан

**Назар аударыңыз!**

| | | |
|---|---|---|
| **Кімнен? Неден? Қайдан?** | *-тан/-тен* | Алматтан, тоңазытқыштан, себеттен |
| | *-нан/-нен* | ағамнан, әжемнен, айраннан, еменнен |
| | *-дан/-ден* | балдан, сәбізден |

**Жаңа сөздер**


қуырдақ


қазы

**2** **Ойланып, жауап беріңіз.**

1. Құрт неден жасалады?
2. Қазы неден жасалады?
3. Бауырсақ неден жасалады?
4. Сорпа неден жасалады?
5. Май неден жасалады?
6. Наурыз көже неден жасалады?
7. Ірімшік неден жасалады?

**3** **Мәтінді оқыңыз, тапсырмаларды орындаңыз.**

Қазақтың ұлттық тағамдары еттен, сүттен және ұннан жасалады. Жылқы сүтінен қымыз, түйе сүтінен шұбат әзірлейді. Сиыр, ешкі, қой сүттерінен май, ірімшік тағы да басқа тағамдар жасайды. Айран – қазақтың сүйікті сусыны. Сүттен май алады.

Қазақтардың басты тамағы - ет. Жылқының еті дәмді әрі пайдалы болады. Одан әртүрлі тағамдар пісіреді. Ішекке салып, дәмді қазы-қарта, шұжық жасайды. Қой етінен қуырдақ қуырады. Әдетте еттен соң, қазақтар сорпа ішеді.

Қазақ халқы бидайдан ұн жасайды. Ұннан көп тағам түрін әзірлейді. Ұннан тандыр нан, бауырсақ, шелпек пісіреді.

**а) Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Еттен қандай тағам жасайды?
2. Сүттен қандай тағам жасайды?
3. Ұннан қандай тағамдар жасайды?
4. Қазақ халқы ұлттық тағамдарды неден жасайды?

**ә) Тағам атауларын тауып, кестені толтырыңыз.**

| Ұн тағамдары | Сүт тағамдары | Ет тағамдары |
|---|---|---|
| Бауырсақ......... | | |

**4** **Сөйлемдерді түзетіп айтыңыз.**

1. Жылқы сүтінен қымыз жасайды, оны жейді.
2. Қуырдақтан сорпа жасайды.
3. Бауырсақтан салат жасайды.
4. Талқаннан айран жасайды.
5. Қой етінен қазы жасайды.
6. Қаймақтан сүт алады.
7. Талқаннан қант алады.

**5** **Қандай тағам өсімдіктен алынады? Ғаламторды пайдаланып, зерттеу жүргізіңіз.**

Өсімдіктерден әртүрлі тағам түрлерін алуға болады. Мысалы, күнбағыстан май аламыз. Қызылшадан қант аламыз. ________________________________________________

# ТАПСЫРЫС БЕРЕЙІК

## *Үйге әкеп бересіз бе?*

**1** **Сұраққа жауап беріңіз.**

Базарға жиі барасыз ба?
Әдетте базарға кіммен бірге барасыз?
Базарға немен барасыз?
Базардан қандай тамақтар аласыз?
Базардан алатын тамақтың **тізімін** жасайсыз ба?
Тағамдарды **қаппен** аласыз ба, әлде аз аласыз ба?
Тамаққа онлайн тапсырыс бересіз бе?

жеткізу
тізім
тапсырыс беру
қап
бума
дана

**Назар аударыңыз!**

*Қайда барасыз /барасың?*

дүкенГЕ
қалаҒА
жұмысҚА
банкКЕ
тапсырысымА
әкемЕ
баламның бақшасыНА
әжемнің үйіНЕ

**Назар аударыңыз!**

*Грамматика*

(келер шақ)
сатып аламын
пісіремін
базарға барамын
үйге тамақ тасимын

**2** **А) Диалогті оқып, бағытты білдіріп тұрған сөздерді атаңыз.**

**А:** Балам, демалыс күнге қандай жоспарың бар?

**Б:** Жоспарым көп. Таңертең Талғатпен фитнеске барамын. Үйге келемін, сізбен базарға және супермаркетке барамыз. Ол жерден қандай тамақ аласыз?

**А:** Базардан қораппен жеміс-жидек аламын. Ал тамақты тапсырыспен аламын. Тамақты үйге дейін әкеп береді. 1 қап қант, ұн және макарон аламын. Базарға көлікпен барамыз ба?

**Б:** Әрине, базарға таксимен барамыз. Ал менің көлігім автожөндеуде. Кешке дейін автожөндеуге барып, көлігімді аламын. Сосын достарыммен қонаққа барамыз. Ертең Бауыржанның туған күні.

**А:** Жақсы, балам. Туған күнге бар. Менен Бауыржанға сәлем айт!

**Б) Бағыт реттілігін анықтаңыз.**



**а)** автоорталық...


**ә)** фитнес....


**б)** супермаркет...


**в)** үй....


**г)** қонақ...

1. *ә*____ 2. ______ 3. ______ 4. ______ 5. ______

# ТАПСЫРЫС БЕРЕЙІК

## *Үйге әкеп бересіз бе?*

**3** **Тиісті қосымшаны (*-ға/-ге, -қа/-ке, -а/-е*) жалғап, сөйлемді аяқтаңыз.**

Кеш..... → **дейін**
Түс.... → **дейін**
Сағат 15.00..... → **дейін**

Үйім.... → **дейін**
Жұмыс... → **дейін**
Дүкен.... → **дейін**

**4** **Тапсырыс беру үшін азық-түлік тізімін жасаңыз.**
**Тапсырыс беру туралы диалог құрастырыңыз.**

***Үлгі:*** *1 қап қант, 1 дана алма, 1 қорап тұз, 1 қорап печенье, 1 құлпынай тосабы, 10кг ұн, жарты кг кәмпит.*


(1 бума/ 5 кг)


(1 қап/ 12 кг)


(10 дана/ 1 қорап)


2 қап/20 кг


күнбағыс майы (5 л/1 л)



(1 дана/1 қорап)


(1 қап/5 кг)



каймақ (1л/1 дана)


зәйтүн майы
(1дана/ 1қорап)



### Жаңа сөздер


**Бір қап ұн**


**Бір дана алма**


**Бір бума аскөк**

**5** **Тапсырыс беру туралы диалог құрастырыңыз.**

– Алло, сәлеметсіз бе! Тамаққа тапсырыс беруге бола ма?
– Иә, әрине, неге тапсырыс бересіз?
– ________________________________________
________________________________________
– Жақсы, қабылдадым.
– Бағасы қанша болады?
– ________________________________________
– Үйге қашан жеткізіп бересіз?
– Бүгін кешке дейін апарамын. Жеткізу тегін.




**1** **Сипаттамаға сәйкес ұлттық тағамды табыңыз.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1. Түсі ақ, дәмі қышқыл, сүттен жасайды. | ☐ → | ☐ | шелпек |
| 2. Майға қуырады, тез піседі, ұннан жасайды. | ☐ | ☐ | құрт |
| 3. Түсі ақ, пайдалы сусын, түйе сүтінен жасайды. | ☐ | ☐ | май |
| 4. Қаймақтан жасайды, тұз қосады, түсі сары және ақ болады. | ☐ | ☐ | шұбат |

**2** **Салыстырыңыз. Сөйлем құраңыз.**



**лимон, апельсин, қышқыл**
***Үлгі:*** *Лимон апельсиннен қышқыл.*




**тұз, қант, ащы**

______________________
______________________



**қызылша, шалғам, үлкен**

______________________
______________________



**қарбыз, қауын, кішкентай**

______________________
______________________



**торт, тоқаш, тәтті**

______________________
______________________




**қызыл бұрыш, қара бұрыш, ащы**

______________________
______________________

**3** **Тағамды қалай дайындайды? Ретімен айтып беріңіз.**

**Керек:** 4-5 тілім нан, қызыл балық, салат жапырағы, авакадо, 1 банан, 1 киви, 200 гр. жаңғақ.
























**4** **Сәйкестендіре отырып, сөйлем құраңыз.**

| | **көкөністі** | **етті** | **тұзды** | **сүтті** | **бәліште** |
|---|---|---|---|---|---|
| сатып алу | | | | | |
| қосу | | | | | |
| араластыру | | | | | |
| әзірлеу | | | | | |
| турау | | | | | |
| пісіру | | | | | |
| буға пісіру | | | | | |
| салу | | | | | |

**5** **Үлгі бойынша салат әзірлеңіз.**

***Үлгі:*** Апельсин, алма, киви аламын. Жемістерді жуамын. Қабығын тазалаймын. Жемістерді турай-мын. Ыдысқа саламын. Жемістерге йогурт қосамын және араластырамын. Ал сізге қандай жемістерден жасалған салат ұнайды?





# КИІМ


6.А Дүкенде
6.Ә Талғаммен киіну
6.Б Түстердің үйлесімі
6.В Сапалы киім және бренд
6.Г Сауда орталығында
6.Ғ Тарауды қайталау


6
ТАРАУ

# КИІМ

## *Дүкенде*

таңдау
төлеу
өлшем
жеңілдік
акция
тауар

**1** **Суретке сәйкес сөзді жазыңыз.**

қысқа | ~~өлшем~~ | жеңілдік | сөмке | акция | тауар | тар



1. *өлшем*



2. ____________



3. ____________



4. ____________




5. ____________



6. ____________




7. ____________

**2** **Сөздердің мағынасын түсініңіз.**



**Тауардың ақшасын төлеңіз!**



**Екеуінің біреуін таңдаймын.**



**Осы киімді киемін.**

**3** **Сөйлемді қажетті сөздермен толықтырыңыз.**

қысқа • ~~таңдадым~~ • төледім • өлшеміңіз • жеңілдік • акция • тауарлар.

***Үлгі:*** Киімдердің біреуін _*таңдадым*_.

1. Сөмке ақысын ________________.
2. ________________ қандай?
3. Дүкенде ________________ басталды.
4. Сәуле туған күнге ________________ көйлек киді.
5. Айшаның дүкеніне ________________ әкелді.
6. Маған ________________ жасаңыз.

**4** **Диалогті тыңдаңыз. Бос орындарды қажетті сөздермен толықтырыңыз.**

қысқа • өлшемі • акциясы • тауарлар • төлеймін • таңдау • жеңілдіктер.

– Сәлем, боссың ба? Дүкенге барайық. «Айша бибі» дүкеніне 1*тауарлар* келген. 2________________, 3________________ көп. «1+1» 4________________ басталды.
– Арай, мен төлем картамды таппай жатырмын.
– Уайымдама, Айгерім, мен сен үшін 5________________.
– Жақсы, мен де онда 6________________ көйлекті ауыстырамын.
– Өткенде алғаның ба?
– Иә, 7________________ сәйкес келмеді. Тар екен.
– Тамаша! Онда шығайық.

**5** **Сөйлемдерді кім айтқанын белгілеңіз.**

| | Арай | Айгерім |
|---|---|---|
| 1. Өткендегі көйлек пе? | ☑ | ☐ |
| 2. Сол көйлек тар болды. | ☐ | ☐ |
| 3. Мен сен үшін төлеймін. | ☐ | ☐ |
| 4. Жарайды, шығайық онда. | ☐ | ☐ |
| 5. Төлем картамды таппадым. | ☐ | ☐ |
| 6. Қысқа көйлегімді ауыстырамын. | ☐ | ☐ |
| 7. Дүкенге барайық, бос па едің? | ☐ | ☐ |

**6** **Диалогті қайта тыңдаңыз. Дұрыс не қате ақпаратты белгілеңіз.**

| | дұрыс | қате |
|---|---|---|
| "Айша бибі" дүкенінде жеңілдіктер, акциялар басталды. | ☑ | ☐ |
| Айгерім төлем картасын тапты. | ☐ | ☐ |
| Арай досы үшін төлейді. | ☐ | ☐ |
| Айгерім қысқа көйлекті сатады. | ☐ | ☐ |
| Айгерімге көйлек тар. | ☐ | ☐ |

# КИІМ
## *Талғаммен киіну*

сырт киім
жарасу
талғам
кию
шешу

**1** **Сөз тіркесін жасаңыз.**

сырт | іш | бас | аяқ → **киім**

**2** **Суреттерді салыстырыңыз. Мағынасын түсініңіз.**



**Сырт киімі** қалың.



Сырт киіміңізді **шешіңіз**.



Көйлек маған **жарасады**.



**Іш киімі** әдемі.



Көйлегімді **киіп жатырмын**.



Бас киімі **жараспайды**.

**3** **«және» орнына *мен/ бен/ пен* шылауын қойыңыз.**

1. Сырт киіміңізді және бас киіміңізді шешіңіз.

*Сырт киіміңіз бен бас киіміңізді шешіңіз.*

2. Көйлекті және сырт киімді киіп көрдім.

______________________________________________.

3. Айшаның көйлегі және сөмкесі жарасады.

______________________________________________.

**4** **Форум жазбасын оқыңыз. Шылауды тиісті орынға қойыңыз.**

**Форум**

| | |
|---|---|
| **Модератор** | Сіз және біз үшін талғаммен киіну маңызды (**1**). Талғам қалай пайда болды? Талғамды өзгертуге бола ма? Сіздер бұл туралы не ойлайсыздар? |
| **KARLSON** | Менің ойымша, талғамды, мінезді өзгертуге болады (**2**). Талғам және сән бірге жүреді (**3**). Бұрын адамдар сырт киім және аяқ киімді бірдей түсте киді (**4**). Қазір әркімнің өз талғамы бар. |
| **Айдын** | Мен бұл пікірге қарсымын. Сәнді киіну маңызды емес. Жарасымды киіну маңызды. Киім ыңғайлы болу керек, тар болмау керек. Талғам және киім - әрқашан маңызды тақырып (5). |

***Үлгі:*** 1. **Сіз және біз** үшін талғаммен киіну маңызды.

1. *Сіз бен біз үшін талғаммен киіну маңызды.*
2. ____________________.
3. ____________________.
4. ____________________.

**5** **Мәтінді қайта оқып, сөздердің кімдерге қатысты екенін анықтаңыз.**

| | Модератор | KARLSON | Айдын |
|---|---|---|---|
| KARLSON пікіріне қарсы. | ☐ | ☐ | √ |
| Киім ыңғайлы болу керек. | ☐ | ☐ | ☐ |
| Талғам мен сән бірге жүреді. | ☐ | ☐ | ☐ |
| Модератор сұрағына жауап берді. | ☐ | ☐ | ☐ |
| Ол оқырман пікірін білгісі келеді. | ☐ | ☐ | ☐ |
| Талғам мен мінезді өзгертуге болады. | ☐ | ☐ | ☐ |
| Жарасымды киіну маңызды. | ☐ | ☐ | ☐ |

**6** **Досыңызға кеңес беріңіз.**

**Жұмысқа не кию керек?**

**Серуенге не кию керек?**

**Туған күнге не кию керек?**

***Үлгі:*** Жұмысқа ақ көйлек мен шалбар кию керек.



**1** **Жаңа сөздермен танысыңыз. Түстерді ажыратыңыз.**



жасыл
қоңыр
көк
күлгін
қызғылт сары
сұр

**2** **Мәтінді оқыңыз. Белгілеріне қарап, кейіпкерлерді табыңыз.**




1. Ол жасыл түсті жеңі ұзын жейде, қоңыр шалбар мен туфли киді. Мойнында қоңыр түсті мойынорағышы бар. Оның аты кім?
2. Ол үстіне ақ түсті жеңіл жейде, көк түсті джинс, аяғына спорттық аяқ киім киді. Ол кім?
3. Ол күлгін түсті жеңсіз жейде, қара түсті қысқа белдемше киді. Аяғында күлгін түсті колготка, қара түсті туфли бар. Қолында сұр түсті сөмке, мойнында күлгін түсті орамал бар. Оның есімі кім?
4. Ол жасыл түсті қысқа көйлек, жасыл туфли киген. Қолында сұр сөмкесі бар. Оның аты кім?

**3** **Кестені оқыңыз. Мағынасын көршіңізбен талқылаңыз.**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Мен | таңдасам | кисем | Біз | таңдасақ | кисек |
| Сен | таңдасаң | кисең | Сендер | таңдасаңдар | кисеңдер |
| Сіз | таңдасаңыз | кисеңіз | Сіздер | таңдасаңыздар | кисеңіздер |
| Ол | таңдаса | кисе | Олар | таңдаса | кисе |

**Назар аударыңыз!**

*Грамматика*

-са, -се – шартты мағына беретін қосымша.

**4** **Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойыңыз.**

1. Мен таңда*са*м, сізге ұнайды.
2. Сен төле.....ң, мен ренжимін.
3. Сіз ки.....ңіз, жарасады.
4. Ол шеш....., тоңады.
5. Біз жақсы көр.....к, сатып аламыз.
6. Сендер кездес.....ңдер, қуанамыз.
7. Сіздер бар.....ңыздар, мен келісемін.
8. Ол қуан....., біз де қуанамыз.

**5** **Мәтіндерді оқыңыз. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны (-са, -се) қойыңыз.**



Есімім – Мадина. Менің сүйікті түсім – жасыл. Жасыл түсті киімдерді күлгін түсті киімдермен ки......, жақсы жарасады. Бірақ маңызды кездесуге бар......, мұндай түсті киім кимеймін.

Менің атым – Абзал, мен көк түсті жақсы көремін. Көк іскерлік имидж үшін керек. Алайда жасыл және қоңыр түстермен көк түс жараспайды.





Мен Назыммын. Қызғылт сары түстегі киімдерді ки......, қуанып жүремін. Себебі ол түс маған ұнайды. Жалпы, өзіне не ұна......, соны киемін. Бүгін қызғылт сары көйлек пен күлгін түсті белдемше кидім. Себебі олар маған жарасады.

**6** **Мәтінді қайта оқыңыз. Әр сөйлемнің қай сөйлеушіге қатысты екенін айтыңыз.**

| | Мадина | Абзал | Назым |
|---|---|---|---|
| 1. Жасыл мен күлгін түсті киімдер жарасады. | ☑ | ☐ | ☐ |
| 2. Көк пен жасыл түсті киім жараспайды. | ☐ | ☐ | ☐ |
| 3. Бұл түс іскерлік имидж үшін керек. | ☐ | ☐ | ☐ |
| 4. ______түсті маңызды кездесуге кимеймін. | ☐ | ☐ | ☐ |
| 5. ______ түсті киімді кисем, қуанышты жүремін. | ☐ | ☐ | ☐ |
| 6. Не ұнаса, соны киемін. | ☐ | ☐ | ☐ |

**7** **Досыңыз туған күнге қандай киім киеді? Оған көмектесіңіз.**

***Үлгі:*** Туған күнге барсаң, мен саған киім таңдап берейін. Сары көйлек пен ақ туфли кисең, жарасады. Досым, туған күнге ............ түсті киім мен ............ түсті киімді ки. Олар жарасады.



**1** **Бос орынға қажетті қосымшаны қойыңыз.**

*(-лау, -леу, -тау, -теу, -дау, -деу)*

1. Менің көйлегім ұзын…………….
2. Сенің жейдең жұқа…………….
3. Сіздің сөмкеңіз ашық…………….
4. Оның киімі күлгін…………….

**Назар аударыңыз!**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| әдемі | + | -леу | = | әдемілеу |
| қысқа | + | -лау | = | қысқалау |
| қалың | + | -дау | = | қалыңдау |
| жеңіл | + | -деу | = | жеңілдеу |

таңдау
төлеу
саудаласу
есептеу

**2** **Суреттер мен сөйлемдерге назар аударыңыз, оларды салыстырыңыз.**



Бірінші көйлек әдемілеу
Екінші көйлек қысқалау.



Ұлдың бас киімі жұқалау.
Қыздың бас киімі сәнділеу.



Бірінші жігіттің сырт киімі сарылау.
Екінші жігіттің сырт киімі жаңалау.

**3** **Сөздердің мағынасын түсініп алыңыз.**



**1. керек емес**



**2. сатушы**



**3. керек**




**4. баға**



**5. касса**

**4** **Төмендегі фразаларды қай жерде қолданамыз?**

Маған көмек керек!

Касса қай жерде?

Сатушы кім?

Бағасы қанша?

Маған сырт киім керек емес.

# КИІМ

## *Сапалы киім және бренд*

**5** **Диалогті оқып, қажетті сөзді қойыңыз.**

*Қажетті сөздер:* **керек** **бағасы** **кассаға** **керек емес** **~~сатушысыз~~**

Сатушы: Сәлеметсіз бе! «Нұр-сәуле» дүкеніне қош келдіңіз!

Сатып алушы: Сәлеметсіз бе! Сіз сатушысыз... ба?

Сатушы: Иә, сізге қандай көмек ........................?

Сатып алушы: Маған күлгін түсті көйлек ........................ Қалыңдау болсын.

Сатушы: Сапалы түрі бар. Оның ........................ қымбаттау.

Сатып алушы: Көрсетіңізші, менің өлшемім бар ма?

Сатушы: Бүгін жаңа түсім болды. Таңдау көп.

Сатып алушы: Сіздерде жеңілдік бар ма?

Сатушы: Бізде «1+1» акциясы басталды. Екінші бір затты таңдасаңыз, арзандау аласыз.

Сатып алушы: Күлгін түсті сөмке бар ма?

Сатушы: Ашықтау түсі бар.

Сатып алушы: Жақсы, аламын.

Сатушы: Басқа ештеңе ........................ пе?

Сатып алушы: Жоқ, рақмет!

Сатушы: .............. барайық, ақшасын төлейсіз.

Сатып алушы: Жақсы, жүріңіз.

**6** **Диалогті қайта оқыңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Сатып алушы қайда келді?
2. Оған кім көмек көрсетті?
3. Ол қандай киім іздеді?
4. Сатып алушы өз өлшемін тапты ма?
5. Дүкенде қандай жеңілдіктер бар?
6. Ол дүкеннен қандай заттар алды?

**7** **Диалогтен салыстырмалы шырайларды тауып, жасалуын түсіндіріңіз.**

1. қалың+дау.......... 2. ................................
3. ................................ 4. ................................

**8** **Бос орынға қажетті сөздерді қойып, танысыңызға «Нұр-сәуле» дүкені туралы хабарлаңыз.**

*Қажетті сөздер:* киім • түсім • күлгін • таңдау • бағасы • ~~дүкеніне~~ • акциясы • ашықтау • жеңілдіктер

Досым, кеше «Нұр-сәуле» дүкеніне....... бардым. Жаңа ...................... болыпты. ...................... көп, ...................... бар. «1+1» ...................... болып жатыр. Киімдерінің ...................... қымбат емес. ...................... түсті көйлек пен ...................... түсті сөмке алдым. Сен де ...................... алсаң болады.

ақша
сырт киім
сатып алушы
төлем картасы
киіп көру
қанша тұрады?

**1** **Суреттерді сөзге айналдырыңыз.**

***Қажетті сөздер:*** ақша | сырт киім | сатып алушы | төлем картасы



Бұл – _______________



Бұл – _______________



Бұл – _______________



Бұл – _______________

**2** **1-тапсырмадағы сөйлемдерді үлгі бойынша өзгертіп көріңіз.**

***Үлгі:*** *Бұл сатушы ма?*

Бұл ______________________________?  Бұл ______________________________?

Бұл ______________________________?  Бұл ______________________________?

**Назар аударыңыз!**

| | | |
|---|---|---|
| әдемі | *-рек* | әдемірек |
| қысқа | *-рақ* | қысқарақ |
| ұзын | *-ырақ* | ұзынырақ |
| әлсіз | *-ірек* | әлсізірек |

**3** **Суретке қарап, бос орынға *-рақ/-рек, -ырақ/-ірек* қосымшасының бірін қойыңыз.**







**4** **Бос орынға қажетті сөзді таңдап, *-рақ/-рек, -ырақ/-ірек* қосымшасының бірін жалғаңыз.**

ұзын | қалың | қысқа | сәнді | ~~арзан~~ | қымбат



Белдемше _________________ па?



Костюм _________________ пе?



Тон _________________ па?



Жейде _________________ па?



Көйлек _________________ па?



Шалбар __*арзанырақ*____ па?

**5** **Сөйлем құраңыз.**

1. Сіз / барасыз / дүкенге / ба? *Сіз дүкенге барасыз ба?*
2. пе? / сырт киім / Бұл / әдемірек ______
3. қысқарақ/ па/ көйлек/ Бұл ______
4. төлейсіз / ақшасын/бе? / Киімнің ______
5. емес / 42-өлшем /пе? / Сізге/ керек ______
6. бағасы/ Тауардың/па? /қымбатырақ ______

**6** **Көршіңізден жауап алыңыз.**

Ыңғайлырақ киім керек пе?
Сәндірек киім керек пе?

Арзанырақ болу керек пе?
Қымбатырақ болу керек пе?

**7** ***Ше*** **сұраулық шылауымен сөйлемді толықтырыңыз.**

**1-диалог**
– Сіз сатып алушысыз ба?
– Иә, сіз ...?
– Мен сатушымын. Сізге көмек керек пе?

**3-диалог**
– Сенде ақша бар ма?
– Бар. Өзінде ... ?
– Қолда жоқ.

**2-диалог**
– Саған сырт киім ұнап тұр ма?
– Иә, саған ...?
– Ұнап тұр. Енді оны аласың ба?

**4-диалог**
– Сен тауардың ақшасын қалай төлейсің?
– Мен бе? Төлем картасымен ыңғайлырақ. Сен ...?

**1** **«Бинго» ойынын ойнаңыз.**

**Ойын шарты:** Әр қатарға түсіндірмеге сәйкес сөздерді жазыңыз.
Қатардағы бес сөз де дұрыс болса, «Бинго!» деп дауыстаңыз.

**Түсіндірмелер:**

| | |
|---|---|
| **1-қатар** | 1. Өлшеу, шама. 2. Сатуға, сатып алуға болатын, зат. 3. Тауар құны. 4. Дүкендегі ақша төлейтін жер. 5. Дүкенде зат сататын адам. |
| **2-қатар** | 6. Тауарды сатып алушы. 7. Онымен затты сатып аласың. 8. Затты арзан бағаға алу. 9. Сатып алушыларды қызықтыру үшін жасайды. 10. Суық күндері далаға киетін киім. |
| **3-қатар** | 11. Электронды төлеуге болатын карта. 12. Ұзын емес. 13. Ұқсас, тең. 14. Көп заттың біреуін алу. |
| **4-қатар** | 15. Ақшасын беру. 16. "Арзан" сөзінің антонимі. 17. «Ки» сөзінің антонимі. 18. «Қажет» сөзінің синонимі. 19. «Қажет емес» сөзінің синонимі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **1-қатар** | *өлшем* | *тауар* | *баға* | ... | ... |
| **2-қатар** | ... | ... | ... | ... | ... |
| **3-қатар** | ... | ... | | ... | ... |
| **4-қатар** | ... | ... | ... | ... | ... |

**2** **Үлгіге қарап, сөйлемді аяқтаңыз.**

***Үлгі:*** *Дүкенге барсам, саған жемпір аламын.*

1. Бағасы арзанырақ болса, _________________________.
2. Киімнің өлшемі үлкенірек болса, _________________________.
3. Сырт киімі жұқалау болса, _________________________.
4. Ақшасы аздау болса, _________________________.
5. Дүкенде жеңілдік болса, _________________________.

**3** **Сұрақтарды оқыңыз. Жауабын мәтіннен табыңыз.**

– Жайна қайда барады?

– Ол қандай киімдерді таңдады?

– Жайна ол киімдерді не үшін таңдады?

Менің атым – Жайна. Мен бүгін мейрамханаға барамын. Қандай киім кисем болады? Қызыл көйлек әдемірек, бірақ қысқалау. Көк шалбар кеңдеу және сары көйлекпен жараспайды. Мен қызыл көйлекті, қара туфлиді таңдаймын. Себебі олар сәнді және маған жарасады.

**4** **Берік, Сания, Серікке көмектесіңіз. Оларға не киюге болады?**



Берік достарымен кездеседі. Олар бильярд ойнауға барады.



Сания жұмысына барады. Ол мектепте жұмыс істейді.



Серік ауылға барады. Ауылда ата-анасы тұрады.





7

ТАРАУ

# АҚША

7.А Кел, саудаласайық!
7.Ә Сыйлық
7.Б Ақша жұмсап үйрен!
7.В Киім дүкенінде
7.Г Миллионер сөзі
7.Ғ Тарауды қайталау

**1** **Сөздердің мағынасын есте сақтаңыз!**

түсу
аралау
саудаласу
ауыстыру
қап
сәл
келі













**2** **Сәйкестендіріңіз.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **1.** қарап шығу | ☐ | ☐ | **А.** келі |
| **2.** килограмм | ☐ | ☐ | **Ә.** саудаласу |
| **3.** бағасын келісу | ☐ | ☐ | **Б.** айырбастау |
| **4.** бағасын төмендету | ☐ | ☐ | **В.** түсу / түсіру |
| **5.** екі затты ауыстыру | ☐ | ☐ | **Г.** аралау / көріп шығу |

**3** **Сөздерді ретімен орналастырып, сөйлем құраңыз.**

1. **түсіріңіз** / сәл / Бағасын ................................................
2. бүгін / Базарды / **аралайық** ................................................
3. керек / Сатушымен / **саудаласу** ................................................
4. Валюта / керек / **ауыстыру** ................................................
5. қызанақ / **келі** / беріңізші / Екі ................................................

**Есте сақтаңыз!**

**Жинақтық сан есім**

Заттың жинақталған санын білдіреді.

*-ау*, *-еу* жұрнағы арқылы жасалады.

«*Нешеу?*» сұрағына жауап береді.

1-7-ге дейінгі сандар жатады.
Біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу, алтау, жетеу

**4** **Үлгі бойынша жазыңыз.**



*Бір* *май*
*Май біреу*



*Екі* ____________
____________







*Төрт* ____________ ____________

*Алты* ____________ ____________

*Жеті* ____________ ____________

**5** **Мәтінді тыңдап, толықтырыңыз.**

– Қияр алайын.
– Неше қап керек?
– 1.__________. Саудаласайық?
– Саудаласайық. Бір келі қияр – 70 теңге. Бір қапта 10 келі болады. Сізге 65 теңгеден сатамын.
– Базарды аралап келдім. Маған 60 теңгеден беріңіз.
– Жақсы. Онда алты қап алыңыз.
– Жоқ, 2.__________. аламын.
– Тағы түсейін. 55 теңгеден беріңіз.
3.__________. алыңыз.
– Жақсы, 55 теңгеден 4.__________. алайын.
– Жарайды. Келістік.
– Рақмет! Саудаңыз болсын!



6 Мәтінді қайта тыңдап, сұраққа үлгі бойынша жауап беріңіз.

***Үлгі:*** Сатып алушыға қанша келі қияр керек? – *Төртеу*

1. Қиярдың бастапқы бағасы қанша? – ........................
2. Бір қапта қанша келі қияр бар? – ........................
3. Сатушы қиярды қанша теңгеден берді? – ........................
4. Сатып алушы қанша қап қияр алды? – ........................

7 **Суретке қарап сөйлем құраңыз. Тірек сөздерді қолданыңыз.**

**ә. сатып алу**
**а. сату**
**б. саудаласу**
**в. аралау**
**г. айырбастау**
**д. келісу**
**е. жәрмеңке**

***Үлгі:*** Біз анамыз екеуміз екі қауын мен қарбыз сатып алдық.
Бесеу аламын. Қарбызды арзан бағаға беріңіз.
Сатушымен саудалас, «бесеу ал», – десе, сен үшеу ал.



арзан
қымбат
сапалы
сапасыз
төмен баға
кәдесый

**1** **Ойланыңыз.**

**Қай сөз «төмен баға» сөзінің синонимі бола алады?**

☐ арзан ☐ қымбат ☐ сапалы ☐ сапасыз

**2** **Суретке сәйкес сөзді жазыңыз.**

қалам | шоколад | кепка | шыныаяқ | ~~магнит~~ | футболка | ойыншық аю




1. *магнит*



2. ____________________



3. ____________________



4. ____________________



5. ____________________



6. ____________________



7. ____________________

## 3 Суреттерге қарап, қарамен жазылған сөзді салыстырыңыз. Мағынасын түсініңіз.



Шоколад бағасы **қымбат**.



Шоколад бағасы **арзан**.


Футболка **сапасыз**.


Футболка **сапалы**.

## 4 Ереже құрастырып көріңіз.

Шоколад **қаншадан** бөлінді? – Үшеу**ден**.
Қалам **қаншадан** тиді? – Төртеу**ден**.
Ойыншық аю **қаншадан** берілді? – Екеу**ден**.
Сыйлықты **нешеден** алдың? – Біреу**ден**.

***Нешеден? Қаншадан?***

Біреуден, екеуден, үшеуден, төртеуден, бесеуден, алтаудан, жетеуден.

## 5 Бос орынға *-нан/-нен, -дан/-ден, -тан/-тен* қосымшасының бірін жалғаңыз.

1. Бәріне біреу*ден* кәдесый алдым.
2. Қаламды бесеу_____ бөліп бердім.
3. Балаларға үшеу_____ шоколад алдым.
4. Футболка екеу_____ берілді.
5. Ойыншық аю төртеу_____ тиді.
6. Магнитті біреу_____ сыйладым.

## 6 Диалогті оқып, бос орынға қажетті сөздерді қойыңыз.

**Қажетті сөздер:** *арзан* | *қымбат* | *сапалы* | *сапасыз* | *төмен бағаға* | ~~*кәдесый*~~

– Дүкенімізге қош келдіңіз! Сізге көмек керек пе?
– Сәлеметсіз бе! Маған *кәдесый* керек.
– Кімге алесыз?
– Отбасыма. Бәріне біреуден.
– Қалам, шоколад алыңыз.
– Інім мен әпкеме, сіңліме не алсам болады?
– Ініңізге кепка алсаңыз болады. Футболканы әпкеңізге алыңыз.
– Иә, ал ойыншық аюды сіңліме алайын. Ол ойыншық аюды жақсы көреді.
– Басқа ештеңе керек емес пе?
– Жоқ. Енді саудаласайық. _______________ бағаға беріңіз.
– Бізде барлық заттар _______________. 4. _______________ зат жоқ. Бағалары да 5. _______________ емес. Егер әр заттан үшеуден алсаңыз, 6. _______________ бере аламын.
– Жақсы, екеуден беріңіз, достарыма да алайын.

# АҚША

## *Ақша жұмсап үйрен!*

жұмсау
шығын
кіріс
есептеу
жоспарлау
жинау (сақтау)

**1** **Сөздерді суреттермен сәйкестендіріңіз.**

*а) кіріс* | *ә) шығын*
*б) жұмсау* | *в) жинау*
*г) есептеу* | *ғ) жоспарлау*














**2** **Сөздерді дұрыс таңдап қолданыңыз.**

1. Ақшаны (☐ жұмсап / ☐ жоспарлап) үйрену керек.
2. Дәптерге күнделікті (☐ есепті / ☐ шығынды) жаз.
3. Сенің ай сайынғы (☐ кірісің / ☐ есебің) қанша?

**3** **Үлгіні қолданып, сұраққа жауап беріңіз.**

*Ақшаны дұрыс жұмсай аласыз ба?*

**ҮЛГІ:** *Мен ақша жұмсай алмаймын. Өйткені шопингті жақсы көремін. Күнделікті шығынды есептемеймін. Өз бюджетімді жоспарламаймын.*



**ҮЛГІ:** *Мен ақшаны дұрыс жұмсаймын. Кіріс пен шығысты жазамын, есептеп отырамын. Ақшамның жартысын сақтап қоямын.*



**4** **Бос орынды толықтыра отырып сөйлеңіз.**

**Қажетті сөздер:** *кут, аралама, жина, ~~есепте~~, біл, төлеме, жоспарла, жазып отыр, сатып алма.*

- Кіріс пен шығынды *есепте* .................................. .
- Шығынды дәптерге ...................................... .
- Сатып алатын затты алдын ала ...................................... .
- Алатын зат туралы алдын ала ..................... .
- Зат алатын болсаң, жеңілдікті .............................. .
- Ақша ................................ .
- Жеңілдік не акция болғаны үшін затты ..................... .
- Заттың ақшасын кредиттік картамен ..................... .
- Көңіл көтеру үшін дүкен ................................ .

**5** **Жұп болып сөйлесіңіз. Толық жауап беруге тырысыңыз.**



**1-студент:**

1. Кіріс пен шығынды есептейсіз бе?
2. Шығынды дәптерге жазасыз ба?
3. Ақша жинайсыз ба?
4. Алатын затты алдын ала жоспарлайсыз ба?

**2-студент:**

5. Зат туралы алдын ала зерттеу жүргізесіз бе?
6. Жеңілдік немесе акция болғаны үшін зат сатып аласыз ба?
7. Көңіл көтеру үшін дүкен аралайсыз ба?
8. Заттың ақшасын қалай төлейсіз? Кредиттік картамен бе?

# АҚША
## *Киім дүкенінде*

**1** **Сөздер мен суреттерді сәйкестендіріңіз.**

а) ~~жүру~~ - _1_

ә) тұру - ___

б) отыру - ___

в) жату - ___

г) алу - ___

ғ) таңдау - ___

д) төлеу - ___

е) саудаласу - ___

ж) есептеу - ___




















**2** **Сөзге -ды/-ді, -ты/-ті қосымшасын жалғаңыз.**

***Үлгі:*** *жүр+ді*

1. тұр +____ 5. төле +____
2. ал +____ 6. таңда +____
3. жат +____ 7. есепте +____
4. отыр +____ 8. саудалас +____

**3** **Тиісті сөзді қойыңыз.**

Мен Сен Сіз Ол

_Ол_ жүрді ______ тұрдыңыз

______ жүрдім ______ тұрды

______ жүрдің ______ тұрдың

______ жүрдіңіз ______ тұрдым

**Назар аударыңыз!**

| Етістік | Қосымша | Жіктік жалғауы | Мысалы |
|---|---|---|---|
| бар | *-ды* | -м | бардым |
| кел | -ді | -ң | келдің |
| айт | -ты | -ңыз | айттыңыз |
| кет | -ті | - | кетті |

**4** **Бос орынға қажетті етістікті қойыңыз.**

***Үлгі:*** *Әлия дүкенде жүрді (жүру).*

тұру • беру • жату • отыру • төлеу • таңдау • есептеу • саудаласу

1. Бота киімнің біреуін ________________.
2. Сатушы кассада ________________.
3. Әкем тауардың ақшасын ________________.
4. Ағам диванда ________________.
5. Мақсат пен Гүлдер ________________.
6. Сәуле өзінің бюджетін ________________.
7. Айгүл үстелде ________________.
8. Анам маған ақша ________________.

**5** **Етістікке -ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе қосымшасын жалғаңыз.**

***Үлгі:*** Мен дүкенде жүрдім. – *Мен дүкенде жүрмедім.*

1. Мен жеңілдікті күттім. ______________________
2. Сен бір қап қияр алдың. ______________________
3. Сіз базарды араладыңыз. ______________________
4. Ол валюта ауыстырды. ______________________
5. Мен бағасын түсірдім. ______________________
6. Сен сатушымен саудаластың. ______________________
7. Сіз ойыншық аю сыйладыңыз. ______________________
8. Ол шығынды дәптерге жазды. ______________________

**6** **Сұрақ жазыңыз. Досыңызға сұрақ қойыңыз.**

***Үлгі:*** Сен дүкенде жүру. – *Сен дүкенде жүрдің бе?*

1. Мен жеңілдікті күттім. ______________________
2. Сен бір қап қияр алдың. ______________________
3. Сіз базарды араладыңыз. ______________________
4. Ол валюта ауыстырды. ______________________
5. Мен бағасын түсірдім. ______________________
6. Сен сатушымен саудаластың. ______________________
7. Сіз ойыншық аю сыйладыңыз. ______________________
8. Ол шығынды дәптерге жазды. ______________________

**7** **Сұраққа жауап беріңіз. Кім не істеді?**

***Үлгі:*** *Серік фотоға түсірді.*



# АҚША
## *Миллионер сөзі*

ояну
құшақтау
жылау
мақтану
таңғалу

**1** **Антоним сөздерді сәйкестендіріңіз.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1. сау | □ | □ | а) кедей |
| 2. бай | □ | □ | ә) ауру |
| 3. ақылды | □ | □ | б) ақымақ |
| 4. шын | □ | □ | в) өтірік |

**2** **Сөздердің мағынасын есте сақтаңыз.**


**ояну**


**құшақтау**


**жылау**


**мақтану**


**таңғалу**

**3** **Ойланыңыз.**

– Сіздің қасыңызда бай адамдар бар ма?
– Олар қалай бай болды?
– Олардың табысы қандай?

Дүниеге келу - туу.

**4** **Сұрақтарды оқып, миллионер туралы мәтіннен сұрақ жауабын табыңыз.**

– Ол қалай бай болды?
– Оның табысына адамдар не үшін таңғалады?
– Қызы әкесімен не үшін мақтанды?



Джефф Пирс – миллионер. Оның шын аты – Джеймс. Анасы оның атын ауыстырды. Өйткені ол өз атын дұрыс айта алмады.

Пирс 1950 жылы Ливерпульде туды. Пирстің отбасы кедей болды. Оны бәрі ақымақ санады. Себебі оқи алмады, жаза алмады. Ол кезде адамдар дислексия ауруы туралы көп білмеді.

Бірақ Пирс киім сатуды білді. Алғашында Пирс пен анасы үйлерді аралады. Ескі киімдерді сатып алып, оны базарға сатты.

1983 жылы оның кішкентай дүкені болды. Бір күні Джефф 750 стерлингке шалбар алып, оны 25000 фунт стерлингке сатты. Газетке оның дүкені туралы материал шықты. Осылайша Джефф миллионер болды.



Бірақ ол әлі оқи алмады, жаза алмады. Бір күні қызы әкесіне ертегі оқуды сұрады. Сол кезде Джефф жылап жіберді.

1992 жылы Джефф «Жыл бизнесмені» премиясын алды. Осы уақытта Пирс достары мен таныстарына шындықты айтты.

Жақында Джефф түн ортасында оянды. Үйіне қызы келіпті. Ол әкесі туралы шындықты біліпті. "Әке, мен сенімен мақтанамын!" - деді қызы әкесін құшақтап.

**5** **Мәтінді қайта оқыңыз. Оқиғаларды ретімен қойыңыз.**

№ *1* А) Ол ескі заттарды базарға сатты.

№___ Ә) Ол кішірек киім дүкенін ашты.

№___ Б) Ол премия алды.

№___ В) Оның дүкені туралы газетте жазды.

**6** **Сұрақтарды қажетті сөздермен толықтырыңыз.**

**Қажетті сөздер:** ~~шын~~, атын, келді, миллионер, ақымақ, сауданы, жылады, туды

1. Джеффтің *шын* аты кім?
2. Анасы Джеффтің ________ не үшін ауыстырды?
3. Пирс қашан, қай жерде ________?
4. Пирсті неге ________ санады?
5. Джефф ________ қалай бастады?
6. Ол қалай ________ болды?
7. Ертегі оқуды сұрағанда Джефф не үшін ________?
8. Түн ортасында қызы әкесіне не үшін ________?

**7** **Жоғарыдағы сұрақтарды екінші жақта өзгертіп, сұхбат сұрағын жазыңыз.**

***Үлгі:***

*– Сіздің шын атыңыз кім?*

*– Анаңыз сіздің атыңызды не үшін ауыстырды?*

*– Қашан, қай жерде тудыңыз?*

________________________________
________________________________
________________________________
________________________________
________________________________

**1** **«Пирамида» сөзжұмбағын табыңыз.**

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Т | Ж | І | Д | З | Ж | Е | Б | Қ | Ұ | Й | Д | Ы | Ә | Қ | Щ | Ж | Һ | Қ | С |
| А | Қ | Г | О | Н | О | С | Ш | Ұ | К | Е | Л | І | І | Ы | С | Ұ | З | Ұ | А |
| Ң | П | К | М | Е | С | Е | Ы | Т | Ү | С | І | Р | У | М | А | М | А | Ш | П |
| Ғ | О | Ә | А | Й | П | П | Ғ | Қ | О | Я | Н | Д | Ы | Б | П | С | П | А | А |
| А | В | Д | Қ | Ф | А | Т | Ы | К | І | Р | І | С | Ң | А | А | А | Р | Қ | С |
| Л | П | Е | Т | Я | Р | Е | Н | К | А | Р | З | А | Н | Т | Л | Д | О | Т | Ы |
| Д | Т | С | А | А | Л | Д | Ж | Ж | Ы | Л | А | Д | Ы | Ғ | Ы | Ы | Ч | А | З |
| Ы | Ц | Ы | Н | Р | А | І | Л | Р | Ж | И | Н | А | Д | Ы | Х | Э | М | У | С |
| С | О | Й | У | Ш | У | Ы | А | Р | А | Л | А | Д | Ы | Ү | Б | Ө | Й | І | Ң |

**2** **Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Неліктен Айша күніне мың теңге жұмсады?
2. Ол өз мақсатына жетті ме?

## *«Күніне 1000 теңге жұмсаймын»*

1. «Маған көп ақша керек емес», – дейді Айша. Ол мұны дәлелдеді. Айша бір жыл бойы күніне бір мың теңге жұмсады.



2. Бұл идея қайдан келді? Оның ағасына сыйлық жасағысы келді.

3. «Бұл оңай болмады», – дейді Айша. Ол тамақты көбінесе тауық етінен, көкөністен жасады.

4. Автобуспен жүрмеді. Кейде жаяу, кейде велосипедпен жүрді. Оның үш жақын досы болды. Достарымен сөйлесу үшін олардың үйлеріне барды.

5. Осы тәжірибе жақсы нәтиже көрсетті.

**3** **Мәтіннен бес абзац алынып тасталған. Мәтінді қайта оқып, А-Г бөлімдерін қажетті жерге қойыңыз.**

А. Сондықтан ол өзіне талап қойды. Керексіз заттарды сатып алмады.

Ә. Ал бұрын ол күніге кафеге барушы еді.

Б. Жыл соңында ол ағасына жақсы сыйлық берді.

В. Бұл ақша ішіне киім, тамақ, басқа да заттар кірді.

Г. Бірақ Айша өзін бақытсыз сезінбеді.

**4** **Суреттер бойынша диалог құрастырып жазыңыз.**





# 8 ТАРАУ

## ХОББИ


8.А Хобби
8.Ә Тіл үйренгім келеді
8.Б Кітап – менің досым
8.В Қолөнерге жақынмын
8.Г Менің сүйікті ісім
8.Ғ Тарауды қайталау

**1** **Суретке мұқият қараңыз. Дұрыс жауапты белгілеңіз.**

ән айту
ән/ радио тыңдау
жүгіру
гитара тарту
скейтборд тебу



**Сіздің хоббиіңіз қандай?**

Менің хоббиім –

- [ ] а. билеу
- [ ] ә. жүгіру
- [ ] б. саяхаттау
- [ ] в. серуендеу



**Сіздің хоббиіңіз қандай?**

Менің хоббиім –

- [ ] а. оқу
- [ ] ә. жүзу
- [ ] б. жүру
- [ ] в. ойнау



**Сіздің хоббиіңіз қандай?**

Менің хоббиім –

- [ ] а. ән айту
- [ ] ә. би билеу
- [ ] б. ән тыңдау
- [ ] в. гитара тарту



**Сіздің хоббиіңіз қандай?**

Менің хоббиім –

- [ ] а. дайвинг
- [x] ә. серфинг
- [ ] б. хели-ски
- [ ] в. мотокросс



**Сіздің хоббиіңіз қандай?**

Менің хоббиім –

- [ ] а. шаңғы тебу
- [ ] ә. коньки тебу
- [ ] б. велосипед тебу
- [ ] в. скейтборд тебу



**Сіздің хоббиіңіз қандай?**

Менің хоббиім –

- [ ] а. киноға бару
- [ ] ә. тамақ пісіру
- [ ] б. детектив оқу
- [ ] в. интернетке кіру

**2** **Мағынасын түсіндіріңіз.**







**3** **Болымсыз мағына тудыратын қосымшаларды еске түсіріңіз. Үлгіге қарап, етістіктерге қосымша жалғаңыз.**

| | |
|---|---|
| істей алады | істей ал_ма_йды |
| билей алады | билей ал___йды |
| жүзе алады | жүзе ал___йды |
| ән айта алады | ән айта ал___йды |
| гитара тарта алады | гитара тарта ал___йды |
| скейтборд тебе алады | скейтборд тебе ал___йды |

**4** **Мәтіндерді тыңдаңыз. Суреттерді анықтама ретінде қолданып, Әлихан мен Даниал туралы жазыңыз.**

Әлихан | Даниал



1. *Даниал гитарада ойнай алады.*



2. ............................................................



3. ............................................................



4. ............................................................



5. ............................................................



6. ............................................................




7. ............................................................



8. ............................................................



9. ............................................................



10. ............................................................



11. ............................................................



12. ............................................................

**5** **Мәтіндерді қайта тыңдап, кестені толтырыңыз.**

| | Әлихан | Даниал |
|---|---|---|
| **Тегі** | ............................................ | ............................................ |
| **Жасы** | ............................................ | ............................................ |
| **Тұратын қаласы** | ............................................ | ............................................ |
| **Отбасы** | ............................................ | ............................................ |
| **Мінезі** | ............................................ | ............................................ |
| **Хоббиі** | ............................................ | ............................................ |
| **Демалыс күндері айналысатын істері** | ............................................ | ............................................ |

**6** **Сұрақтарға жауап беріңіз.**

***Үлгі:*** Әлихан дайвингпен айналыса алмайды.

1. Әлихан нені істей алады, нені істей алмайды?
2. Даниал нені істей алады, нені істей алмайды?
3. Сіз ше, нені істей аласыз, нені істей алмайсыз?

**1** **Үш тіл үйренушіден топ құрыңыз. Сөздерді тыңдап, жалғастырыңыз. Аталған сөздерді белгілеп отырыңыз.**

үйрену/ меңгеру
деңгей
халықаралық/ әлемдік
әуес

**1-тіл үйренуші**

| | | | |
|---|---|---|---|
| әуес | ☑ | ☐ | халықаралық |
| үнемі | ☐ | ☐ | тамаша |
| тыңдау | ☐ | ☐ | ешқашан |
| әлемдік | ☐ | ☐ | керек |

**2-тіл үйренуші**

| | | | |
|---|---|---|---|
| деңгей | ☐ | ☐ | үйрену |
| керек | ☐ | ☐ | қиын |
| әуес | ☐ | ☐ | оңай |
| меңгеру | ☐ | ☐ | тамаша |
| халықаралық | ☐ | ☐ | жұмсау |

**3-тіл үйренуші**

| | | | |
|---|---|---|---|
| жұмсау | ☐ | ☐ | тыңдау |
| ешқашан | ☐ | ☐ | деңгей |
| қиын | ☐ | ☐ | меңгеру |
| оңай | ☐ | ☐ | үнемі |
| үйрену | ☐ | ☐ | әлемдік |

**Назар аударыңыз!**

*Грамматика*

Менің үйрен+**гі**+м келеді.
Біздің меңгер+**гі**+міз келеді.

Сенің оқы+**ғы**+ң келеді.
Сендердің тыңда+**ғы**+ларың келеді.

Сіздің айт+**қы**+ңыз келеді.
Сіздердің жұмса+**ғы**+ларыңыз келеді.

Оның кет+**кі**+сі келеді.
Олардың бар+**ғы**+сы келеді.

**2** **Диалогті оқыңыз.**
**Бос орынға қажетті сөздерді қойыңыз.**

***Қажетті сөздер:***

керек, үнемі, жұмсау, ~~әуеспін~~, үйренгім, меңгергім, деңгейінді, тыңдаймын, халықаралық

– Мен тіл үйренуге 1. _*әуеспін*___.
– Тамаша! Менің де тіл 2. ____________ келеді.
– Қай тілдерді жақсы білесің?
– Қазақша, орысша, ағылшынша, французша. Сен ше?
– Мен 3. ____________ тілдерді білмеймін.
Бірақ 4. ____________ келеді.
– Әрине, көп тіл білу 5. ____________ Ол үшін көп уақыт 6. ____________ керек.
– Иә, көп 7. ____________, 8. ____________ оқимын.
– Дұрыс, солай 9. ____________ көтересің.

**3** **Етістікке *-ғы/-гі, -қы/-кі* қосымшасының бірін жалғаңыз.**

1. Мен тіл үйренуге әуеспін, жаңа тіл меңгер*гі*м келеді.
2. Сенің ағылшын тілін үйрен___ң келеді.
3. Сіздің шетелге бар___ңыз келеді.
4. Оның француз тілінде оқы___сы келеді.
5. Біздің радио тыңда___мыз келеді.
6. Сендердің уақыт жұмса___ларың келеді.
7. Сіздердің қазақ тілінде айт___ларыңыз келеді.
8. Олардың Қазақстанға кел___сі келеді.

**4** **Мәтінді толықтырыңыз. Суреттегі ақпаратты пайдаланыңыз.**

Менің атым – Айгерім.

Менің хоббиім – ________.

Мен көптеген ________ тілдерді білемін.

Өз ана тілімді өте ________ білемін.

Француз тілінен қазақ тіліне аудару мен үшін ________ емес. Ағылшынша тілдік ________ жоғары.




**5** **Айгерімнің хоббиі қандай? Кестеден тауып белгілеңіз. Өзіңіз туралы қосып айтыңыз.**

| | Кітап оқу | Фильм көру | Тіл үйрену | Радио тыңдау | Гитарада ойнау | Ән айту | Компьютерлік ойын ойнау | Интернетке кіру | Спортпен айналысу |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Айгерім** | | | | | | | | | |
| **Руслан** | | | | | | | | | |
| **Равшана** | + | | | | | | | | |

**6** **Мәтінді оқып, жоғарыда берілген кестені толтырыңыз.**



Есімім – Руслан. Ұлтым – орыс. Мен орысша, қазақша, ағылшынша жақсы білемін. Мен өнерлімін. Гитарада ойнай аламын, әнді жақсы айтамын. Бос уақытта менің суда жүзгім келеді, велосипед тепкім келеді, жүгіргім келеді. Кейде компьютерлік ойындар да ойнағым келеді. Ал тілдерді меңгеру қызық, бірақ хобби емес.



Менің атым – Равшана. Мен өзбек, орыс, қазақ, ағылшын, неміс тілдерін жақсы білемін. Мен тілдерді білуге әуеспін. Бос уақытымда радиодан ағылшынша музыка тыңдаймын, фильм көремін, кітап оқимын. Үнемі сөз жаттаймын. Енді француз тілін меңгергім келеді. Жоғары деңгейде білгім келеді. Тіл үйрену ешқашан кеш емес. Әсіресе әлемдік тілдерді білу керек.

**7** **Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Русланның не істегісі келеді? – *Русланның суда жүзгісі келеді.*
2. Равшананың қалауы қандай?
3. Сіздің ше, нені істегіңіз келеді?

ай
пікір
ойлау
кеңес беру
кітапхана
қызықты
қызықсыз
түнге дейін

## 1 Сәйкестендіріңіз.

| | |
|---|---|
| **1.** ойлану | **а.** ай |
| **2.** ақыл айту | **ә.** пікір |
| **3.** кітаптар сақтайтын жер | **б.** ойлау |
| **4.** адамның ойы, көзқарасы | **в.** кітапхана |
| **5.** 30 не 31 күннен тұрады (ақпаннан басқасы) | **г.** кеңес беру |

## 2 Бос орынға қажетті сөздерді қойыңыз.

*~~айда~~* • *пікір* • *ойладың* • *кеңес береді* • *кітапханаға*

1. Бір *айда* бір кітап оқимын.
2. Сен қиын деп __________.
3. __________ үнемі барасыз ба?
4. Ол кітапты оқуға ___________.
5. Кітап туралы ________ білдіріңіз.

## 3 Сөздердің мағынасын түсіндіріңіз. Сөйлем құраңыз.


қызықты


қызықсыз


түнге дейін

## 4 Диалогті қажетті сөздермен толықтырыңыз.

***Қажетті сөздер:*** қызықты, қызықсыз, түнге дейін, кітапханадан.

**1**

– Кітап маған ұнамады.
– ................ ба?
– Менің пікірімше, ................

**2**

– Мен мұны оқуға кеңес беремін.
– Иә, саған ұнаған ғой?
– Ұнады. ................ екен.

**3**

– Кітапты сатып алдың ба?
– Жоқ. ................ алдым.
– Менің де алғым келеді. Қай жерден алдың?

**4**

– Кітапты қашан оқисың?
– Кешкі астан кейін.
– ................ оқисың ғой?
– Иә.

**5** **Кітапты не үшін оқу керек? Бірнеше жауапты белгілеуге болады ☑.**

- ☐ Кітап оқу қызықты.
- ☐ Білімің көп болады.
- ☐ Басқа елдер туралы білесің.
- ☐ Көп сөз үйренесің.
- ☐ Кітап арзан.
- ☐ Жаңалықтарды білесің.

**6** **Мәтіндерді оқыңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.**



Мен Абзалмын. Менің хоббим – кітап оқу. Мен үнемі кітап оқимын. Бала кезімде менің кітап оқығым келмейтін. Кітап оқуды қызықсыз деп ойладым. Қазір кітап – менің досым, кітап оқу – хоббим. Бір айда екі-үш кітап оқимын. Кітапты кітапханадан немесе дүкеннен аламын.



Менің атым – Кәмила. Мына кітапты көргенде, қызықсыз деп ойладым. Өйткені кітапта қызықты сурет жоқ. Бірақ бұл қате пікір екен. Кітапты оқығанда, мен таңғалдым. Ол қызықты екен. Ал қазір түнге дейін оқимын. Сіздерге де оқуға кеңес беремін. Менің ата-анам қуанышты. Себебі мен кітапты көп оқымайтынмын.

1. Неліктен Абзал бала кезінде кітап оқымады? – *Кітап оқу қызықсыз деп ойлады.*
2. Абзал қазір неге әуестенеді? – ____________________
3. Абзал айына қанша кітап оқиды? – ____________________
4. Абзал кітапты қайдан алады? – ____________________
5. Неге Кәмила кітапты қызықсыз деп ойлады? – ____________________
6. Кәмиланың әке-шешесі неге қуанады? – ____________________
7. Кәмила неге таңғалады? – ____________________
8. Кәмила қандай кеңес береді? – ____________________

колөнер
әшекей бұйым
жәрмеңке
тоқу

## 1 Сөздер мен суреттерді сәйкестендіріңіз.

| қолөнер | әшекей бұйым | жәрмеңке | тоқу |
|---|---|---|---|
| 4 | | | |

1 
2 
3 
4 

## 2 Сөздерді тіркестіріңіз.

1. Тоқуды
2. Қолөнерге
3. Жәрмеңкені
4. Әшекей бұйымдар

а. әуеспін
ә. жасаймын
б. үйренемін
в. аралаймын

**Есте сақтаңыз!**

| Етістік | Қосымша | Жіктік жалғауы | Мысалы |
|---|---|---|---|
| бар | -а | *-мын/-мін* | барамын |
| кел | -е | *-сың/-сің* | келемін |
| таңда | -й | *-сыңдар/-сіңдер* *-ды/-ді* | таңдаймын |

| Етістік | Қосымша | Жіктік жалғауы | Мысалы |
|---|---|---|---|
| бар | *-ды* | *-м* | бардым |
| кел | *-ді* | *-ң* | келдің |
| айт | *-ты* | *-ңыз / ңіз* | айттыңыз |
| кет | *-ті* | - | кетті |

## 3 Сөзге *-а/ -е/ -й* қосымшасының бірін жалғаңыз.

| | | | |
|---|---|---|---|
| түсу | *түс.е.мін* | таңғалу | *таңғал...мын* |
| ояну | *оян...мын* | есептеу | *есепте...мін* |
| жылау | *жыла...мын* | мақтану | *мақтан...мын* |
| жинау | *жина...мын* | саудаласу | *саудалас...мын* |
| сақтау | *сақта...мын* | жоспарлау | *жоспарла...мын* |

**4** **Сөйлемдерді үлгі бойынша өзгертіңіз.**

| | |
|---|---|
| 1. Мен кілем тоқуды үйрендім. | 1. *Мен кілем тоқуды үйренемін.* |
| 2. Сен сөмке тоқуды меңгердің. | 2. |
| 3. Сіз жәрмеңкені араладыңыз. | 3. |
| 4. Ол үйренуге көп уақыт жұмсады. | 4. |
| 5. Біз кәдесый сатып алдық. | 5. |
| 6. Сендер заттарды ауыстырдыңдар. | 6. |
| 7. Әшекей бұйымдарды таңдадыңыздар. | 7. |
| 8. Олар тауар ақшасын төледі. | 8. |

**5** **Суретке қарап әңгіме құрастырып жазыңыз. Қажет сөздерді қолданыңыз.**


















**1** **Сөздер мен суреттерді сәйкестендіріңіз.**










- ☐ сурет салу
- ☐ теледидар көру
- ☐ фотоға түсіру
- ☐ шахмат ойнау
- ☐ дүкен аралау
- ☐ тамақ пісіру
- ☐ балық аулау
- ☐ футбол ойнау

сурет салу
фотоға түсіру
теледидар көру
балық аулау
шахмат/футбол ойнау

**2** **Толықтырыңыз. Жаттығыңыз.**

**Мен** ***жақсы көремін.***
Сен ______________________________.
Сіз ______________________________.
Ол ______________________________.

**Мен** ***ұнатамын.***
Сен ______________________________.
Сіз ______________________________.
Ол ______________________________.

**Мен** ***айналысамын.***
Сен ______________________________.
Сіз ______________________________.
Ол ______________________________.

**3** ***-ды/-ді*** **қосымшасының бірін жалғап, сұрақтарға жауап беріңіз.**

***Сіз нені жақсы көресіз? Сіз нені ұнатпайсыз?***

| | | |
|---|---|---|
| сурет салу | *сурет салу**ды*** | *Мен сурет салу**ды** жақсы көремін / жақсы көрмеймін.* |
| теледидар көру | | |
| фотоға түсіру | | |
| шахмат ойнау | | |
| дүкен аралау | | |
| тамақ пісіру | | |
| балық аулау | | |
| футбол ойнау | | |

**Назар аударыңыз!**

**Ережені еске түсіріңіз! Жаттығыңыз.**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Мен | | аламын/алмаймын | Мен | | аламын/алмаймын |
| ______ | шахмат ойнай | аласың/алмайсың | ______ | сурет сала | аласың/алмайсың |
| ______ | | аласыз/алмайсыз | ______ | | аласыз/алмайсыз |
| ______ | | алады/алмайды | ______ | | алады/алмайды |

**4** **Үлгіге сүйеніп, тиісті қосымшаны қойыңыз.**

1. Арман сурет сала.. алмайды.
2. Нұрилә теледидар көр.... алады.
3. Апам фотоға түсір.... алмайды.
4. Інім шахмат ойна.... алады.
5. Қызым сауда жаса.... алмайды.
6. Сіңлім тамақ пісір.... алады.
7. Балам балық аула.... алады.
8. Ағам футбол ойна.... алмайды.

**5** **Суреттерді пайдаланып, досыңызға сұрақ дайындаңыз. Досыңыздың жауабын жазыңыз.**






| Сұрақ | Жауап |
|---|---|
| 1. Сен суда жүзе аласың ба? | Иә, мен суда жүзе аламын. / Жоқ, мен суда жүзе алмаймын. |
| 2. ________________ | ________________ |
| 3. ________________ | ________________ |
| 4. ________________ | ________________ |

**1** **Сөзжұмбақты шешіңіз.**




**Тігінен:**

**1.** Интеллектуалдық ойын аты.
**2.** «Меңгеру» сөзінің синонимі.
**3.** Кітап сақтайтын орын.
**4.** «Дәреже» сөзінің синонимі.
**5.** «Үйір, құштар, құмар» сөздерінің синонимі.
**6.** Жылдам жүру.
**7.** «Халықаралық» сөзінің синонимі.
**8.** «Ақыл» сөзінің синонимі.
**9.** «Қызықсыз» сөзіне антоним.
**10.** Ой, көзқарас.
**11.** «Фотоға ...».
**12.** «Әшекей ...».

1. шахмат • 2. үйрену • 3. кітапхана • 4. деңгей • 5. әуес • 6. жүгіру • 7. әлемдік • 8. кеңес • 9. қызықты • 10. пікір • 11. түсіру • 12. бұйым

**2** **Суретке қарап, Мадинаның нені ұнатып, нені ұнатпайтынын анықтаңыз.**


X

**1. ән айту**

*Мадина ән айтқанды ұнатпайды.*


✓

**2. кітап оқу**


✓

**3. тіл үйрену**


X

**4. қолөнермен айналысу**


✓

**5. дүкен аралау**

**3** **Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіз.**



Менің атым – Диас. Менің жасым – отыз бірде. Мен Шымкент қаласында тұрамын. Мен жүзуді, кітап оқығанды жақсы көремін. Менің сүйікті ісім – баскетбол ойнау. Өйткені менің бойым биік. Мен теннис ойнай алмаймын. Маған сурет салу да ұнайды. Мен интернетке сирек кіремін. Оған көп уақытымды жұмсағым келмейді. Достарыммен бірге демалыс күндері баскетбол ойнауға барамын.

| | |
|---|---|
| 1. Диас не істегенді жақсы көреді? | *Диас жүзгенді, кітап оқығанды жақсы көреді.* |
| 2. Диастың жасы нешеде? | |
| 3. Ол қай қалада тұрады? | |
| 4. Оның хоббиі қандай? | |
| 5. Неліктен Диас баскетбол ойнайды? | |
| 6. Диас нені істей алмайды? | |
| 7. Диасқа тағы қандай істермен айналысқан ұнайды? | |
| 8. Ол демалыс күндерін қалай өткізеді? | |
| 9. Неліктен Диас әлеуметтік желіге аз кіреді? | |

**4** **Үлгіге сүйеніп, сұраққа қалау рай формасында жауап беріңіз.**

*Сіз нені қалайсыз? Сіздің немен айналысқыңыз келеді?*

**Үлгі:** *Менің қалауым – классика жанрындағы кітаптарды оқу. Менің классика жанрындағы кітаптарды оқығым келеді.*

1. ____________________ 2. ____________________

3. ____________________ 4. ____________________

**5** **Өзіңіздің хоббиіңіз туралы жазыңыз. Үлгі мәтінді пайдаланыңыз.**

*Менің хоббиім*

Менің атым – ________________. Менің жасым ________________. Мен ________________ қаласында тұрамын.

Менің хоббиім – ______________________________________________. Мен ____________________ жақсы көремін. Маған _________________________________ ұнамайды. Мен ________________ аламын/ алмаймын. Демалыс күндерін ________________ өткіземін.



# ЖҰМЫС ІЗДЕЙМІН


9.А Жұмыс және мамандық
9.Ә Жұмыс іздеймін
9.Б Келісімшарт жасайық
9.В Менің жұмысым
9.Г Құрметті мамандық
9.Ғ Тарауды қайталау


## 9 ТАРАУ

# ЖҰМЫС ІЗДЕЙМІН

## *Жұмыс және мамандық*

мамандық
жұмыс
... болып жұмыс істеймін

**1** Суретке сай сөздерді табыңыз.

1


2


3


4


5


6


7


8


9


10


11


12


а. дәрігер
ә.сатушы
б. өрт сөндіруші
в. ұшқыш
г. шаштараз
ғ. суретші
д. мұғалім
е. аспаз
ж. жүргізуші
з. есепші
й. тігінші
к. жазушы

**2** **Мамандық пен оның қызметін сәйкестендіріңіз.**

| | |
|---|---|
| 1. Аспаз | а) емдейді. |
| 2. Тілші | ә) есептейді. |
| 3. Есепші | б) оқу үйретеді. |
| 4. Дәрігер | в) ұшақ жүргізеді. |
| 5. Мұғалім | г). кітап жазады. |
| 6. Ұшқыш | ғ) ас дайындайды. |
| 7. Жазушы | д) интервью алады. |

**3** **Сөйлем құраңыз.**

Мен
Сен
Сіз
Ол

дәрігер
ұшқыш
аспаз
шаштараз
жазушы
тілші
есепші
жүргізуші
мұнайшы
хатшы

болып | жұмыс | істей____

**4** **Диалогті тыңдаңыз. Кім қандай жұмыс істейтінін анықтап, сәйкестендіріңіз.**

| | |
|---|---|
| **1.** Айжан Болатқызы | **а)** аспаз |
| **2.** Қанат | **ә)** хатшы |
| **3.** Қанаттың әкесі | **б)** есепші |
| **4.** Қанаттың шешесі | **в)** ұшқыш |
| **5.** Қанаттың әпкесі | **г)** дәрігер |
| **6.** Қанаттың қарындасы | **ғ)** жазушы |
| **7.** Қанаттың ағасы | **д)** шаштараз |
| **8.** Қанаттың інісі | **е** жүргізуші |

**5** **Диалогті қайта тыңдап, бос орынға қажетті сөзді қойыңыз.**

мамандығы | ~~кім?~~ | болып | қайда? | қандай? | жұмыс

– Сәлеметсің бе, Қанат!

– Сәлеметсіз бе, Айжан Болатқызы!

– Қанат, сен 1__*кім*__ болып жұмыс істейсің?

– Мен ұшқышпын Сіз ше, мамандығыңыз 2____________?

– Мен дәрігер 3________ жұмыс істеймін. Сенің әкең жазушы ма?

– Иә, ол – жазушы, анам – аспаз.

– Әпкең мен қарындасың 4____________ жұмыс істейді?

– Әпкем – есепші. Қарындасымның 5____________ – тілші. Бірақ ол хатшы болып 6________ істейді.



кәсіп
алайда
әлде
шығу
айналысу

кәсіпкер
аудармашы
заңгер
мейірбике

## 1 Ойланыңыз. Синоним сөздерді сәйкестендіріңіз.

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1. әлде | ☐ | ☐ | а) бірақ |
| 2. кәсіп | ☐ | ☐ | ә) немесе |
| 3. алайда | ☐ | ☐ | б) жұмыстан босау |
| 4. айналысу | ☐ | ☐ | в) шұғылдану/істеу |
| 5. жұмыстан шығу | ☐ | ☐ | г) жұмыс/мамандық |

## 2 Сөйлем құраңыз.

1. Сіз / айналысасыз / кәсіппен / қандай? *Сіз қандай кәсіппен айналысасыз?*
2. шығамын / Мен / жұмыстан ________________________________
3. маған / ұнайды / жұмысым/ Алайда ________________________________
4. сен/ ба / Әлде/ жұмыстан шықтың ________________________________

## 3 Суретке сәйкес сөзді жазыңыз.

кәсіпкер | аудармашы | ~~мейірбике~~ | жазушы | сатушы | заңгер



а. *мейірбике*



ә. ________________



б. ________________



в. ________________



г. ________________



д. ________________

# ЖҰМЫС ІЗДЕЙМІН

*Жұмыс іздеймін*

**4** **Бос орынға қажетті сөзді қойыңыз. *-а/-е/-й* қосымшасының бірін жалғап жазыңыз.**

емдеу • жазу • аудару • сату • қорғау • ~~кәсіппен айналысу~~.

1. Кәсіпкер *кәсіппен айналысады*.
2. Сатушы ________________________.
3. Медбике ________________________.
4. Заңгер ________________________.
5. Жазушы ________________________.
6. Аудармашы ________________________.

**5** **Мәтіндерді оқып, суреттердегі қыздардың атын жазыңыз.**

**Бота:** Мен 18-демін. Университетте оқимын. Болашақ мамандығым – заңгер. Ағылшынша жақсы білемін. Оқуда 9:00-ден 14:00-ге дейін боламын. Мен дүкен аралағанды жақсы көремін. Ол үшін ақша керек. Сондықтан бос уақытымда жұмыс істегім келеді.



**Сымбат:** Мен колледжде оқимын. Болашақта мейірбике боламын. Сабаққа түсте барамын. Маған қазір жұмыс керек. Алайда бұрын жұмыс істемегенмін. Маған адамдармен жұмыс істеген ұнайды. Себебі мен тез тіл табысамын.



**Анель:** Менің отбасым бар. Балам бар. Сондықтан мен жұмыстан шықтым. Қазір біз ақша жинап жүрміз. Біздің үй алғымыз келеді. Маған үйде істейтін кәсіп керек. Менің компьютерім бар. Мен компьютерде жақсы жаза аламын. Көп жұмыс істеймін.



**6** **Бос орынға қыздардың атын жазыңыз.**

а) шет тілін біледі *Анель*

ә) ақшасын сақтап жүр ______

б) колледжде оқып жүр ______

в) үй сатып алғысы келеді ______

г) киім сатып алғысы келеді ______

ғ) адамдармен сөйлескенді жақсы көреді ______

**7** **Жарнаманы оқып, Сымбат, Бота, Анельге қажет жұмысты табыңыз. Себебін түсіндіріңіз.**

***Үлгі:*** *Әлия балабақшада жұмыс істеу керек. Ол балаларды жақсы көреді.*

Дүкенге сатушы керек!!! Жұмыс уақыты: 8:00-13:00

Тәжірибелі медбике керек!!! Жұмыс уақыты: 14:00-20:00

Ағылшын тілінің аудармашысы керек!!! Жұмыс уақыты: 8:00-13:00

Тәжірибелі заңгер керек!!! Жұмыс уақыты: 9:00-15:00

Компьютерді білетін маман керек!!! Үйде істеуге болады.

Кәсіп ашуға көмектесеміз!!! Кәсіппен айналысып, ақша табыңыз!

# ЖҰМЫС ІЗДЕЙМІН

## *Келісімшарт жасайық*

жұмыс күндері
жұмыс уақыты
түскі үзіліс
жиналыс
келісімшарт
қайда?

**1** **Мамандық атауын еске түсіріңіз. Жұмыс орнын жазыңыз.**

дүкен • кеңсе • ~~емхана~~ • телеарна • мейрамхана • автопарк



*мейірбике*
*емхана*



___________
___________



___________
___________



___________
___________




___________
___________



___________
___________

**2** **Сөздерге *-да/-де/-та/-те* қосымшасын жалғаңыз.**

1. мектепте*те*
2. емхана____
3. дүкен____
4. кеңсе____
5. телеарна____
6. мейрамхана____
7. автопарк____
8. балақша____
9. әуежай____
10. компания____

**3** **Қажетті қосымшаны жалғап, сөйлем құраңыз.**

***Үлгі:*** *Мен мектепте жұмыс істеймін.*

Мен
Сен
Сіз
Ол

→

емхана____
дүкен____
кеңсе____
телеарна____
мейрамхана____
автопарк____
балабақша____
әуежай____
компания____

-да
-де
-та
-те

→

жұмыс істей____.

**4** **Сурет пен сөздерді сәйкестендіріңіз.**

1- *ә* келісімшарт жасау

2-___ жұмысқа тұру

3-___ жұмыс күндері

4-___ жұмыс уақыты

6-___ жиналыс

5-___ түскі үзіліс

а 

ә 

б 

в 

г 

ғ 


**Назар аударыңыз!**

| | |
|---|---|
| Мен жұмыс іздейін. | Біз жұмыс іздейік. |
| Сен жұмыс ізде. | Сендер жұмыс іздендер. |
| Сіз жұмыс іздеңіз. | Сіздер жұмыс іздеңіздер. |
| Ол жұмыс іздесін. | Олар жұмыс іздесін. |

**5** **Сөзге** ***-айын/-ейін,-йын/-йін, -айық/-ейік, -йық/-йік*** **қосымшасын жалғаңыз.**

1. Мен жұмыс тап(б) *айын*.
2. Мен жұмыс жаса______.
3. Мен жұмысқа тұра______.
4. Біз келіс______.
5. Біз жиналысқа бар______.
6. Біз келісімшарт жаса______.

**6** **Суреттерге қарап, әңгіме құрастырыңыз.**



# ЖҰМЫС ІЗДЕЙМІН

## *Менің жұмысым*

құрылысшы
балықшы
өрт сөндіруші

**1** **Ойланыңыз. Мамандықтар туралы жұмбақты шешіңіз.**














| | | |
|---|---|---|
| Мен үй тұрғызамын. | Мен балық аулаймын. | Мен өрт сөндіремін. |
| *құрылысшы* | *балықшы* | *өрт сөндіруші* |
| Мен дәрігерге көмектесемін. | Мен адамдарды емдеймін. | Мен машина жүргіземін. |
| | | |
| Мен оқу үйретемін. | Мен ұшақта қызмет көрсетемін. | Мен ұшақ жүргіземін. |
| | | |
| Мен іс-қағаз жүргіземін. | Мен дүкенде жұмыс істеймін. | Мен кәсіппен айналысамын. |
| | | |
| Мен трактор жүргіземін. | Мен шаш сәндеймін. | Мен доп тебемін. |
| | | |
| Мен қылмыскермен күресемін. | Мен ас дайындаймын. | Мен кітап жазамын. |
| | | |
| Мен аударма жасаймын. | Мен телеарнада жұмыс істеймін. | Мен ақша есептеймін. |
| | | |











**2** **Ережені еске түсіріңіз. Тиісті сөзді қойыңыз.**

Менің
Сенің
Сіздің
Оның

| | |
|---|---|
| *Менің* атым | |
| _______ жасым | _______ міндеті |
| _______ отбасың | _______ компаниям |
| _______ қызметіңіз | _______ мамандығың |
| _______ жұмысың | _______ жұмыс орныңыз |
| _______ кәсібіңіз | _______ жұмыс уақытым |

**3** **Сөйлем құраңыз.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| Менің<br>Сенің<br>Сіздің<br>Оның | міндет | -ім<br>-ің<br>-іңіз<br>-і | адамдарды емдеу<br>балаларды оқыту<br>үй тұрғызу<br>өртті сөндіру<br>қоңырауға жауап беру, хаттарды жіберу<br>киімдерді сату<br>шашты сәндеу<br>адамдарды қорғау<br>тамақ жасау<br>аударма жасау<br>кіріс пен шығысты есептеу |

**4** **Мәтінді оқып, көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны жалғаңыз.**




Менің ат...... – Әлия. Менің жас...... 25-те. Менің отбас...... бар. Мен мектепте жұмыс істеймін. Мен мұғаліммін. Мен ағылшын тілінен сабақ беремін. Қазақша, орысша, ағылшынша, французша жақсы сөйлеймін. Мен балаларды жақсы көремін. Менің міндет...... – балаларға оқу үйрету, ағылшын тілін меңгерту.

**6** **Өзіңіздің қызметіңіз бен міндетіңіз туралы жазыңыз. Жоғарыдағы мәтінді пайдаланыңыз.**

# ЖҰМЫС ІЗДЕЙМІН

## *Құрметті мамандық*

әнші
суретші
биші
күзетші
құрметті

**1** **Сөзжұмбақты шешіңіз.**




| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | | | | | 5 | | | | |
| а | | | | | | к | | 7 | | |
| | | | | | | | | к | 8 | |
| | | | | | | | 6 | | а | 9 |
| | | | 3 | 4 | | | ұ | | | с |
| | | 2 | б | ә | | | | | | |
| м | а | м | а | н | д | ы | к | т | а | р |
| | | | | | | | | | | |
| | | | | і | | | ш | і | | |
| ы | | | | | | ы | | | | |
| | | | | | | 10 | б | | | і |
| | | | ы | | | | | | | |
| | | ы | | | | | | | | |










**2** **Сөздерге *-шы/-ші* қосымшасын жалғаңыз.**

1. ән*ші*___ 3. сурет____ 5. мұнай____ 7. балық____
2. би____ 4. есеп____ 6.аударма____ 8. құрылыс____

**3** **Суреттерді сипаттаңыз. Үлгіге қарап жазыңыз.**

аспаз • есепші • күзетші • суретші • құрылысшы






*Мен әнші емеспін, мен бишімін.*






___________________________






___________________________






___________________________

**Назар аударыңыз!**

**Құрметті** – басқа адамдар ерекше сыйлайды, құрметтейді.

## 4 Мәтіндерді оқып, оны аяқтаңыз.



Менің есімім – Ғалым. Мен күндіз де, түнде де жұмыс істеймін. Мен қылмыскерлермен күресемін. Мен адамдарды қорғаймын. Менің мамандығым – құрметті мамандықтың бірі. Мен күзетші емеспін, мен ____________________.



Мен Сәулемін. Мен кеңседе, көшеде жұмыс істеймін. Мен әртүрлі тілде сөйлеймін. Кейде басқа елдерге саяхаттаймын. Мен форма кимеймін. Мен газетте жұмыс істеймін. Менің мамандығым – құрметті мамандық. Мен аудармашы емеспін, мен ____________________.



Менің атым – Нұрай. Мен форма киемін. Мен адамдармен жұмыс істеймін. Мен де күндіз-түні жұмыс істеймін. Бірақ көшеде жұмыс істемеймін, емханада істеймін. Адамдар менің мамандығымды құрметтейді. Мен мейірбике емеспін, мен ____________________.

## 5 «Шын» немесе «жалған» ақпаратты белгілеңіз.

| № | Ақпараттар | шын | жалған |
|---|---|---|---|
| 1 | Ғалымның жұмыс уақыты 9:00-ден 18:00-ге дейін. | ☐ | ☑ |
| 2 | Сәуле бірнеше тіл біледі. | ☐ | ☐ |
| 3 | Ғалым тек кеңседе отырады. | ☐ | ☐ |
| 4 | Нұрай әртүрлі киім киеді. | ☐ | ☐ |
| 5 | Сәуле саяхаттауды жақсы көреді. | ☐ | ☐ |
| 6 | Нұрайдың мамандығын адамдар құрметті деп ойлайды. | ☐ | ☐ |

## 6 Мәтінді қайта оқып, сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Кім форма киеді?
2. Кімдер жұмысты түнде де істейді?
3. Кім адамдарды қорғайды?
4. Сәуле қай жерде жұмыс істейді?

## 7 Үлгіні пайдаланып, сұрақтарға қатысты пікір білдіріңіз.

- *Сіздіңше, кімнің мамандығы жақсы? Не үшін?*
- *Сіздіңше, кімнің мамандығы құрметті? Не үшін?*

Менің ойымша, Ғалымның мамандығы жақсы және құрметті. Себебі ол адамдарды қорғайды.

Менің пікірімше, Сәуленің мамандығы жақсы. Себебі ол саяхаттайды. Оның мамандығы құрметті. Өйткені ол газетте жұмыс істейді.

Меніңше, Нұрайдың мамандығы жақсы және құрметті. Өйткені ол адамдармен жұмыс істейді.

# ЖҰМЫС ІЗДЕЙМІН

## *Тарауды қайталау*

**1** **Текшені лақтырыңыз. Текше көрсеткен санға сай қадам жасап, сұраққа жауап беріңіз. Баспалдаққа тап келсеңіз, жоғары өрлейсіз. Ал жыланның басына кез болғанда, төмен сырғанайсыз. Іске сәт!**




**Ойын сұрақтары:**

1. Мамандығыңыз қандай?
2. Қайда жұмыс істейсіз?
3. Кім болып жұмыс істейсіз?
4. Келісімшарт жасадыңыз ба?
5. Жұмыс күндеріңіз қашан?
6. Түскі үзіліске қаншада шығасыз?
7. Міндетіңіз қандай?
8. Қандай мамандықтарды білесіз?
9. Аспаз не істейді?
10. Дәрігер не істейді?
11. Мұғалім не істейді?
12. Аудармашы не істейді?
13. Мейірбике қайда жұмыс істейді?
14. Автобус жүргізушісі қайда жұмыс істейді?
15. Мейрамханада кім жұмыс істейді?
16. Газетте кім жұмыс істейді?
17. «Құрметті» сөзінің мағынасы қандай?
18. Сіздің міндетіңіз қандай?
19. Мамандығыңызды құрметті деп ойлайсыз ба? Неге?

**2** **Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіз.**



Мен Ақберген Ерасыл Берікұлымын. Орал қаласында тұрамын. Отыз алты жастамын. Отбасым, екі қызым бар. Білімім – жоғары. Мамандығым – дәрігер. «Жан дауа» емханасында жұмыс істеймін. Қазақша, орысша, ағылшынша жақсы білемін. Тіл үйренуге әуеспін. Мен неміс тілін үйреніп жүрмін.

### Түйіндеме

| | |
|---|---|
| Аты-жөні: | ________________ |
| Жасы: | ________________ |
| Туған жері: | ________________ |
| Білімі: | ________________ |
| Мамандығы: | ________________ |
| Отбасы жағдайы: | ________________ |
| Жұмыс орны: | ________________ |
| Қосымша ақпараттар: | ________________ |

**3** **Суреттерге қарап, әңгіме құрастырыңыз.**




























# 10 ТАРАУ

## БОС УАҚЫТ

10.А Бос уақыт
10.Ә Бос уақытың бар ма?
10.Б Сағат неше болды?
10.В Күн тәртібім
10.Г Жоспар құру
10.Ғ Тарауды қайталау

**1** **Суретке сәйкес сөзді жазыңыз.**

Апта аттары · түн · қыс · жаз · кеш · түс · ~~таңертең~~ · ай

таңертең
кешке
түнде
қыста
жазда
апта










__________ __________ __________ __________










*таңертең* __________ __________ __________

**Назар аударыңыз!**

| Не? | Қашан? |
|---|---|
| ай | осы/өткен/ келер айда |
| күн | күнде |
| апта | осы/өткен/ келер аптада |
| түн | түнде |
| түс | түсте |
| кеш | кешке |
| қыс | қыста |
| жаз | жазда |
| таң | таңертең |

**2** **Бос орынға қажетті сөзді қойыңыз.**

қыста • кешке • түнде • ~~аптада~~ • түсте • таңертең • айда • жазда

1. Мен (қашан?) __________ теледидардан футбол көремін.
2. Сен (қашан?) __________ коньки тебесің.
3. Сіз (қашан?) __________ далада жүгіресіз.
4. Ол (қашан?)__________ мектепке барады.
5. Біз (қашан?) осы *аптада* фитнеске барамыз.
6. Сендер (қашан?) __________ саябақта серуендейсіңдер.
7. Сіздер (қашан?) осы __________ демаласыздар.
8. Олар (қашан?) __________ кофе ішеді.

**3** **Мәтінді тыңдаңыз. Сызба бойынша ақпараттарды толықтырыңыз.**

Қазақстандық балалар бос уақытында ...

- *серуендейді.*
- __________
- __________
- __________
- __________

# БОС УАҚЫТ

*Бос уақыт*

**4** **Мәтінді қайта тыңдаңыз. Сөйлемдерді ретімен орналастырыңыз.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| ☐ | Балаларға футбол ұнайды. | 1 | Ғалымдар Қазақстан балаларын зерттеді. |
| ☐ | Балалар көбінесе серуендейді. | ☐ | Балалар велосипед тебуді жақсы көреді. |
| ☐ | Балалар бос кезінде теледидар көреді. | ☐ | Балалар бос уақытында видеоойындар ойнайды. |

**5** **Мәтінді қайта тыңдаңыз. Сәйкестендіріңіз.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| қыста | ☐ | ☐ | футбол ойнайды |
| таңертең | ☐ | ☐ | серуендейді |
| кешке | ☐ | ☐ | теледидар көреді |
| түнде | ☐ | ☐ | велосипед тептейді |
| жазда | ☐ | ☐ | видеоойын ойнайды |

(жазда → футбол ойнайды)

**6** **Мәтінді қайта тыңдаңыз. Дұрыс жауапқа √ белгісін қойыңыз.**

| | күніне бір рет | аптасына бір рет | айына бір рет |
|---|---|---|---|
| 1. серуендеу | √ | ☐ | ☐ |
| 2. футбол ойнау | ☐ | ☐ | ☐ |
| 3. велосипед тебу | ☐ | ☐ | ☐ |
| 4. видеоойын ойнау | ☐ | ☐ | ☐ |
| 5. теледидар көру | ☐ | ☐ | ☐ |

**7** **Дұрыс/қате жауапты белгілеңіз.**

| дұрыс | | қате |
|---|---|---|
| √ | Ғалымдар қазақстандық балалардың бос уақытын зерттеді. | ☐ |
| ☐ | Балалар далада жүгіруді жақсы көреді. | ☐ |
| ☐ | Қазақстандық балалар саябақта серуендейді. | ☐ |
| ☐ | Балалар жазда серуендейді. | ☐ |
| ☐ | Балалар футболды жазда ойнайды. | ☐ |
| ☐ | Балалар әр күні теледидар көреді. | ☐ |
| ☐ | Балалар күнде видеоойын ойнайды. | ☐ |

## 1 Сөздерді дыбыстармен толықтырып жазыңыз.

**дүйсенбі** | **с...йс...нб...** | **с...рс...нб...** | **б...йс...нб...** | **ж...ма** | **с...нб...** | **ж...кс...нб...**

күн аттары
демалыс күндері
(сенбі, жексенбі)

## 2 Үлгіге қарап жазыңыз.

| күн | қашан? | қай күні? |
|---|---|---|
| *дүйсенбі* | *дүйсенбіде* | *дүйсенбі күні* |
| с...йс...нб... | | |
| с...рс...нб... | | |
| б...йс...нб... | | |
| ж...ма | | |
| с...нб... | | |
| ж...кс...нб... | | |

## 3 Көп нүктеге *-а/-е/-й* қосымшасының бірін қойыңыз.

1. Мен таңертең кофе іш.е.мін.
2. Сен түсте үзіліске шығ...сың.
3. Сіз кешке серуенде...сіз.
4. Ол түнде ойын ойна...ды.
5. Біз қыста коньки теб...міз.
6. Сендер жазда демал...сыңдар.
7. Сіздер келесі аптада тіл үйрен...сіздер.
8. Олар осы айда кітап оқ...ды.

## 4 Кестеге қараңыз. Үлгіге сүйеніп, қай күні не істейтініңізді жазыңыз.

**дүйсенбі**



спортзалға бару

**сейсенбі**



киноға бару

**сәрсенбі**



биге бару

**бейсенбі**




курсқа бару

**жұма**



серуендеу

**сенбі**



ұйықтау

**жексенбі**



дүкенге бару

***Үлгі:*** *1. Мен дүйсенбіде спортзалға барамын.*

*2.* ______________________________ *5.* ______________________________

*3.* ______________________________ *6.* ______________________________

*4.* ______________________________ *7.* ______________________________

# БОС УАҚЫТ

## *Бос уақытың бар ма?*

**5** **Мәтіндерді оқып, қарамен жазылған сөздерге сұрақ қойыңыз.**

**Үлгі:** *Мен **дүйсенбі** мен **сәрсенбіде** қазақ тілі курсына барамын. – Диана **қашан** қазақ тілі курсына барады?*


*Диана, Мәскеуден*

Менің бос уақытым аз. Мен **дүйсенбі** мен **сәрсенбіде** қазақ тілі курсына барамын. **Сейсенбі күні** достарыммен бірге киноға барамын. Ол күні билеттер арзан сатылады. **Бейсенбіде** мен спортзалға барамын. Ал **сенбіде** биге барамын. **Жексенбі күні** мен түске дейін ұйықтаймын.

Менің бос уақытым жоқ. Менің жеке кәсібім бар. Мен жылына тек бір немесе екі рет рок-концертке барамын. **Сенбі** күні мен автодүкен аралаймын. Машинама заттар сатып аламын. Мен **жексенбіде** ғана теледидардан футбол көремін.


*Тимур, Ташкенттен*


*Вика, Алматыдан*

Мен **дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма күндері** сабаққа барамын. Күнде кешке мен пианино класына барамын. Кешкі 21:00-ден 23.00-ге дейін кітап оқимын. Одан кейін ұйықтаймын. **Осы жұмада** дүкенге барып, көйлек аламын. **Демалыс күндері** отбасыммен серуенге шығамын.

**6** **Мәтінді қайта оқып, ақпараттың кімге қатысты екенін анықтаңыз.**

| № | Ақпараттар | Диана | Тимур | Вика |
|---|---|---|---|---|
| 1. | спортпен айналысады | ✓ | ☐ | ☐ |
| 2. | отбасымен серуендейді | ☐ | ☐ | ☐ |
| 3. | көлігіне зат алады | ☐ | ☐ | ☐ |
| 4. | бизнеспен айналысады | ☐ | ☐ | ☐ |
| 5. | музыкалық аспапта ойнайды | ☐ | ☐ | ☐ |
| 6. | тіл үйреніп жүр | ☐ | ☐ | ☐ |
| 7. | сабаққа барады | ☐ | ☐ | ☐ |
| 8. | түнге дейін кітап оқиды | ☐ | ☐ | ☐ |
| 9. | фильм көруді ұнатады | ☐ | ☐ | ☐ |
| 10. | биге қатысады | ☐ | ☐ | ☐ |
| 11. | рок-музыканы ұнатады | ☐ | ☐ | ☐ |
| 12. | киім дүкенін аралайды | ☐ | ☐ | ☐ |

**7** **Көршіңізге сұрақ қойыңыз. Олардың жоспары туралы айтып беріңіз.**

**Үлгі:** *Дүйсенбіде не істейсің? – Дүйсенбіде жұмысқа барамын.*



Сенбі күні не істейсің?

Сен жексенбіде не істейсің?



жарым
кетті
қалды

## 1 Суретке мұқият қараңыз. Досыңызға түсіндіріңіз.




## 2 Сұрақтар мен жауаптарды сәйкестендіріңіз.

| Сұрақтар | Жауаптар |
|---|---|
| 1. Сағат неше болды? | а) Үштен он минут кеткенде. |
| 2. Сіздің сағатыңыз бар ма? | ә) Төртке бес минут қалды. |
| 3. Сағат неше болғанын білесіз бе? | б) Әрине, төрт жарым болды. |
| 4. Сіз жұмыстан нешеде шығасыз? | в) Білмеймін, менің сағатым жоқ. |

## 3 Дұрыс жауапты белгілеңіз.

**Қазір сағат сегізге жиырма бес минут қалды.**

☐ а) 7:25 ☑ ә) 7:35 ☐ б) 8:35 ☐ в) 8:25

**Қазір сағат жетіден жиырма бес минут кетті.**

☐ а) 7:25 ☐ ә) 7:35 ☐ б) 8:35 ☐ в) 8:25

**Қазір сағат жеті жарым болды.**

☐ а) 7:00 ☐ ә) 7:25 ☐ б) 7:30 ☐ в) 6:30

**Қазір сағат жеті болды.**

☐ а) 7:00 ☐ ә) 7:25 ☐ б) 7:30 ☐ в) 6:30

# БОС УАҚЫТ

## *Сағат неше болды?*

**4** **Сәйкестендіріңіз.**

1. Қазір сағат он жарым болды. ☐ — ☐ а) 3:10
2. Қазір сағат тоғызға бес минут қалды. ☐ — ☐ ә) 7:40
3. Қазір сағат сегізге жиырма минут қалды. ☐ — ☐ б) 5:50
4. Қазір сағат он бірден он бес минут кетті. ☐ — ☐ в) 1:45
5. Қазір сағат алтыға он минут қалды. ☐ — ☐ г) 8:55
6. Қазір сағат үштен он минут кетті. ☐ — ☐ ғ) 10:30
7. Қазір сағат екіге он бес минут қалды. ☐ — ☐ д) 11:15



**5** **Сағат суретіне уақытты көрсетіңіз.**



*Сағат бір жарым болды.*



*Сағат бестен жиырма минут кетті.*



*Сағат алтыға он бес минут қалды.*



*Сағат он екіге бес минут қалды.*



*Сағат үш жарым болды.*

**6** **Уақытты санмен жазыңыз.**

1. Қазір сағат жеті жарым болды. *7 : 30*
2. Қазір сағат тоғызға жиырма минут қалды. ___:___
3. Қазір сағат бестен он бес минут кетті. ___:___
4. Қазір сағат бір жарым болды. ___:___
5. Қазір төрттен жиырма бес минут кетті. ___:___
6. Қазір беске жиырма минут бар. ___:___
7. Қазір бестен қырық бес минут кетті. ___:___



**7** **Сағат қанша болды? Сөзбен жазыңыз.**



*Сағат үшке жиырма минут қалды*



______________________



______________________



______________________



______________________

**8** **Бос орындарға қажетті сөздерді қойып, көршіңізбен сөйлесіңіз.**

болды • кеткенде • ~~неше~~ • жарымда • қалғанда • тоғызда

– Сағат қазір 1 *неше* болды?
– Сағат жеті жарым 2_______________.
– Сабақ нешеде басталады?
– Сабақ 3_______________ басталады.
– Сабақ нешеде аяқталады?
– Екіден жиырма минут 4_______________.
– Концертке екі 5_______________ шығамыз ба?
– Үшке он бес минут 6_______________ шығайық.
– Жарайды. Келістік.



# БОС УАҚЫТ
## *Күн тәртібім*

күн тәртібі
тіс жуамын
басталады
аяқталады
ұйықтау/
ұйқыдан тұру

**1** **Сөз тіркестерін суреттермен сәйкестендіріңіз.**

• а) жұмысым аяқталады; • ә) жұмысқа барамын; • б) жұмысым басталады;
• в) кешкі асты ішемін; • г) таңғы асты ішемін; • ғ) түскі асты ішемін;
• д) тісімді жуамын; • е) ұйықтаймын; • ж) ~~ұйқыдан тұрамын~~.

***Үлгі:*** *1 – ж.*

2 – ___.    6 – ___.
3 – ___.    7 – ___.
4 – ___.    8 – ___.
5 – ___.    9 – ___.

1


2



3



4



5



6


7


8



9



**2** **Ойланыңыз. Сұраққа жауап беріңіз.**

**Адамдар күнде қандай істерді істейді?**
- Таңертең не істейді?
- Түсте не істейді?
- Кешке не істейді?
- Түнде не істейді?

**3** **Суреттерге қараңыз. Жан мен Лана немен айналысады?**

**4** **Мәтінді оқыңыз. Кім айтып жатыр: Жан ба, Лана ма?**



Мен түске дейін ұйықтаймын. Әдетте түскі бірде ұйқыдан тұрамын. Шамамен бір жарымда кафеге тамақ ішуге барамын. Одан кейін дүкенге барамын. Жаңа пластинка аламын. Ал кешкі тоғыз жарымда үйден шығамын. Себебі жұмысым сағат онда басталады. Маған жұмысым ұнайды. Онда барлық адамдар музыкаға билейді. Жұмысым түнгі үште аяқталады. Сағат үш жарымда үйге келемін. Төртте ұйықтаймын.



**5** **Уақыттарға сәйкес әрекеттерді айтыңыз.**

***Үлгі:*** *Ол таңертең ұйықтап жатады.*

| | |
|---|---|
| а) таңертең | г) 13:30-да |
| ә) түнгі 1:00-де | ғ) түсте |
| б) 3:30-да | д) 21:30-да |
| в) 4:00-де | е) 22:00-де |

**6** **Лана туралы оқыңыз. Сөйлемдерді ретімен қойыңыз.**

☐ а) Менің жұмысым кешкі он жарымда аяқталады. Мен одан кейін достарыммен кешкі ас ішемін.

1 ә) Мен таңертең сағат онда ұйқыдан тұрамын.

☐ б) Концерт кешкі сегізде басталады. Сондықтан мен жұмысқа жеті жарымда барамын.

☐ в) Мен таңғы асымды он жарымда ішемін. Әдетте таңғы асымды бақшада ішемін.

☐ г) Одан кейін мен теледидар көремін немесе кітап оқимын. Түнгі бірде ұйықтаймын.

☐ ғ) Сағат екіде түскі асымды ішемін. Одан кейін концертке дайындаламын.

**7** **Жан мен Лананың күн тәртібіне қарап, өзіңіздің күн тәртібіңізді жазыңыз.**

# БОС УАҚЫТ

## *Жоспар құру*

жоспар құру
демалыс күндері

**1** **Суреттер мен жазбаларға назар аударыңыз. Ережені көршіңізге түсіндіріңіз.**




*Бүгін 16 тамыз. Мен серуендеуге **ертең** барамын.*




*Бүгін 9 қараша. Біз **келесі аптада** жұмыс істейміз.*




*Бүгін сейсенбі. Мен үйге **жұмада** келемін.*

**2** **Айшаның бір апталық жоспарымен танысып шығыңыз.**




**3** **Үлгіге қарап, Айшаның жоспарына қатысты сұрақтарға жауап беріңіз.**

***Үлгі:*** Ол дүйсенбіде қазақ тілінен курсқа бара ма? – *Жоқ, ол сейсенбіде қазақ тілінен курсқа барады.*
Ол бейсенбі күні тіл үйрену курсына бара ма? – *Иә, ол бейсенбіде ағылшын тілі курсына барады.*

1. Ол бейсенбіде астанаға бара ма? ______________________
2. Ол жұма күн отбасымен түскі ас іше ме? ______________________
3. Ол сейсенбі күні кешке жүзуге бара ма? ______________________
4. Сенбі күні ол түске дейін ұйықтай ма? ______________________

5. Дүйсенбі оның сабағы 10-да бастала ма? ______

6. Сәрсенбі күні ол тіс дәрігеріне бара ма? ______

7. Сенбіде ол баскетбол ойнай ма? ______

8. Бейсенбі күні кешке ол Әлия мен Айнұрмен кездесе ме? ______

9. Дүйсенбі күні ол музыкалық аспапта ойнай ма? ______

10. Демалыста ол әжесінің туған күнінде бола ма? ______

**4** **Айшаның бір апталық жоспарын қысқаша жазыңыз.**

*Айша дүйсенбі күні сабаққа 9:00-де барады. Ол 17:30-18:30 аралығында гитара тартады. Ол сейсенбі күні ...*

______

______

______

______

**5** **Айшаның апталық жоспарына қарап, өзіңіздің жоспарыңызды құрыңыз.**

| *Дүйсенбі* | *Сейсенбі* | *Сәрсенбі* |
|---|---|---|
| | | |

| *Бейсенбі* | *Жұма* | *Демалыс күндері* |
|---|---|---|
| | | |

# БОС УАҚЫТ

## *Тарауды қайталау*

**1** **Суреттерге қарап, іс-әрекетті атаңыз.**




**2** **Мәтіндерді оқып, кестені толтырыңыз.**



**Әсем:** Маған коньки тебу ұнайды. Мен қыста Алматыдағы «Медеуге» барамын, коньки тебемін.



**Сәуле:** Маған серуендеу ұнайды. Мен жазда Бурабайға барамын. Ол жақтың табиғаты әдемі.



**Марат:** Біз келесі апта отбасымызбен Балқашқа барамыз. Бір апта демаламыз. Балалар суда жүзеді. Мен балық аулаймын. Бұл – менің хоббиім. Әйеліме табиғат ұнайды. Сондықтан ол серуендейді.

| | мекен | мезгіл | іс-әрекет |
|---|---|---|---|
|  *Марат* | *Ол Балқашқа барады.* | | |
|  *Сәуле* | | | |
|  *Әсем* | | | |

**3** **Мәтіндерді қайта оқып, «шын» / «жалған» ақпаратты белгілеңіз.**

| | шын | жалған |
|---|---|---|
| 1 Сәуле отбасымен Бурабайға барады. | ☐ | ☑ |
| 2 Әсем күн суығанда Алматыға барады. | ☐ | ☐ |
| 3 Маратқа суға жүзу ұнайды. | ☐ | ☐ |
| 4 Сәуле Бурабайға күн жылы кезде барады. | ☐ | ☐ |
| 5 Әсем коньки тебуді жақсы көреді. | ☐ | ☐ |
| 6 Маратқа балық аулау ұнайды. | ☐ | ☐ |
| 7 Мараттың әйеліне серуендеу ұнайды. | ☐ | ☐ |

**4** **Суретке қарап, Мараттың бір апталық демалысы туралы айтыңыз. Оның отбасы бір апта бойы не істеді?**

***Үлгі:*** *Мараттың отбасы дүйсенбі жолға шықты...*





# 11 ТАРАУ

## ДЕНСАУЛЫҚ

11.А Дене мүшелері
11.Ә Дәрігер кеңесі
11.Б Ұйқыңыз тыныш па?
11.В Салмақ тастау оңай ма?
11.Г Денсаулықты күтемін
11.Ғ Тарауды қайталау

**1** **Дене мүшелерін толықтырыңыз.**




бұру
мойын
иық
тізе
тигізу
айналдыру

## ЖАҢА СӨЗДЕР


тигізу


айналдыру


бұру

**2** **Мәтінді тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1.Диалог кімдер туралы?
2. Анасы қандай тағам әзірледі?
3. Диалогте қандай дене мүшелері туралы айтылды?
4. Тамақ жегенде қандай дене мүшелері қатысады?

**3** **Дене мүшелерін табыңыз.**

1. Бұл мүшемен иіс сезеді. ....................
2. Бұл мүшемен теледидар көреді. ....................
3. Бұл мүшемен тамақ жейді. ....................
4. Бұл мүшемен музыка тыңдайды. ....................
5. Бұл мүшемен жүреді. ....................
6. Бұл мүшемен сөйлейді. ....................

**4** **Сөйлемді оқыңыз, қимылды орындаңыз.**



1. Оң қолыңызды сол тізеңізге тигізіңіз.
2. Сол қолыңызды оң тізеңізге тигізіңіз.
3. Көзіңізбен шеңбер жасаңыз.
4. Басыңызды оңға қарай айналдырыңыз.
5. Басыңызды оңға бұрыңыз.
6. Басыңызды солға бұрыңыз.
7. Екі қолыңызды жоғары көтеріңіз және төмен түсіріңіз.
8. Бір орында тұрып секіріңіз.
9. Жерге отырыңыз, тұрыңыз.
10. Қолыңызды аяқтың ұшына тигізіңіз.
11. Тізеңізді бүгіп жүріңіз.

**5** **Сипаттама бойынша сурет салыңыз.**

Басы домалақ, денесі жоқ. Екі кішкентай, ұзын қолы бар. Аяқтары да кішкентай, қысқа. Көздері үлкен, қастары қысқа. Мұрны кішкентай. Ол күліп жүреді, көңілді. Аузында екі тісі бар. Құлақтары үлкен емес. Басында тақиясы бар. Аяғында крассовки, қолында үш саусағы бар. Бұл кім? Суретін өзіңізге қалдырыңыз.

**6** **Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Фитнеске жиі барасыз ба?
2. Үйде жаттығу жасайсыз ба?
3. Қандай жаттығулар жасайсыз?
4. Жаттығуды қанша уақыт жасайсыз?
5. Мойныңызға қандай жаттығу жасайсыз?



суық тию
ауру
науқас
тұмау
қызу
жөтелу

**1** **Сөздердің қолданысын есте сақтаңыз.**


көтерілу


түсу


көтерілу


түсу


қызу


қызуөлшегіш


науқас


сау адам


суық


суық тию


жөтел


жөтелу

**2** **Сурет пен сөзді сәйкестендіріңіз.**








ине | жақпа май | мақта | екпе | қызуөлшегіш | дәрі







**3** **Ауру түрлерін анықтаңыз.**



*Тіс ауруы*
..............................




..............................



..............................



..............................



..............................



..............................

- тіс ауруы
- өкпе ауруы
- тамақ ауруы
- тұмау
- бас ауруы
- дене қызуы

**Назар аударыңыз!**

| і = и | і = и |
|---|---|
| ТіС | ТіЛ(ь) |

ТыЛ- ТіЛ ЖыҚ-ЖіК
ТыС –ТіС ЫС-ІС

**4** **Мәтінді оқып, түсініңіз. Қарамен берілген сөздерге назар аударыңыз.**

Жұмыста көңіл-күйім болмады. Сұранып кеттім. Үйде **қызуым** көтерілді, басым мен тісім ауырды. **Жөтел** пайда болды. Қызуымды өлшедім, қызуөлшегіш 38 градусты көрсетті.

Үйге дәрігер шақырдым. Дәрігер тамағымды қарады. «Бұл **суық тию** де, **тұмау** да емес», – деді. «Тамағыңыз ауырып тұр», – деді дәрігер. Қызуды түсіру үшін дәрі жазып берді. «**Тамақ**ты жиі шаю керек», – деді. Жұмысқа 1 апта бармадым.

«Денсаулық – зор байлық» демекші, денсаулықты күтіңіздер!

**5** **Мәтін негізінде диалогті жалғастырыңыз.**

**Дәрігер:** Қайырлы күн! Жағдайыңыз қалай?

**Науқас:** Амансыз ба! Ептеп! Қызуым 38 градус. Басым, тісім, денем ауырып тұр.

**Дәрігер:** Жақсы, аузыңызды ашыңыз. Қарайын!

........................ ........................................................

........................ ........................................................

**6** **Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Аурудың қандай белгілері болды?
2. Науқас неше күн жұмысқа бармады?
3. Тамақ ауруы қандай ауру?
4. Тамақ ауруынан сіз қалай емделесіз?

ұйқы
ұйықтау
күнделікті
жүктеме
ояну
өзгеріс

**1** **Табыс септігі мен өткен шақ формасында тұрған сөздерді табыңыз.**




| Табыс септіктегі сөздер | Өткен шақ формасындағы сөздер |
|---|---|
| | |
| | |
| | |
| | |

**2** **Сұрақтың орнына сөздерді дұрыс қойып, сөйлемді оқыңыз.**

*дәрігердің • менен • кеше • дәрігерге • жұмыста*
*ұйықтай алмадым • тыныштандыратын • жақсы*

1. (Кімнің?) қабылдауында болдым.
2. (Қашан?) емханаға бардым.
3. (Кімге?) ұйықтай алмай жүрмін деп айттым.
4. Дәрігер (кімнен?) күн тәртібімді сұрады.
5. (Қайда?) жүктеме көп.
6. Күйзелістен (не істей алмадым?).
7. Дәрігер (қандай?) дәрі жазып берді.
8. Таза ауа мен спорт стреспен (қалай?) күреседі.

**3** **Сөз мағыналарын сөздіктен табыңыз.**

ұйқы [ұйқұ]

ұйқышыл [ұйқұшұл]

ұйқысырау[ұйқұсырау]

ұйқысыздық [ұйқұсұздық]



**4** **Диалогті жалғастырыңыз.**



- Алло! Сәлем!
- Сәлем!
- Қалың қалай? Не істеп жатырсың?
- Жаман емес, теледидар көріп жатырмын. Ал сен ше?
- Жұмыстан келдім. Қуырдақ қуырдым. Маған келсейші, шай ішейік.
- Жоқ, бара алмаймын. Рақмет!
- Ұйқың келіп тұр ма, дауысың бір түрлі болып тұр.
- Тамағым ауырып тұр.
- Мәссаған, қызуыңды өлшедің бе?
- Өлшедім. Қызуым жоқ. Дәрі ішіп жатырмын.
- Сен бал қосып шай іш, тамағыңды шай, ................................

**5** **Сурет ретін белгілеп, өз күн тәртібіңізді жазыңыз.**

***Дайын тіркестер:***

*ерте ояну,*

*жұмысқа таксимен бару,*

*жиналысқа бару,*

*түскі ас ішу,*

*жұмыстан кейін супермаркетке бару,*

*досымен кездесу,*

*саябақта қыдыру,*

*музыка тыңдау.*

___ 

___ 

___ 

___ 

___ 

___ 

___ 


1 

# Салмақ тастау оңай ма?

**1** **Жатыс септігінде және шылаумен (да, де, та, те) келген сөздерді бөліп жазыңыз.**

Артық салмақ тастауға диета да, спорт та, дұрыс ұйқы да көмектеспейді. Алдымен денсаулықты тексерту керек. Ағзада гормон өзгерісі болса, қанда қант мөлшері көп болса, салмақ тастау қиын болады. Күнделікті тамақта көкөніс, ет, сүт тағамдары, жемістер, теңіз тағамдары болғаны дұрыс. Ал тоқаш та, фаст-фут та, қант та, газдалған сусындар да денсаулыққа зиян...

артық салмақ
қимыл
қозғалыс
сақтау
шұғылдану
ағза

| Жатыс септік | Шылаулар |
|---|---|
| ***Үлгі:*** *ағзада* ____ | ***Үлгі:*** *диета да* ____ |
| ____ | ____ |
| ____ | ____ |
| ____ | ____ |
| ____ | ____ |

**2** **Жақшаны ашып оқыңыз.**

***Үлгі:*** Кеттік, қол жуайық.

1. Кеттік, қол жу... (*-айық, -ейік, -йық, -йік*).
2. Жүр, тамақ шай.. (*-айық/-ейік,-йық*).
3. Мен оған фитнес туралы айт...(*-ейін/-айын/ -сын*).
4. Сіз дәрігерге тамағыңызды көрсет.... (*-сін/-ңыз/-іңіз*).
5. Ол кроссфитпен аяқ пен қолын жаттықтыр... (*-ңдар/-сын/-сін*).
6. Сендер салмақ тастау үшін көп қозғал.... (*-ңдар/-іңдер/-ыңдар*).
7. Олар спортпен шұғылдан (*-йық/-сын/-сін*).

Назар аударыңыз!

**БҰЙРЫҚ РАЙ**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Мен** | *-айын/-ейін -йын/-йін* | **Біз** | *-айық/-ейік -йық/-йік* |
| **Сен**<br><br>**Сіз** | -------<br><br>(ы/і) *-ңыз/-ңіз* | **Сендер**<br><br>**Сіздер** | (ы/і) *-ңдар/-ңдер*<br>(ы/і) *-ңыздар/ -ңіздер* |
| **Ол** | *-сын/-сін* | **Олар** | *-сын/-сін* |

Мен етістік+бұйрық рай.
Мысалы: Мен жаз+айын.

**3** **Диалогтегі бұйрық райда тұрған сөздердің астын сызыңыз.**

- Айнагүл: Сәлем, құрбым, қалайсың?
- Зәуре: Сәлем, ойдағыдай. Өзің ше?
- Айнагүл: Менде де жақсы. Сен салмақ тастау курсы туралы естідің бе?
- Зәуре: Жоқ, сен ше?
- Айнагүл: Бұл курс туралы инстаграмнан көрдім, енді соған бара жатырмын. Менімен барасың ба?
- Зәуре: Барайын. Қызықты шығар. Курстың түрлері көп қой, қандай курсқа жазыласың?
- Айнагүл: Білмеймін, йогаға болар. Мен қатты қимылдағанды ұнатпаймын ғой, білесің.

# ДЕНСАУЛЫҚ

## *Салмақ тастау оңай ма?*



- Зәуре: Дұрыс, жазыл. Мен де жазылып көрейін бе?
- Айнагүл: Әрине, қатыс! Сенде қазір еңбек демалысы емес пе?
- Зәуре: Иә, демалыстамын.
- Айнагүл: Бір ай қатысайық, ұнамаса бармайық.
- Зәуре: Жарайды, жарайды! Сенімен барайын.
- Айнагүл: Жүр кеттік, ендеше!

**4** **Өткен шақ формасындағы сөйлемді бұйрық райға айналдырыңыз.**

| Өткен шақ | Бұйрық рай | |
|---|---|---|
| Ол тез қозғалды. | _Ол тез қозғалсын_________________ | *-сын/-сін* |
| Спортпен шұғылданды. | ____________________________________ | *-айық/-ейік* |
| Артық салмақ тастады. | ____________________________________ | *-ңдар/-ңдер* |
| Мен тамағымды шайдым. | ____________________________________ | *-айын/-ейін* |
| Олар көп ұйықтады. | ____________________________________ | *-сын/-сін* |
| Ол фитнеске жазылды. | ____________________________________ | *-сын/-сін* |

**5** **Есімдіктерін дұрыс табыңыздар.**

1. .......... спортпен шұғылданайық.
2. Мен барайын.
3. ...... телефонмен жылдам сөйлес.
4. ....... диета сақтасын.
5. ....... қонаққа барайық.

*Бәріміз* *Мен* *Сен* *Біз* *Олар*

**6** **Дәрігер рөлінде кеңес беріңіз. Тұмауды қалай жазуға болады?**



***Үлгі:***

*Тамақ ауруын емдеу үшін қызуыңды өлшейсің. Қызу болса, дәрі ішесің. 2 сағат сайын тамақты тұзды сумен шаясың. Ыстық шайға немесе сүтке бал қосып ішесің. Көп сұйықтық ішу керек. Далаға шықпайсың. Үйде жатып емделесің.*

11.2

**1** **Аудиомәтінді тыңдап, ақпарат реттілігін анықтаңыз.**

белсенді
дәрумен

| | |
|---|---|
| **А - ___** | Денсаулығым үшін күнде ерте тұрамын. Дене және кардио жаттығуларын жасаймын. Гигиеналық тазалықты сақтаймын. Денсаулыққа зиян тағамдар мен сусындарды тұтынбаймын. Дәрумені көп пайдалы тамақтарды жеймін. Әсіресе ет пен көкөністерді жақсы көремін. |
| **Б - ___** | Таза ауада жаяу серуендеймін. Достарыммен бассейнге жүзуге барамын немесе орманда жүгіремін. Жалпы, біз отбасымызбен белсенді өмірді таңдаймыз. |
| **В - ___** | Менің атым - Дана. Спорт - менің екінші өмірім. Маған белсенді өмір сүру ұнайды. Менің хоббиім де осы спорт. |

**2** **Мәтінге сәйкес келетін суреттерді таңдаңыз.**

1 ☐


2 ☐


3 ☐


4 ☐


5 ☐


6 ☐


7 ☐


8 ☐


**3** **Аудиомәтінді қайта тыңдап, сөйлемдерді аяқтаңыз.**

Менің атым – __________. Спорт – менің __________. Маған белсенді __________. Менің хоббиім де __________. Денсаулығым үшін күнде __________. Дене және кардио __________. Гигиеналық тазалықты __________. Денсаулыққа зиян __________. Дәрумені көп ________________________________. Әсіресе ет пен көкөністерді __________. Таза ауада __________. Достарыммен бассейнге жүзуге барамын немесе __________. Жалпы, біз отбасымызбен __________.

4 **Бұйрық райын қолданып, үндеу жазыңыз.**

***Үлгі:*** Денсаулық үшін ерте тұрыңыз.

Дене және кардио жаттығуларын ___________. Гигиеналық тазалықты ___________. Денсаулыққа зиян тағамдар мен ___________тұтынбаңыз.  Дәрумені көп тамақтарды ___________. Әсіресе ет пен ___________.

5 **Денсаулықпен байланысты сөздерді табыңыз.**

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қ | Қ | Ж | Ш | О | К | К | З | Р | Қ |
| Л | О | А | Ұ | Т | Ө | Б | Ы | П | Ы |
| П | З | З | Ғ | Д | Т | Ұ | Ң | О | Д |
| Ы | Ғ | Ы | Ы | А | Е | Р | Ы | Д | Л |
| К | А | Л | Л | Е | Р | Ы | Т | Ы | Ы |
| Г | Л | Д | Д | С | І | Л | Й | С | З |
| Р | Ы | Ы | А | А | Л | Д | А | И | А |
| С | С | Қ | Н | Қ | Д | Ы | Т | Т | Ж |
| Қ | Ұ | Ұ | А | Т | І | Е | А | І | Ц |
| А | Н | Й | Й | А | Ү | Б | Қ | Д | У |
| Т | О | Ы | Ы | С | Ж | Е | Д | Л | Е |
| А | Р | Қ | Қ | Ы | Ө | Л | Л | І | Г |
| Й | А | Т | О | Н | Т | С | Т | Р | К |
| Т | В | А | Я | Ш | Е | Е | О | Е | А |
| Ы | Ы | Й | Н | Н | Л | Н | Р | Т | М |
| Ң | Ф | Ы | С | Е | Д | Д | П | Ө | П |
| Ы | Д | Н | Ы | П | І | І | С | К | Р |
| З | Б | Р | Н | О | Б | Ұ | Р | Ы | Л |

**1** **«Қайда?» ойын ойнаңыз.**

***Үлгі:*** Қызуөлшегіш қайда? –Үстелде.



**2** **Қатесін түзетіңіз.**

«Sport time» дүкенінде салмақ тастауға көмектесетін спорт тауарлары көп. Спорт киімдерінен басқа таразыда, smartсағат та, әртүрлі коктейльдерде бар.

Мен өзіме велосипедпен гимнастика үшін 2 килограмдық гантель сатып алдым.

Уақыт аз болғанда, кардио жаттығу жасау керек. Спортта белсенділікті сүйеді. Спорт пен шұғылданған адамның жеке күн тәртібі қалыптасып, өзін сергек сезінеді.

**3** **Бұйрық рай формасында сұрақ қойыңыз.**

***Үлгі:*** Барайын, бармайын. *- Барайын ба, бармайын ба?*

1. Ерте ұйықтайын, ұйықтамайын. ______
2. Спортпен ертең шұғылданайын. ______
3. Ол фитнеске жазылсын, жазылмасын. ______
4. Сіз диета сақтадыңыз. ______
5. Бүгін демалайын, демалмайын. ______
6. Сатымен көтерілейін. ______

**4** **Сөйлемді аяқтаңыз. Өткен шақ формасын қолданыңыз.**

1. Саяхатқа құрбыммен ................................................
2. Тауға досыммен ........................................................
3. Саябаққа итпен .........................................................
4. Қонаққа әжеммен .....................................................
5. Суды газбен ..............................................................
6. Дәріні сумен ............................................................

**5** **Дәрігер нұсқауын түсіндіріп беріңіз.**

***Үлгі:*** Тамағыңызды тұзды сумен шайыңыз.

- 1апта тамақты тұзды сумен шаю;
- күніне 2 рет дәрі ішу;
- қызуды өлшеу;
- балмен ыстық шай ішу;
- көбірек су ішу;
- ұйықтау, демалу.



# 12 ТАРАУ

## ТУҒАН ЖЕРІМ

12.А Көрікті Алматы
12.Ә Көне қала
12.Б Қаланы аралайық!
12.В Мен тұратын жер
12.Г Алматы түні
12.Ғ Тарауды қайталау

**1** **Әр қатардан артық сөзді табыңыз, мағынасын түсініңіз.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| былтыр | ыстық | жылы | *былтыр* |
| жұқа | қатты | биыл | |
| боран | келесі жылы | бұршақ | |
| арғы жылы | жел | жаңбыр | |

жылы
бұршақ
жиі
биыл
кебу
былтыр
күні бойы
келесі жылы

**2** **Мезгіл мағыналы сөздерді қолданып, сөйлем құрастырыңыз.**

***Үлгі:*** *Былтыр қыс қатты болды.*

| Былтыр | Биыл | Келесі жылы |
|---|---|---|
| 2020 | 2021 | 2022 |







**3** **Мезгіл мағыналы сөздермен сөйлем құраңыз.**

***Үлгі:*** ***Биыл бұршақ жауды.***

**4** **Сөйлемдерге мағынасына сай мезгіл мәнді сөзді қойыңыз.**

Былтыр | Биыл | Келесі жылы

__________________ қысты Алматыда өткізіп жатырмын.
__________________ қысты Алматыда өткіздім.
__________________ қыста Алматыға барамын.
__________________ жазда Көктөбеге барамын.

**5** **Мәтінді тыңдаңыз, толықтырыңыз.**

келесі жылы • қыс • биыл • күні бойы




Сәлеметсіздер ме, қалдарыңыз қалай? 1____________ қысты Алматыда өткізіп жатырмын. Қыста демалған ерекше екен. Күн қысқа. Бірақ Алматыда уақыт көңілді өтіп жатыр. Мұнда ауа райы жылы. 2____________ суық емес. Әлі боран болған жоқ. Мен қазір Медеудемін. Бүгін 3____________ осында боламын. Мен коньки тебе алмаймын, бірақ шаңғы тебемін. Қыста да, жазда да Алатаудың басында қар болады екен. Ол сондай биік, сұлу. Бұл жердің табиғаты өте әдемі. 4____________ сіздер де келіңіздер, демалыңыздар!

**6** **Мәтінді қайта тыңдаңыз. Сұрақтардың дұрыс жауабын таңдаңыз.**

| | | |
|---|---|---|
| 1. Мәтінде қай қала туралы айтылған? | ☐ Ақтау | ☑ Алматы |
| 2. Ол жердің ауа райы қандай? | ☐ жұмсақ | ☐ суық |
| 3. Алматының қысы қандай? | ☐ суық | ☐ жылы |
| 4. Әсия Алматыда қай мезгілде болған? | ☐ қыста | ☐ жазда |
| 5. Әсия тауда немен шұғылданды? | ☐ шаңғы тебу | ☐ коньки тебу |

**7** **Тыңдаған мәтінді өткен шақта айтыңыз.**

Сәлеметсіздер ме, қалдарыңыз қалай? Мен былтыр қысты Алматыда өткіздім. Қыста демалған ерекше болды...

**8** **4-тапсырмадағы мәтінді толықтырып айтыңыз.**

*жазда*





**Қажетті сөздер:** *жиі жаңбыр, тез кебу, ыстық, керемет, табиғат, жел, жазғы демалыс, бұршақ.*

*қыста*





**Қажетті сөздер:** *қысы қатты емес, жылы, қалың, Шымбұлақ, шаңғы тебу, қысқы демалыс, боран, күні бойы, жұқа.*

көне
бұрын
мұражай
кесене
құмыра
субұрқақ

## 1 Сұрақтарды көршіңізбен талқылаңыз.

- Түркістан қаласы туралы не білесіз? Ол қандай қала деп ойлайсыз?
- Бұрын Түркістанда болдыңыз ба? Егер болсаңыз, қашан болдыңыз?
- Түркістанда қандай көрікті жерлер бар?

**Назар аударыңыз!**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Мен** | бар+ған+мын, кел+ген+мін<br>айт+қан+мын, көр+ген+мін | **Біз** | бар+ған+быз, кел+ген+біз<br>айт+қан+быз, көр+ген+біз |
| **Сен** | бар+ған+сың, кел+ген+сің<br>айт+қан+сың, көр+ген+сің | **Сендер** | бар+ған+сыңдар<br>кел+ген+сіңдер<br>айт+қан+сыңдар<br>көр+ген+сіңдер |
| **Сіз** | бар+ған+сыз, кел+ген+сіз<br>айт+қан+сыз, көр+ген+сіз | **Сіздер** | бар+ған+сыздар<br>кел+ген+сіздер<br>айт+қан+сыздар<br>көр+ген+сіздер |
| **Ол** | бар+ған, кел+ген | **Олар** | бар+ған, кел+ген |

## 2 Көп нүктенің орнына тиісті жалғауды қойыңыз.

– Мен Түркістанға бар.........мын. Ол жерде екі апта бол.........мын. Ал сен өзің Түркістанда бұрын бол.........сың ба?
– Әрине, мен онда екі жыл бұрын бол.........мын.
– Қайда бардың, қаланы арала......... боларсың?
– Иә, көне қаланы көру арманым бол.......... Алайда күні бойы жұмыстан босамадым. Қаланы арала......... жоқпын. Сөйтіп, Түркістаннан мен көңілсіз қайт...мын. Ал ата-анам мен бауырларым Ахмет Яссауи кесенесін көр.......... Мұражайға барып, көне құмыралар мен басқа да заттарды тамашала......... Көне қаланың орнын көр..........

**Назар аударыңыз!**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Мен** | бар+ған жоқ+пын | **Біз** | бар+ған жоқ+пыз, кел+ген жоқ+пыз |
| **Сен** | бар+ған жоқ+сың<br>кел+ген жоқ+сың | **Сендер** | бар+ған жоқ+сыңдар, кел+ген<br>жоқ+сыңдар |
| **Сіз** | бар+ған жоқ+сыз<br>кел+ген жоқ+сыз | **Сіздер** | бар+ған жоқ+сыздар, кел+ген<br>жоқ+сыздар |
| **Ол** | бар+ған жоқ, кел+ген жоқ | **Олар** | бар+ған жоқ, кел+ген жоқ |

**3** **Сөйлемдерді оқып, үлгі бойынша жақшаны ашып жазыңыз.**

***Үлгі:*** *Мен Түркістанда бір апта болуды жоспарладым. Өйткені мен онда ешқашан болған жоқпын.*

1. Мен Түркістанда бір апта болуды жоспарладым. Өйткені мен онда ешқашан ________________ (болмау).
2. Мен онда күні бойы қаланы ________________ (аралау).
3. Үш күн маған ________________ (жетпеу).
4. Өз жоспарымды ________________ (орындау).
5. Уақытым мүлде ________________ (жетпеу).

**4** **Мәтінді өткен шақ формасында өзгертіп жазыңыз.**

Мен Түркістанда бір апта болуды жоспарлап отырмын. Бірінші күні киелі орындарды аралаймын. Арыстан бабқа барамын, Ахмет Яссауи кесенесін көремін. Келесі күні «Ақмешіт ата» тұрған жерге барамын. Ал одан кейін екі күн Сауран қалашығында боламын. Онда толық бір күн боламын. Ал соңғы күні мен қаланың ішін аралаймын. Ал одан арғы күндері қайта жолға шығамын.

______________________________________________
______________________________________________
______________________________________________
______________________________________________
______________________________________________
______________________________________________

**5** **Аслан Түркістанда қандай көрікті жерлерде болған, суретті сызба бойынша әңгіме құрастырып айтыңыз.**















**1** **Қала картасына қарап, сұраққа жауап беріңіз.**

арқылы
жанында / қасында
дейін / кейін
ішінде / ортасында
айналасында
шетінде

1. Зообақ қай жерде орналасқан?
2. Театр мен зообақтың ортасында не бар?
3. Орталық саябақтың айналасында нелер бар?
4. Дәмхана қай жерде орналасқан?
5. Аурухана қаланың қай тұсында орналасқан?
6. Банктің қасында не орналасқан?
7. Супермаркеттің оң жағында не орналасқан?
8. Мешітті қай жерге салу керек деп ойлайсыз?
9. Саябақтың ішінде не бар?
10. Жанармай бекетінің сол жағында не орналасқан?






Мектепке дейін аурухана тұр.



Мектептен кейін мейрамхана тұр.



**2** **Сөйлемдердің дұрыс не қате екенін анықтаңыз. Қала картасын қайта қолданыңыз.**

| | **дұрыс** | **қате** |
|---|---|---|
| 1. Мектепке аллея арқылы айналма жолмен баруға болады. | ☑ | ☐ |
| 2. Орталық саябақтан зообаққа жаяу баруға болады. Ол мектептің қасында тұр. | ☐ | ☐ |
| 3. Банк қаланың ортасында орналасқан. Банктің қасында дәмхана бар. | ☐ | ☐ |
| 4. Аллеяның ортасында **субұрқақ** бар. Оған дейін көлікпен барыңыз. | ☐ | ☐ |
| 5. Орталық саябақтың артында театр тұр. Оған дейін көлікке отырудың қажеті жоқ. | ☐ | ☐ |
| 6. Мектеп театрдан кейін екінші тұр. | ☐ | ☐ |

**3** **Мәтінді оқып, өз қалаңыз туралы айтып көріңіз.**

Нұр-Сұлтан қаласының көрікті жерлері көп. Қала ішіндегі өзеннен әдемі көпір арқылы өтуге болады. Мен осы көпір қасында, қаланың дәл ортасында тұрамын. Демалыс күндері жаяу жүремін, қаланы аралаймын.

Қала өте үлкен. Қаланың сыртында «Балқарағай», «Құлагер» сияқты демалыс орындары бар. Қаланың ішінде автобустар мен таксилер жүреді. Мегаполисте шамамен 6 театр, 6-7 кинотеатр, шамамен 13 мешіт, 2 цирк, 9 саябақ бар. Біздің қаламызда университеттер саны да көп. Университеттердің көбі қаланың шетінде орналасқан. Мейрамханалар, дәмханалар мен мектептер ықшамаудан ішінде орналасқан.

**4** **Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз. Сұрақтарды ретімен қойыңыз.**

1. Әр ықшамауданда қандай нысандар болады?
2. Қала сыртында қандай демалыс орындары бар?
3. Университеттер қай жерде орналасқан?
4. Қаланың ішінде қандай көліктер жүреді?
5. Есіл өзені қаланың қай жағында орналасқан?
6. Сөйлеуші осы қалада тұра ма?

**5** **Өз қалаңыздың сызба картасын жасаңыз. Картадағы ғимараттарды таныстырыңыз. Өзіңіздің күнделікті баратын жеріңіз туралы айтып беріңіз.**

***Үлгі:*** *Мен қала орталығында тұрамын. Мен күнде мектепке дейін автобуспен барамын. Мектеп зообақтың жанында орналасқан.Автобус ол жерге Абай көшесінің бойындағы университет пен кинотеатр арқылы барады. Кинотеатрдан кейін оңға бұрылып, бас көшемен тік жүреді. Мен зообақтың қасынан түсемін. Мектепке дейін жақын, жаяу барамыз.*

жартас
ескерткіш
теңіз
орман
өзен
көл
орнату

**1** **Сөйлемдерді оқыңыз. Суреттерге қарап, жауабын табыңыз.**

1. Үлкен әрі биік тас. ______________
2. Ағаш көп өсетін жер. ______________
3. Құрмет белгісі ретінде орнатылады. ______________
4. Үнемі ағатын су. ______________

**2** **Бос орынға қажет сөзді жазыңыз.**

1. Қаланың жанында ______________ бар.
2. Алматының айналасында тау және қалың ______________ бар.
3. Қар ерігенде жиналған суды ______________ деп атаймыз.
4. Мен жазғы демалысымды ______________ жағасында өткіздім.

Онда дельфиндер көп болды.

5. Атақты күйшіге арнап халық ______________ орнатты.
6. ______________ суы ащы бола ма?
7. Жүр, саңырауқұлақ теріп келейік. Бұл жерден ______________ алыс емес.

**3** **Сұрақтарды көршіңізбен талқылаңыз.**

1. Сіз тұратын қала қалай аталады?
2. Сіз тұратын жерде орман, жартас, көл, өзен немесе теңіз бар ма?
3. Сіз тұратын жерде қандай ескерткіш бар?

***Үлгі:***

**Мен тұратын** → **жерде** / **қалада** / **ауылда** **... бар.**


















**4** **Сіз тұратын жер қандай? Сипаттап жазыңыз.**









***Үлгі мәтін:***

Мен тұратын мекен «Бурабай» деп аталады. Ол – Қазақстандағы ең көрікті жер. Бурабайда үлкен және кіші жартастар, қалың орман, ащы және тұщы көлдер бар. Аңыз бойынша, бұл жерде бұрын теңіз болған. Қазір теңіз жоқ. Ол жерде шағын көлдер ғана бар. Бурабайға адамдар демалу үшін көп келеді. Бурабайдың орманды аумағы денсаулыққа өте пайдалы, онда қарағай өседі.

**5** **Жазылым жұмысын көршіңізбен алмастырыңыз, тексеріңіз. Жұмысыңызды қайта өңдеңіз.**

**1** **Суретке мұқият қараңыз. Не көріп тұрғаныңызды айтыңыз.**

***Үлгі:*** *Мен суреттен шам көріп тұрмын.*
*Мен суреттен көше көріп тұрмын.*

аспан
жұлдыз
қаз-қатар
байланып қалу
ойланып қалу
лағыл тас



**2** **Сұрақтарға жауап беріңіз. Сөздерді қолданыңыз.**

Алматы түні қандай?
Алматының шамдары неге ұқсайды?
Алматының түнгі  көшесі неге ұқсайды?
Алматыда болдыңыз ба? Алматының тауы неге ұқсайды?

**Қажет сөздер:**

әдемі, жарық, қараңғы, жылы, көше, шам, көлік, жұлдыз, алыс, жақын, көңілді, көңілсіз, түн, жол, тас.

**3** **Сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын суретпен түсіндіріңіз.**

ойланып қалу • байланып қалу • жұлдыз • лағыл тас • сәукеле

1 
2 
3 
4 
5 

**4** **Жаңа сөз тіркестерін қолданып, сөйлем құрастырыңыз.**

***Үлгі:*** *Алматының шамдары* ***лағыл тасқа*** *ұқсайды. Алматының шамдары* ***жұлдыздай*** *жарқырайды. Алматының көшесі* ***ағын суға*** *ұқсайды. Алматының тауы* ***сәукелеге*** *ұқсайды. Алматыда* ***жұлдыз*** *жерге жақын тұрғандай болады.*

12-1 **5** **Әнді тыңдаңыз. Не туралы екенін айтыңыз.**

А. Бұл әнде  Алматының әдемі табиғаты туралы  айтылады.
Ә. Бұл әнде Алматының әдемі түні туралы айтылады.
Б. Бұл әнде: «Алматының  түні тыныш», – дейді.

12-1 **6** **Әнді тыңдап, толықтырыңыз. Қосылып айтыңыз.**

### *Алматы түні*

**Сөзін жазған:** Тұманбай Молдағалиев
**Әнін жазған:** Досым Сүлеев.

1___________жерге жақындап,
Байланып қалған секілді.
Қаз-қатар өскен жасыл 2 _____,
Ойланып қалған секілді.

Алматы түні, Алматы түні
Ұйқымды менің ұрладың.
Алматы түні, Алматы түні
Мен болып тағы жырладың.

Алатау алтын лағылдай,
3__________ киіп тұр үнсіз.
Ұқсайды 4_________ ағынға
Алматы  арман тынымсыз.





«Досмұқасан» тобы

**7** **Сөйлемдерді оқыңыз. Әндегі қай жолдарды түсіндіретінін анықтаңыз.**

1. Жасыл бақ тыныштанып қалған сияқты.
2. Алматы көшесін аралағым келді.
3. Алматының таулары қымбат тасқа ұқсайды.
4. Алматының көшесі ағып жатқан суға ұқсайды.
5. Алматы қаласы үнемі қозғалыста.

**1** **Өзіңіз тұратын жердің ауа райын сипаттап жазыңыз. Тірек сөйлемдерді қолданып көріңіз.**

**1.** Мен тұратын жердің ауа райы ...., ..., ... , ... .
**2.** Көктемде ... тез ериді, ... тез кебеді. Бұл кезде ... көп жауады.
**3.** Біздің жақта жаз өте ..., ..., ..., ..., ... болады. ..., ... жиі жауады.
**4.** Мен тұратын жерде қыс ..., ..., ..., ..., ... болады. ..., ... жиі жаумайды.
**5.** Мен тұратын жерде күз тым көңілсіз емес. Күз мезгілінде біздің жақта ауа райы ..., ..., ... болып тұрады.
**6.** Қысқа дейін күн райы ..., ..., ... болады.

**2** **«Былтыр» және «биыл» сөздерін қолданып, сөйлем құрап жазыңыз. Үлгіні қолданыңыз.**

| Былтыр | Биыл |
|---|---|
| *Үлгі: Былтыр қыста қар қалың жауған.* | *Ал биыл синоптиктер: «Қыс жылы болады», – дейді.* |

**3** **Көршіңізбен бірге суретті салыстырыңыз. Біріңіз көне қаланы, екіншіңіз қазіргі қаланы сипаттап айтыңыз.**







**4** **Сөйлемді өзгертіп айтыңыз.**

***Үлгі:*** *Алматының шамы жұлдыздай. – Алматының шамы жұлдызға ұқсайды.*

1. Алатау сондай әдемі, сәукеле киіп тұрғандай.
2. Алатау қалаға жақын тұрғандай.
3. Астананың көшесі ағындай көрінеді.
4. Таудың басындағы қар мақтадай.

**5** **Мәтінді оқыңыз. Суретпен салыстырыңыз. Қандай ақпарат дұрыс емес? Анықтаңыз.**

Суретте сұлу Бурабай табиғаты сипатталған. Оң жақта биік тау тұр. Оның аты – Оқжетпес. Ол, меніңше, сәукелеге ұқсайды. Оқжетпес тауының артында дала. Онда гүлдер өсіп тұр. Оның алдында Жұмбақтас бар. Жұмбақтас көлдің ортасында орналасқан. Суретте өсіп тұрған ағаш бар. Ол ағаш Жұмбақтастың үстінде өсіп тұр. Суреттің сол жағында бірнеше жартас тұр.





13

ТАРАУ

# ШЫҒАРМАШЫЛ АДАМДАР КІМДЕР?

13.А Шығармашыл адамдар
13.Ә Шығармашылық және бизнес
13.Б Кино әлемі
13.В Мен камерамен доспын
13.Г Шығармашылық жұмыс
13.Ғ Тарауды қайталау

шығармашыл
бірге
сияқты
тарту
тігу
аспап
қиял
түрлі

**1** **Зерттеңіз. Суреттегі адамдар кімдер? Олар қандай мамандық иелері?**


*Шұғыла Сапарғалиева*


*Димаш Құдайберген*


*Айгүл Үлкенбаева*


*Раушан Оразбаева*


*Гүлназым Өмірзақ*

**2** **«Шығармашыл адамдар» деп кімдерді атай аламыз? Тізімді жалғастырыңыз.**

*Әнші, күйші ...*

**3** **Шығармашыл адамдар немен шұғылданады?**

**Үлгі:**
***Меніңше***, *шығармашыл адам аспапта ойнайды.*
*Мысалы, домбыра тартады.*
***Менің түсінуімше***, *шығармашыл адам киім тігеді, сән үлгісін жасайды.*
***Менің білуімше***, *шығармашыл адам түрлі пайдалы затты ойлап табады.*

**Назар аударыңыз!**

**Шығармашыл** адам, маман, оқушы, ақын т.б.

**Шығармашылық** орта, жұмыс, топ т.б.

**4** **Шығармашыл адамдарға қандай мінездеме беруге болады?**

**шығармашыл**
- табысты
- өнерлі
- жаңашыл
- арманшыл
- шебер
- талантты

**Назар аударыңыз!**

**Сын есім тудырушы жұрнақтар:**
***-лы/-лі; -ды/ді; -ты/ті; -шыл/-шіл***

**5** **Сұхбаттан үзінді тыңдап, сұрақтардың жауабын біліңіз. Шығармашыл топ туралы тағы не білгіңіз келетінін айтыңыз.**



**Жүргізуші**: Құрметті Айткүл Кәкімқызы, Қанат Жолдыбайұлы, халық сіздерді өнерлі, шығармашыл отбасы деп біледі. Сахнада 40 жыл бірге жүрсіздер. Сіздер үшін шығармашыл адам болу маңызды ма, әлде шығармашылық ортада жүру маңызды ма?

**Қанат ағай**: ______________________________________________

______________________________________________

**Жүргізуші**: Сіздер домбыраны керемет тартасыздар, біз мұны білеміз. Мүмкін, басқа да аспапта ойнайтын боларсыздар?

**Айткүл апай**: ______________________________________________

______________________________________________

**Жүргізуші**: «Өнерлі адам қай жағынан да шебер», – дейді. Біз білмейтін тағы қандай өнерлеріңіз бар?

**Қанат ағай**: ______________________________________________

______________________________________________

**6** **Сұхбаттың толық нұсқасын тыңдаңыз. Диаграмманы толықтырыңыз. Шығармашыл адамдар туралы сипаттама жазыңыз.**



**7** **Шығармашыл адамдарға тән ортақ қасиеттерді атаңыз.**

## 1 Белгілердің атауын табыңыз.



парақша
әлеуметтік желі
пайдалану
жүктеу
жіберу
көшіру
бөлісу
ұсыну
жариялау

а. бөлісу | ә. пікір қалдыру/жазу/білдіру | б. жүктеу | а. іздеу | ә. жариялау | б. сақтап қою

## 2 Сәйкестендіріңіз.

**1.** белгілі бір затты қолдану
**2.** белгілі бір затты жолдау
**3.** белгілі бір затты еш өзгеріссіз қағазға не компьютерге түсіру
**4.** белгілі бір затты өзге адамдарға беру

**а)** көшіру
**ә)** ұсыну
**б)** пайдалану
**в)** жіберу

## 3 Сұрақтарды көршіңізбен талқылаңыз.

1. Қандай әлеуметтік желіні пайдаланасыз? Оны не үшін пайдаланасыз?
2. Сіз өз парақшаңызда не ұсынасыз?
3. Соңғы рет қандай ақпаратпен бөлістіңіз?
4. Ақпаратпен бөлісу, оны жүктеу, жіберу уақытыңызды ала ма?



## 4 Келесі беттегі диалогті көз жүгіртіп оқыңыз.

**А. Ішінен табыс септігінде тұрған сөздерді теріп жазыңыз. Мағынасын түсіндіріңіз.**

**Ә. Диалогтен бұйрық мағынасындағы (бұйрық райлы етістіктерді ) сөздерді теріп жазыңыз.**

______________________ ______________________
______________________ ______________________
______________________ ______________________
______________________ ______________________
______________________ ______________________
______________________ ______________________

**5** **Диалогті қайталап оқыңыз. Қарамен берілген сөздердің мағынасын түсіндіріңіз.**



– Сіздің инстаграм және фейсбуктегі парақшаңызға жазылушылар өте көп. Сіз жақсы ақша табасыз. Парақшамды адамдар көп пайдалану үшін маған не істеу керек?
– Парақшада тауарды әдемілеп ұсыну керек. Онда ақпаратты көшіру, жүктеу, белгілеу, бөлісу сияқты функциялары болуы керек. Парақшаға ақпаратты түсінікті, қызықты етіп жүктеу керек.
– Қадам бойынша айтыңызшы.
– Иә, әрине. Алдымен, керек аккаунтты таңдаңыз, логин мен құпиясөзді жазыңыз. Содан соң аватарға брендтік сурет қойыңыз. Адамдар сіздің атыңызды тез, оңай табу керек. Сайтыңыз болса, оны көрсетіңіз. Жұмыс уақыты, мекенжай, телефон жазылсын. Соңғысы – тауардың фотоларын жариялау.
– Рақмет! Сізге шығармашылық пен табыс тілеймін!

**6** **Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1.Бизнестегі адамды «шығармашыл адам» деп айтуға бола ма?
2.Бизнес пен шығармашылықты бірге алып жүрген адамдарды білесіз бе?
3. Сіз қай саладасыз, шығармашылық салада ма, әлде бизнесте ме?



**7** **Танымал бизнесмендердің парақшасын зерттеңіз. Оның безендірілуін сипаттап айтыңыз.**

***Үлгі:*** *Мен ... парақшасын зерттедім. Оның парақшасы қызықты, мен ақпаратты оңай және тез таптым. Ол - шығармашыл адам және танымал бизнесмен. Ол адам ақшаны жақсы табады.*

**1** **Сұрақтарға жауап беріңіз.**

Сізге қандай жанрдағы фильмдер ұнайды?
Қандай фильмді бірнеше рет қарадыңыз?
Ең сүйікті киножұлдызыңыз кім? Ол сізге несімен ұнайды?
Сіздің ойыңызша, талантты актер қандай болады?

кейіпкер
көркем фильм
ауыстыру
оқиға
сала

**2** **Диалогтерді оқыңыз.**

**А.**
– Сізге қандай кино ұнайды?
– Маған сериалдар ұнамайды. Мен көркем фильмдерді ұнатамын.
– Неге?
– Сериалда бір образда ұзақ жүру керек. Ал көркем фильмді түсіруге көп уақыт кетпейді.
– Сіздің кейіпкерлеріңіз қандай?
– Әдетте менің кейіпкерлерім талантты, салмақты, сенімді, күшті, жағымды.
– Көңілді кейіпкерді ойнадыңыз ба?
– Комедия жанрында, иә! Өте қызықты болды.
– Күшті, сенімді, батыр ретінде қай кинода ойнадыңыз?
– «Жаужүрек мың бала» киносында ойнадым.

**Ә.**
– Сіз бұрын киноға түстіңіз бе?
– Жоқ. Бұл – менің алғаш түскен киноm және тұңғыш монорөлім.
– Осы кино өзге қазақша кинолардан несімен ерекше деп ойлайсыз?
– Оқиға динамикалық түрде дамып отырады, көрерменді еліктіреді. Заманауи мәселені көтереді. Эрнест Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» туындысына жауап қайтарған фильм болды деп ойлаймын.
– Танымал киножұлдыз боламын деп ойладыңыз ба?
– Жоқ. Мен ешқашан актер болуды, танымал болуды армандамадым. Шығармашылық жол, өнер жолы – өте қиын жол. Мен мұны жақсы білдім.
– Сізді кейіпкер ретінде таңдаған режиссеріңіз Ермек Тұрсынов туралы не айтасыз?
– Ермек Тұрсыновты құттықтаймын. Ол – нағыз шығармашыл, дарынды, білімді адам. Ол кісімен бірге жұмыс істейтініме мақтанамын.

**3** **Диалогтерді оқыңыз. Диалогке сай келетін суретті және ондағы кейіпкерлерді анықтаңыз.**









**4** **Диалогтерден *-ды/-ді; -ты/-ті; -лы/-лі* қосымшаларымен жасалған сипаттама сөздерді табыңыз.**

| *-лы/-лі* | *-ды/-ді* | *-ты/-ті* | *-шыл/-шіл* |
|---|---|---|---|
| ______ | ______ | ______ | ______ |
| ______ | ______ | ______ | ______ |
| ______ | ______ | ______ | ______ |
| ______ | ______ | ______ | ______ |
| ______ | ______ | ______ | ______ |

**5** ***-лы/-лі; -ды/-ді; -ты/-ті; -шыл/-шіл* қосымшаларымен жаңа сөз жасаңыз. Мағынасын сөздіктен тауып түсініңіз.**

а) ***Үлгі:*** *мейірім+ді=мейірімді*

өнер + ____ бақыт + ____ күш + ____ көңіл + ____

сән + ____ ақыл + ____ білім + ____ сенім + ____

ә) ***Үлгі:*** *шығарма+шыл=шығармашыл*

ой + ____ жаңа + ____ арман + ____ қиял + ____

... ... ... ...

**6** **Сүйікті кейіпкеріңізге мінездеме беріңіз. Үлгіні қолданыңыз.**

Менің сүйікті кейіпкерім – «Қыз Жібек» фильміндегі Бекежан. Ол рөлді ойнаған актер – Асанәлі Әшімов. Меніңше, ол – өте талантты, дарынды актер. Әрине, бұл фильмде ол жағымды кейіпкер емес. Бірақ ол – бір елдің күшті батыры. Оның образы өте қызықты. Ол – шебер актер. Өйткені ол өз образын жақсы ашты. Көрермен оған ашуланды, өкпеледі.



**Назар аударыңыз!**

**қамқор жандар** – мейірімді адамдар, жақсылық жасайтын адамдар;
**қанаты сынған құс** – жараланған құс;
**әсерлі жазба қалдыру** – парақшаға жақсы сөздерін жазу, жақсы тілек жазу.

жарнама
жеке
әсерлі жазба қалдыру
жазылушы
бейнежазба

**1** **Мәтінді оқып, жаңа сөздердің астын сызыңыз.**



Мен фотокамерамды алып, қаланың ішіндегі бақытты, қамқор жандарды және қала сыртындағы таулы, сулы, сұлу жерлерді фотоға түсіремін. Бұл – менің хоббиім. Суреттерді кейін инстаграм мен фейсбукке жариялаймын. Осылайша, мен адамдарды табиғаттың сұлулығын бағалауға, табиғатты қорғауға шақырамын.

Бір күні саябақта қанаты сынған шағаланы көрдім. Оны өзіммен алып кеттім. Оны бірден фотоға түсіріп, инстаграмға салдым. Кейін құсты зообақ қызметкерлері емдеуге алды. 1 айдан кейін аспанда ұшқан сол шағаланың фотосын жеке парақшама тағы салдым. Ол суретке қуанып, лайк басқандар, әсерлі жазба қалдырғандар көп болды.

Қазір менің он мыңға жуық суретім, жүз шақты бейнежазбам бар. Оны қарайтын миллионға жуық жазылушым бар. Бұл – менің қосымша табысым. Болашақта фотосалон ашамын.



**2** **Сөйлемді мағынасына қарай толықтырыңыз.**

~~бизнес-аккаунт~~ • пікір • лүпіл • қаралым • ~~сурет~~ • табыс • фотосуретші

1. Мен *бизнес-аккаунт* сатамын.
2. Күнде 20-ға жуық *сурет* жариялаймын.
3. Суреттеріме 800-1000 жуық ________________ болады.
4. Былтыр суретіме миллионнан аса ________________ басты.
5. Сағат сайын 20 шақты ________________ қалдырады.
6. Әлеуметтік желі арқылы миллионға жуық ________________ табамын.
7. Қазақстандағы үздік он ________________ тізіміне кірдім.

**3** **Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.**

**А.**

1. Мәтіндегі кейіпкердің мамандығы қандай? 2. Оның фотосуреттерінің тақырыбы қандай? 3. Оның фотосуреттері қандай тақырыпқа арналған? 4. Ол фотосуреттерді не үшін жариялайды? 5. Фотосуретші саябақтан не тауып алды? Ол оны суретке түсірді ме? 6. Әлеуметтік желіні пайдаланушылар фотоға қызықты ма? Қызығушылықтарын қалай білдірді? 7. Фотосуретшінің парақшасында қанша жазылушы бар? 8. Кейіпкер әлеуметтік желі арқылы ақша таба ма? 9. Фотосуретшінің арманы не?

**Ә.**

1. Фотосуретшінің қандай қасиеттері бар?
2. Фотосуретші мамандығы туралы не білдің? Бұл мамандық несімен қиын?
3. Фотосуретшінің парақшасына жазылғыңыз келе ме? Неге?

**4** **Фотосуретшінің парақшасында жазба жариялаңыз.**

***Үлгі:***

Мен бұрын бұл мамандық туралы білмедім. Сіздің парақшаңызды оқып шықтым. Сіз сияқты фотосуретші болғым келді. Сіз өте мейірімді, арманшыл адамсыз. Сіз, расында да, шығармашыл, тамаша адамсыз. Сіз өз мамандығыңызды жақсы таңдапсыз. Бақытты, бай болыңыз. Мен сізді құрметтеймін. Сізден жақсы, жаңа суреттер күтемін.



**1** Сөз бен суретті сәйкестендіріңіз.

А


Ә


Б


В


Г


Д


Е


И


К


Л


безендіру
орау
тесу
жапсыру
бүктеу

1- Ә. Таяқша

2-__. Гүл

3-__. Гофр қағазы

4-__. Шұлық

5-__. жапырақ

6-__. Безендіру

7-__. Орау

8-__. Қию

9-__. Байлау

10-__. Тесу

11-__. Жапсыру

12-__. Бүктеу

13-__. Қосу

**2** **Бірінші тапсырмадағы суреттерді мұқият қараңыз. Гүл шоғының бөліктерін неден жасайтынын айтыңыз.**



***Үлгі:***

*Гүлдің күлтесін матадан жасаймыз.*
*Гүлдің сабағын пластиктен жасаймыз.*
*Гүлдің жапырағын пластиктен жасаймыз.*

**3** **Нұсқауды оқыңыз. Гүл шоғын жасаңыз.**




Алдымен, шұлықтарды дайындап аламыз. Этикеткаларды қиямыз. Таяқшаларды дайындап қоямыз. Одан соң гүлдің жапырағын жасау үшін, жасыл түсті гофр қағазын аламыз. Гофр қағазын 10 см көлемінде төртбұрыштап қиямыз. Оны бүктейміз де, жапырақ жасаймыз. Одан кейін шұлықты таяқшаға ораймыз, скотчпен ораймыз (д, е суреттерін қараңыз). Жасыл жапырақты таяқшамен тесеміз. Бірнеше шұлықтан жасаған гүлдерді қосып, гүл шоғын жасаймыз. Соңында ақ немесе күлгін түсті гофр қағазымен ораймыз, баумен байлаймыз, безендіреміз. Мінекей, гүл шоғы дайын. Біз нағыз шебер, өнерлі, шығармашыл адамбыз.




**4** **Гүл шоғыңызды қалай жасадыңыз, айтып беріңіз.**

Алдымен, ...
Одан соң...
Одан кейін...
Соңында...

**5** **Нұсқауды «сіз» есімдігін қолданып қайта оқып көріңіз. Қандай ереже еске түскенін айтыңыз.**

**6** **Сұрақты көршіңізбен талқылаңыз.**

1. Гүл шоғын жасау шығармашылыққа жата ма?
2. Гүл шоғын жасайтын адамға қандай сипаттама беруге болады?
3. Гүл шоғын қалай жарнамалауға болады?

**7** **Таңдау бойынша жазылым жұмысын орындаңыз.**

**А)** Өзіңіз білетін шығармашылық жұмысты көршіңізге үйретіп, нұсқау беріңіз.

______________________________
______________________________
______________________________

**Ә)** Жеке парақшаңызға гүл шоғын сату үшін жарнама мәтінін жазыңыз. Жазбаңызбен бөлісіңіз.

______________________________
______________________________
______________________________

**1** **Тыңдаңыз. Өнермен байланысты сөздерді белгілеңіз.**

- [ ] театр
- [ ] поп
- [ ] опера
- [ ] ән жазу
- [ ] би
- [ ] балет
- [ ] диапазон
- [ ] әнші
- [ ] әуен
- [ ] талантты
- [ ] сазгер
- [ ] шетелдік

әуен
ән жазу
сазгер

**2** **Диалогті қайта тыңдаңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.**

Ән (әуен) жазатын адамды қалай атаймыз? ____________________

Ойды қимылмен жеткізетін қандай өнер түрі? ____________________

«Шебер әнші» дегенді басқаша қалай айтуға болады? ____________________

Әншіге ең алдымен не керек? ____________________

Концерт қайда өтеді? ____________________

**3** **Көршіңізге сұрақ қойыңыз. Көршіңіз сізге ұқсай ма, біліңіз. Көршіңіз туралы айтып беріңіз.**

Сізге қандай музыка ұнайды?
Ғаламтордан қандай әндерді көшіріп алдыңыз?
Караокеге жиі барасыз ба?
Аспапта ойнай аласыз ба? Домбыра, гитара, сырнай тартасыз ба?
Оркестрмен ән айтып көрдіңіз бе?
Кітап жаздыңыз ба?
Сурет сала аласыз ба?
Мүмкін, ән жазған боларсыз?



**4** **Сызба бойынша сөйлем құрастырып айтыңыз.**

| | | |
|---|---|---|
| | сахнада шебер ойнаса*ңыз* | |
| | шебер ән айтса... | |
| | суретті жақсы салса... | |
| | тамаша билесе... | |
| Егер сіз | талантты болса... | шығармашыл адам боласыз. |
| | ән жазса... | |
| | үйдің дизайнын жасаса... | |
| | торт безендірсе... | |
| | гүл шоғын жасаса... | |

**5** **Шығармашыл адамға толық жазбаша сипаттама беріңіз.**

Мен білетін шығармашыл адам – ______________________________

______________________________

Оның түр-тұлғасы да өзгеше. ______________________________

______________________________

______________________________

Оның мінезі де тамаша. Мысалы, ол ______________________________

______________________________

______________________________

Оның ерекше қабілеті, жеке қасиеттері мынадай: ______________________________

______________________________

______________________________

**6** **Жаңа сөздерді еске түсіріңіз.**

***А) Сөйлем мағынасын беретін сөзді жазыңыз.***

Байқауларда жеңімпаз болған адам. т______________________

Жаңалыққа жақын адам. ж______________________

Бойында өнері бар адам. ө______________________

***Ә) Тіркесетін сөзді жазыңыз.***

парақшаға ж______________________

фотосурет ж______________________

домбыра т______________________

аспапта о______________________

киноға т______________________

***Б) Синонимдерін табыңыз.***

қолдану ______________________

ұсыну ______________________

еліктіру ______________________

жолдау ______________________




# ҚОСЫМША ТАПСЫРМАЛАР

# ҚОСЫМША ТАПСЫРМАЛАР

## 1-ТАРАУ

**1** **Үлгі бойынша сұхбаттасыңыз.**



– Алло, қайырлы кеш, қарындас!

– Қайырлы кеш!

– Сізбен танысуға бола ма? Менің атым – Серік.

– Әрине, болады.

– Атыңыз кім болады?

– Менің атым – Айнұр.

– Атыңыз әдемі екен!

– Рақмет!

– Танысқаныма қуаныштымын!

– Мен де.

– Сізбен кездесуге бола ма?

– Жақсы, кездескенше!

**2** **Диалогті толықтырыңыз.**



– Кешіріңіз, ______________________________?

– Менің аты-жөнім – ______________________________.

– Қуаныштымын! _________________.

– Мен Қайратов Батыр Бекұлымын.

– Сіз _________________________ ба?

– Жоқ, мен __________ емеспін. Мен ___________.

Ал сіз заңгерсіз бе?

– Жоқ, мен заңгер емеспін. Мен _________________________.

– Ал сіз кімсіз?

– Мен _______________________.

**3** **Қосымшаларын дұрыс жалғаңыз.**



Алекс: Сәлем! Сен Пенелопа Круз____ ба?

Анна: Жоқ, Джулиа Робертс____. Ал сен Джордж Клуни____ ғой?

Алекс: Иә, дұрыс, мен____.



Алекс: Сәлем! Мен Алекс____. Сенің атың кім?

Анна: Мен Анна____. Танысқаныма қуаныштымын____!



Алекс: Сау бол, Анна!

Анна: Келесі кездескенше, Алекс!

## 2-ТАРАУ

**1** **Мәтінді толықтырыңыз.**

Біз отбасында ______ . Үлкеніміз – Еркін ағай. Ол ____ жылы туған, ___ жаста. Жанар апай ______ жылы туған, _____ жаста. Ол Еркін ағайдан __ жас кіші. Ермек ______ жылы туған, ___ жаста. Ол Сәуле апайдан __ жас кіші. Арман _____ жылы туған, ___ жаста. Ал мен өзім ______ жылы тудым, ___ жастамын.

**2** **Мәтінді оқып, өз отбасыңыздың альбомы туралы айтыңыз.**

Менің атым – Арман. Жасым 38-де. Бұл – отбасымыздың альбомы. Альбомда отбасы мүшелеріміздің, туыстарымыздың фотосуреттері бар. Бұл ақсақал – менің атам, ол 75 жаста. Ал мына кісі – әжем, Күлкен. Ол 70 жаста. Ал мынау – әкем Санжар, 58 жаста, оның қасында отырған адам – менің анам, Маржан. Ол 57 жаста. Мынау – әйелім Меруерт. Ол 33 жаста. Екеуміз де заңгерміз. Мынау – ұлым Ерасыл, жасы 14-те, ал мынау – қызым Жазира, 9-да. Екеуі де оқушы.



## 3-ТАРАУ

**1** **Жұптық жұмыс. Суреттегі адамдардың бірін жасырыңыз.**

***Үлгі:***

1) Бұл көңілді жігіт. Үстінде ақ көйлек, көк шалбары бар. Шашы қоңыр. Арқасында сөмкесі бар, қолында кітабы бар. Аяқ киімі ақ түсті.

2) Үстінде әдемі көйлегі бар. Көйлегінің түсі қара, белбеуі қызғылт. Аяғында қызғылт туфли. Шашы боялған, сары. Өзі нәзік бойжеткен.



## 4-ТАРАУ

**1** **Бөлмелерді сипаттаңыз.**



1. Неше бөлме бар?
2. Қандай бөлмелер бар?
3. Оң жақта қандай бөлме бар?
4. Сол жақта қандай бөлме бар?
5. Ортада қандай бөлме бар?
6. Жуынатын бөлме қайда орналасқан?
7. Бөлмелерде қандай жиһаздар бар?

**2** **Үй жануарлары мен жабайы құстарды табыңыз.**

*1. Үй жануарлары* *2. Жабайы құстар*



## 5-ТАРАУ

**1** **Тапсырыс берушінің сұрақтарына жауап беріңіз.**

– Алло, сәлеметсіз бе! Тамаққа тапсырыс беруге бола ма? Нешеге дейін жұмыс істейсіздер?
– ...............................................................................
– 2 кг пияз, 1 кг сәбіз, 1 қап ұн, 1 кг сары май, 3 кг спагетти, 3 кг құлпынай тосабы керек.
– .........................................................................................
– Бағасы қанша болады?
– .........................................................................................
– Қашан әкелесіздер?
– ...........................................................................................

**2** **Тағамды әзірлеу ретін табыңыз.**

**Құрамы:** 1 кг күріш, 1 кг қой еті, 1 кг сәбіз, 300мл май, 4 дана пияз, 1 ас қасық зира, 1 ас қасық кориандр, тұз, бұрыш.



*күрішті жуу*



*майды қыздыру*



*ет, пияз, сәбізді турау*



*күрішті салу, су құю*



*ет салу, қуыру*



*етке сәбіз бен дәмдеуіштер салу*



*кориандр дәндерін салу*



*бәрін қуыру*



*пиязды қуыру*



*сарымсақ салып, бұқтыру*



*тәрелкеге салу*



*Ас болсын!*

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. ..... | 2. ..... | 3. ..... | 4. ..... | 5. ..... | 6. ..... |
| 7. ..... | 8. ..... | 9. ..... | 10. ..... | 11. ..... | 12. ..... |

## 6-ТАРАУ

**1** **Киім атауларын пайдаланып, мәтін құрап жазыңыз.**

1. Сатып алушы дүкеннен __________
___________________________________
___________________________________
___________________________________
___________________________шықты.

2. Дүкенде ол өзіне ________________
___________________________________
___________________________________
____________________________қарады.

3. Ол киім дүкенінен ________________
___________________________________
___________________________________
_______________________алуға барды.



1. Сатып алушы дүкеннен ___________
___________________________________
___________________________________
___________________________________
___________________________ шықты.

2. Дүкенде ол өзіне ________________
___________________________________
___________________________________
____________________________қарады.

3. Ол киім дүкеніне ________________
___________________________________
___________________________________
_______________________алуға барды.



## 7-ТАРАУ

**1** **Есеп шығарып жарысыңыз.**

1. Төрт жүз жиырма алтыдан жүз жиырма бесті алыңыз.
2. Сегіз жүз сексен сегізден екі жүз тоқсан екіні алыңыз.
3. Бес жүзге алты мыңды қосыңыз.
4. Мың екі жүзге тоғыз жүз алтыны қосыңыз.
5. Сексен бірді тоғызға бөліңіз.
6. Жетпіс екіні жетіге бөліңіз.
7. Он бесті он алтыға көбейтіңіз.
8. Үш жүзге отызды көбейтіңіз.

**2** **Суретке сәйкес келетін жауапты таңдаңыз.**



















а) Абай көшесі, тоғызыншы үй.

ә) Екі жүз бірінші бөлме.

б) Жүз он нөміріне хабарласыңыз.

в) Абай даңғылы, екінші үй.

г) Төрт жүз қырық төрт нөмірлі авто.

ғ) Бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, сегіз, жеті, алты, бес, төрт, үш, екі.

1 - ___ 2 - ___ 3 - ___

4 - ___ 5 - ___ 6 - ___

## 8-ТАРАУ

**1** **Сұрақтарға жауап беріңіз.**

1. Мен көлікпен осы жерге тоқтай аламын ба?
2. Мен сіз үшін не істей аламын?
3. Сен тоқыма тоқи аласың ба?
4. Сіз көлік жүргізе аласыз ба?
5. Сіз пицца жасай аласыз ба?
6. Мені 1 минут күте аласыз ба?
7. Сағат неше екенін айта аласыз ба?
8. Маған телефон соға аласың ба?

**2** **Сурет бойынша өз хоббиіңіз туралы айтыңыз.**

**Керекті сөздер:** *жиі, апта сайын, күнде, демалыста, өте көңілді....*







*айналысамын*



*тебу ұнайды*














## 9-ТАРАУ

**1** **Сурет бойынша ойыңызды айтыңыз.**

***Үлгі:*** *Мен музыка метебін бітіргенмін. Домбыра тарту білемін. Енді гитара үйренгім келеді.*



саяхаттағым келеді



ұшқым келеді



серуендегім келеді



барғым келеді



ойнағым келеді



үйренгім келеді



қатысқым келеді



айналысқым келеді



тепкім келеді

**2** Жұмыс беруші мен жұмысқа тұрушы сөзін жазыңыз.



## 10-ТАРАУ

**1** Суретке қараңыз. Демалыста кім не істеп жатыр?



1. *Абзал ата, Назым* таудан түсіп келеді.
2. ________________ ойнап жүр.
3. ________________ су ішіп тұр
4. ________________ тоқып отыр.
5. ________________ жүгіріп жүр.
6. ________________ сөйлесіп тұр.
7. ________________ ұйықтап жатыр.
8. ________________ жүзіп жүр.
9. ________________ парашюттен секірді.
10. ________________ кітап оқып отыр.
11. ________________ балық аулап жүр.
12. ________________ доп ойнап жатыр.
13. ________________ тауға шығып жатыр.
14. ________________ музыка тыңдап отыр.
15. ________________ ағашқа шығып жатыр.
16. ________________ гитарада ойнап жатыр.

**1** **Оқыңыз және Арманның бір аптаға құрған жоспарын жазыңыз.**

Арман бір аптаға демалысқа шықты. Ол демалысын көңілді өткізгісі келді. Сондықтан ол бір аптаға жоспар құрды.

Ол дүйсенбі күні достарымен футбол ойнайды. Сейсенбіде Арман саябаққа барады. Ол жақта велосипед тебеді. Келесі күні қаланы аралайды. Бейсенбі күні Арманның үйіне достары келеді. Олар гитарада ойнайды, ән айтады. Келесі күні ол інісімен баскетбол ойнайды. Сенбіде отбасымен серуендейді. Арман жексенбіде «Хәрри Поттерді» оқиды.



## 11-ТАРАУ

**1** **Дұрыс кеңесті таңдаңыз.**

- ☐ Тамақтан кейін тісіңді емде.
- ☐ Жөтелген кезде үнемі аузыңды жап!
- ☐ Суық тисе, суық су іш!
- ☐ Қызуың көтерілсе, қызуөлшегішпен өлше!
- ☐ Таза тістер тамақ ауруынан сақтайды.
- ☐ Жөтелгенде балмұздақ же!
- ☐ Суық тисе, балмен сүт іш!
- ☐ Қызуың көтерілсе, екпе салдыр!

**2** **Қажетті сөздерді қойып, диалогті аяқтаңыз.**



**3** **Денсаулық үшбұрышына қараңыз. Әр суретті тиісті сөзбен сәйкестендіріңіз. Құрастыратын мәтінде себебін түсіндіріп жазыңыз.**

***Үлгі:*** Денсаулық жақсы болу үшін ... керек. Ол... жағдайды жақсартады. ...








______________________________________________________

______________________________________________________

______________________________________________________

______________________________________________________

______________________________________________________

______________________________________________________

______________________________________________________

## 12-ТАРАУ

**1** **Суреттерге қараңыз. Бос орынға қажетті сөзді жазыңыз.**



**2** **Бос орынға қажетті сөзді қойып айтыңыз.**

а) Менің Отаным – ____________________;

ә) Біздің еліміздің астанасы – ____________________;

б) Атбасар – шағын, кішкентай ____________________;

в) Қоянды – Ақмола облысы, Целиноград ауданындағы ____________________;

**3** **Суретке қараңыз. Берілген сөздерді қолданып, қаланы сипаттаңыз.**

***Қажетті сөздер:*** арқылы, қасында, жанында, ортасында, шетінде, өту, жоғары, төмен, алды, асты, артында.



## 13-ТАРАУ

**1** **Мәтінді оқып, суреттелген адамның кім екенін анықтаңыз.**





Сәлем! Мен шығармашыл адаммын. Мені адамдар талантты деп ойлайды. Африкалық актермін, рэпермін және продюсермін. Мен камерамен доспын. Үйленгенмін, екі балам бар.
«Тентектер» («Плохие парни»), «Қара киімділер» (Люди в черном), «Тәуелсіздік күні» («День независимости») фильмдерінде басты рөлде ойнадым. Мен көптеген музыкалық премияларды жеңдім. Менің кім екенімді білесіз бе?

______________________________





Сәлеметсіздер ме! Мен танымал адаммын.

Афроамерикалық актермін. Мен «Шофер мисс Дейзи» («Driving Miss Daisy»), «Малышка на миллион» («Million Dollar Baby»), «Құдыретті Брюс» («Брюс Всемогущий») фильмдерінде басты рөлдерде ойнадым. Мен АҚШ киноактерлерінің Гильдия премиясын жеңіп алдым. Мені адамдар дарынды, білімді санайды.
Менің кім екенімді таба аласыздар ма?

______________________________



Сәлем! Мен өте танымал актермін.

Мен көп көркем фильмдерде ойнағанмын. Мысалы: «Эдвард руки-ножницы» («Edward Scissorhands»), «Чарли және шоколад фабрикасы» («Чарли и шоколадная фабрика»), «Кариб теңізінің қарақшылары» («Пираты Карибского моря»).

Менің шын өмірде де мұртым бар. Мақтанды деп ойламаңыздар, мені адамдар өте талантты, дарынды деп санайды. Менің кім екенімді білесіздер ме?

______________________________



**2** **Мәтін бойынша сұраққа жауап беріңіз.**

Берілген актерлерді шығармашыл деп ойлайсыз ба?

Сіздің ойыңызша, қай актер өте танымал?

Сізге қай актер көбірек ұнайды?

Бұл актерлердің қандай фильмдерін көрдіңіз?

Фильмдері қызық па, жоқ па?

# АУДИОМӘТІНДЕР

**1-ТАРАУ. Танысу**

**1-ТАРАУ. Таныс болайық (1А)**

*1. танысу*

*2. қателесу*

*3. жай ғана*

*4. дәл өзі*

*5. есім*

**1- ТАРАУ. Таныс болайық (1А)**

| № | Аудиомәтіндер |
|---|---|
| 1-тапсырма<br>А суреті | *– Танысайық. Жай ғана Рима.*<br>*– Менің атым – Ару. Танысқаныма қуаныштымын!* |
| 1-тапсырма<br>Ә суреті | *– Қош келдіңіз! Атыңыз кім?*<br>*– Менің аты-жөнім – Еркін Болатұлы Хасенов.* |
| 1-тапсырма<br>Б суреті | *– Сізбен танысуға бола ма?*<br>*– Кешіріңіз, асығып барамын.* |
| 1-тапсырма<br>В суреті | *– Сіздің атыңыз Сұлтан болар?*<br>*– Сәлеметсіз бе, дәл өзі.* |
| 1-тапсырма<br>Г суреті | *– Таныс болыңыздар! Менің қасымдағы - Айнұр.*<br>*– Қуаныштымын.* |
| 1-тапсырма<br>Д суреті | *– Сіздің атыңыз Ұлан ба?*<br>*– Қателестіңіз, менің есімім – Сания.* |

**1-ТАРАУ. Қош келдіңіз! (1Ә)**

*1. құрбы*

*2. әріптес*

*3. тамаша*

*4. жарайды*

*5. әрине*

*6. көріскенше*

**1-ТАРАУ. Қош келдіңіз! (1Б)**

*1. өзгерту*

*2. ұнату*

*3. келісу*

*4. ойлану*

*5. атау*
*6. тегі*
*7.еркелету*
*8 заманауи*

**1-ТАРАУ. Жасың нешеде? (1В)**

*1. жас*
*2. жыл*
*3. нешінші*
*4. санау*
*5. рет*
*6. нөмір*

**1-ТАРАУ. Ұқсас есімдер (1Г)**

*ұқсас*
*бірдей*
*қазақша*

**1-ТАРАУ. Тарауды қайталау (1Ғ)**

*Шырын: Сәлем, қалың қалай, жігіт.*
*Мереке: Мен жігіт емеспін.*
*Шырын: Сенің атың Мереке ғой, солай ма? Ендеше, сен ұл боласың.*
*Мереке: Ал Шырын – қыздың аты, сен ендеше қыз боласың.*
*Шырын: Мереке, мән берме. Бұл жай ғана әзіл ғой.*

---

**2-ТАРАУ. Менің отбасым**
**2-ТАРАУ. Біз тату отбасымыз (2А)**

*1. бауыр*
*2. жеңге*
*3. күйеу*
*4. әйел*
*5. тату*
*6. ортаншы*
*7. бірге тұру*

**2-ТАРАУ. Біз тату отбасымыз (2А)**

*Менің есімім – Ділдә. Дулат пен Айнұр – менің ата-анам. Менің ағам бар. Оның аты – Елтай. Жеңгемнің аты – Сара. Олардың екі ұлы бар: үлкені – Ерден, кішісі – Маулен. Біз бәріміз бірге тұрамыз.*

**2-ТАРАУ. Қазіргі отбасы қандай? (2Ә)**

*1.шағын*
*2. үйлену*
*3. тұрмыс құру*
*4. отбасы мүшесі*
*5. немере*
*6. шөбере*

**2-ТАРАУ. Отбасы мүшелерін сипаттайық (2Б)**

*1. толық*
*2. арық*
*3. мұрт*
*4. аласа*
*5. қылық*
*6. мақтаншақ*

**2-ТАРАУ. Туған күніңмен, ағатай! (2 В)**

*1. бауырмал*
*2. қамқор*

**2-ТАРАУ. Бәрібір жақсы көремін... (2Г)**

*1.бойжеткен*
*2. жігіт*
*3. ешқашан*
*4. адал*
*5. егіз*

---

**3-ТАРАУ. Бала кез**

**3-ТАРАУ. Бала кездегі суреттер (3А)**

*1. күлкілі*
*2. ашулы*
*3. сүйкімді*
*4. нәресте*
*5. қуыршақ*
*6. сондай*
*7. шамамен*

**3-ТАРАУ. 4-тапсырма (3 А)**

*Мына суретте ол – нәресте. Қандай тәтті кез!*
*Мына суретте ол өте көңілді. Біреу оған сыйлық берген сияқты.*
*Мынаған қараңыз, мына суретте ол тым ашулы. Кім ренжітті екен? (күледі).*
*Бұл суретте де ол мұңды, тым көңілсіз. Көзіне қараңызшы!*
*Иә, ал мына суретте ол шын бақытты. Оның қасында анасы бар.*

**3-ТАРАУ. Менің фотоальбомым (3Ә)**

*1.ескі*
*2. жаңа*
*3. жеке*
*4. бақытты*
*5. мынау/бұл*

**3-ТАРАУ. Досымды сағынамын (3Б)**

*1. құрдас*
*2. көрші*
*3. үнемі*
*4. бір-біріне*

**3- ТАРАУ. Бала кездегі ойындар (3В)**

*1. таяқ*
*2. мұрт*
*3. сақал*
*4. қонақ*
*5. туған күн*
*6. шақыру*
*7. тойлау*
*8. шар үру*
*9. майшам жағу*

**3- ТАРАУ. Ең үлкен жеңіс (3Г)**

*1. жеңіс*
*2. сахна*
*3. байқау*
*4. жеңімпаз*
*5. биші*
*6. тар*

**4-ТАРАУ. Менің үйім**

**4-ТАРАУ. Менің үйім (4А)**

*1. шатыр*
*2. есік*
*3. терезе*
*4. баспалдақ*
*5. бақ*

**4-ТАРАУ. 5-тапсырма**

*Менің есімім – Марал. Мен ауылда тұрамын. Менің үйім өте үлкен емес. Бірінші қабатта қонақ бөлме, ас үй, жуынатын бөлме мен әжетхана бар. Ал екінші қабатта екі жатын бөлме, екі жуынатын бөлме бар.*

*Үйдің алдында бақша бар. Үйдің артында бақ бар. Онда алма, алмұрт, шие ағаштары өседі. Үйдің жанында, оң жақта гараж тұр.*

**4-ТАРАУ. Үйдегі заттар (4Ә)**

*1. тоңазытқыш*
*2. кітап сөресі*
*3. шелек*
*4. жастық*
*5. көрпе*
*6. шаңсорғыш*
*7. кілем*
*8. қол орамал*
*9. кереует*

**4-ТАРАУ. Бөлмені жинайық! (4Б)**

*1. кілт*
*2. қолшатыр*
*3. қорап*
*4. сөмке*
*5. тарақ*
*6. көзәйнек*

**4-ТАРАУ. Үй шаруасы (4В)**

*1. есікті кілттеу*
*2. шаң сүрту*
*3. кілем төсеу*
*4. бақшаны суару*
*5. қоқыс төгу*
*6. төсек жинау*

*7. ауланы сыпыру*

**4-ТАРАУ. Үйдің жоспары (4Г)**

*1. шаршы метр*
*2. кіреберіс*
*3. төр*
*4. аудан*

**4-ТАРАУ. Үйдің жоспары (4Г)**

*Менің пәтерім үлкен. Мен төрт бөлмелі пәтерде тұрамын. Үйге кіргенде бірден оңға бұрылсаңыз, ас үйге барасыз. Ас үйдің аумағы 18,00 шаршы метр. Ол бөлмеден балконға шығуға болады. Кіргенде қарсы алдыңызда ас үй жиқазы тұр. Төрде тамақ ішетін үстел бар. Ас үйден шығыңыз да, оң жақта тұрған қонақ бөлменің есігін ашыңыз. Оның ауданы – 34,00 шаршы метр. Төрде, оң жақ қабырғада теледидар ілулі тұр. Теледидар қарсысында жұмсақ орындықтар тұр. Ал сол жақ қабырға жақта ұзын үстел бар. Қонақ бөлме қасында, осы бойда жатын бөлмесі тұр. Ол – менің бөлмем. Ауданы 17,00 шаршы метр. Жатын бөлмеге қарсы, тағы бір жатын бөлме бар. Ол сіңлімнің бөлмесі. Ауданы – 19.00 шаршы метр. Екеуміздің бөлмеміздің ортасында жуынатын бөлме тұр. Оның ауданы - 5.00 шаршы метр. Сіңлімнің бөлмесінің оң жағында ата-анамның бөлмесі бар. Ол бөлменің ауданы 20.00 шаршы метр. Бұл бөлменің ішінде бір жуынатын бөлме бар. оның ауданы – 4.00 шаршы метр. Ал кіреберістің жалпы аумағы 20.00 шаршы метр. Менің үйім осындай.*

**4- ТАРАУ. Тарауды қайталау (4Ғ)**

*1. қақпа*
*2. байлау*

---

**5-ТАРАУ. Тапсырыс берейік**

**5- ТАРАУ. Тәтті шай (5А)**

*1. құймақ*
*2. тосап*
*3. жалбыз*
*4. бал*
*5. құрт*
*6. ірімшік*
*7. тоқаш*

**5-ТАРАУ. 4-тапсырма**

*- Алло, балам, Қайрат, үйге қашан келесің? Қайдасың?*
*- Жай ма, апа! Мен Асанмен бірге көшеде жүрмін.*
*- Онда, тез үйге келіңдер.Асанды алып кел. Мен тәтті шай әзірлеймін. Ыстық құймақпен, балмен, ірімшікпен шай ішеміз.*
*- Ооо, керемет! Қазір келеміз, апа!*

**5-ТАРАУ. Балмұздаққа не қосады? (5Ә)**

*1. аскөк*
*2. айран*
*3. қаймақ*
*4. қызылша*
*5. пияз*
*6. сәбіз*
*7. қырыққабат*
*9. күріш*
*10. сақтау*

**5-ТАРАУ. Тағам дайындау (5Б)**

*1. астау*
*2. себет*
*3. арба*
*4. таба*
*5. тартпа*

**5-ТАРАУ. Ұлттық тағамдар (5В)**

*1 талқан*
*2. қазы*
*3. сорпа*
*4. қуырдақ*
*5. қуыру*
*6. пісіру*

**5-ТАРАУ. Үйге әкеп бересіз бе?**

*1. жеткізу*
*2. тізім*
*3. тапсырыс беру*
*4. қап*
*5. бума*
*6. дана*

**5-ТАРАУ. Тарауды қайталау (5Ғ)**

*1. тәбет*
*2. тілім*

**6-ТАРАУ. Киім**

**6-ТАРАУ. Дүкенде (6А)**

*1.таңдау*
*2. төлеу*
*3. өлшем*
*4. жеңілдік*
*5. акция*
*6. тауар*

*(Телефон қоңырауы әңгімесі).*
*– Сәлем, досым! Боссың па? Дүкен аралайық. «Айша бибі» дүкеніне тауарлар келген. Таңдау, жеңілдіктер көп. «1+1» акциясы басталды.*
*– Арай, мен картамды таппай жатырмын.*
*– Уайымдама, Айгерім, мен сен үшін төлеймін.*
*– Жақсы, мен де онда қысқа көйлегімді ауыстырамын.*
*– Кешегі алғаның ба?*
*– Иә, өлшемі сәйкес келмеді. Тар екен.*
*– Тамаша! Онда шығайық.*

**6-ТАРАУ. Талғаммен киіну (6Ә)**

*1. сырт киім*
*4. жарасу*
*5. талғам*

**6-ТАРАУ. Түстердің үйлесімі (6Б)**

*1. жасыл*
*2. күлгін*
*3. қоңыр*
*4. көк*
*5. қызғылт сары*
*6. сұр*

**6-ТАРАУ. Сауда орталығында (6Г)**

*1. ақша*
*2. сырт киім*
*3. сатып алушы*
*4. төлем картасы*
*5. киіп көру*
*6. қанша тұрады?*

**7-ТАРАУ. Ақша**

**7- ТАРАУ. Кел, саудаласайық! (7А)**

*1. түсу*
*2. аралау*
*3. саудаласу*
*4. ауыстыру*
*5. келі*
*6. қап*
*7. сәл*

**7-ТАРАУ. Кел, саудаласайық! (7А)**

*- Қияр алайын.*
*- Неше қап керек?*
*- Төртеу. Саудаласайық?*
*- Саудаласайық. Бір келі қияр – 70 тенге. Бір қапта 10 келі болады. Сізге 65 теңгеден сатамын.*
*- Базарды аралап келдім. Маған киллограмын 60 теңгеден беріңіз.*
*- Жарайды. Онда алты қап алыңыз.*
*- Жоқ, бесеу аламын.*
*- Тағы түсірейін. 55 теңгеден жетеу алыңыз.*
*- Жарайды, 55 теңгеден беріңіз, алтау алайын.*
*- Жақсы. Келістік.*
*- Рақмет! Саудаңыз болсын!*

**7-ТАРАУ. Сыйлық (7Ә)**

*1. арзан*
*2. қымбат*
*3. сапалы*
*4. сапасыз*
*5. төмен баға*
*6. кәдесый*

**7-ТАРАУ. Ақша жұмсап үйрен (7Б)**

*1. жұмсау*
*2. шығын*
*3. кіріс*
*4. есептеу*
*5. жоспарлау*
*6. жинау (сақтау)*

**7-ТАРАУ. Киім дүкенінде (7В)**

*1. таңдау*
*2. төлеу*
*3. саудаласу*
*4. есептеу*

**7-ТАРАУ. Миллионер сөзі (7Г)**

*1. ояну*
*2. құшақтау*
*3. жылау*
*4. мақтану*
*5. таңғалу*

---

**8-ТАРАУ. Хобби**
**8-ТАРАУ. Хобби (8А)**

*1. ән айту*
*2. ән/радио тыңдау*
*3. жүгіру*
*4. гитара тарту*
*5. скейтборд тебу*

**8-ТАРАУ. Хобби (8А)**

**А.** *Сәлем! Менің аты-жөнім – Нұрболатұлы Әлихан. Менің жасым он төртте. Мен Алматы қаласында тұрамын. Менің отбасымда ата-анам және Айша мен Әмина есімді екі қарындасым бар.*

*Мен көңілді жігітпін. Ата-анам «ақылдысың» деп те айтады. Мен бос уақытымда жүгіргенді жақсы көремін және скейтборд тебе аламын. Менің сүйікті хоббилерім – жүзу мен серфинг. Бірақ дайвингпен айналыса алмаймын.*

*Кешкі тамақты ішіп болған соң, компьютерлік ойындар ойнағанды және детектив оқығанды ұнатамын. Бірақ фэнтези жанрындағы кітаптарды оқи алмаймын.*

*Демалыс күндерімді жоспарлаймын. Әдетте жағажайға немесе саябаққа барамын.*

**Ә.** *Менің атым – Даниал. Фамилиям – Бақыт. Мен он үштемін. Ата-анам, әжем және ағам Димашпен Нұр-сұлтан қаласында тұрамын. Достарымның айтуынша, мен көпшіл және ақкөңіл адаммын.*

*Бос уақытымда мен велосипед тепкенді, табиғат аясында демалғанды жақсы көремін. Менің сүйікті хоббиім – ән айту. Мен гитара тарта аламын. Музыканы сүйемін. Бірақ жақсы билей алмаймын.*

*Кешке мен радиодан ән тыңдағанды және әлеуметтік желілерге кіргенді ұнатамын. Өзім блог жүргізе алмаймын.*

*Демалыс күндері мен әдетте киноға барамын. Комедия көргенді ұнатамын. Бірақ мистикалық*

*фильмдерді көре алмаймын.*

**8- ТАРАУ. Тіл үйренгім келеді (8Ә)**

*1. үйрену*
*2. меңгеру*
*3. деңгей*
*4. халықаралық/әлемдік*
*5. әуес*

**8-ТАРАУ. Кітап – менің досым (8Б)**

*1. ай*
*2. пікір*
*3. ойлау*
*4. кеңес беру*
*7. қызықты/ қызықсыз*
*8. түнге дейін*

**8-ТАРАУ. Қолөнер – менің хоббиім (8В)**

*1. қолөнер*
*2. әшекей бұйым*
*3. жәрмеңке*
*4. тоқу*

**8-ТАРАУ. Менің сүйікті ісім (8Г)**

*1. сурет салу*
*2. фотоға түсіру*
*3. балық аулау*
*4. теледидар көру*
*5. шахмат/футбол ойнау*

---

**9-ТАРАУ. Жұмыс іздеймін**
**9-ТАРАУ. Жұмыс және мамандық (9А)**

*1. мамандық*
*2. жұмыс*
*3. ... болып жұмыс істеймін*

**9-ТАРАУ. Жұмыс және мамандық (9А)**

*– Сәлеметсің бе, Қанат!*
*– Сәлеметсіз бе, Айжан Болатқызы!*
*– Қанат, сен кім болып жұмыс істейсің?*
*– Мен ұшқышпын. Сіз ше, мамандығыңыз қандай?*
*– Мен дәрігер болып жұмыс істеймін. Сенің әкең жазушы ма?*

*– Иә, ол – жазушы, анам – аспаз.*
*– Әпкең мен қарындасың қайда жұмыс істейді?*
*– Әпкем – есепші. Қарындасымның мамандығы – тілші. Бірақ ол хатшы болып жұмыс істейді.*
*– Тамаша! Отбасыңда барлық мамандық бар!*
*– Иә. Ағам шаштараз болып жұмыс істейді. Інімнің мұнайшы болғысы келген. Бірақ ол – жүргізуші.*

**9-ТАРАУ. Жұмыс іздеймін (9Ә)**

*1. кәсіп*
*2. алайда*
*3. әлде*
*4. шығу*
*5. айналысу*
*6. кәсіпкер*
*7. аудармашы*
*8. заңгер*
*9. мейірбике*

**9-ТАРАУ. Келісімшарт жасайық! (9Б)**

*1. жұмыс күндері*
*2. жұмыс уақыты*
*3. түскі үзіліс*
*4. жиналыс*
*5. келісімшарт*
*6. қайда?*

**9- ТАРАУ. Менің жұмысым (9В)**

*1. құрылысшы*
*2. балықшы*
*3. өрт сөндіруші*

**9- ТАРАУ. Құрметті мамандық (9Г)**

*1. әнші*
*2. суретші*
*3. биші*
*4. күзетші*
*5. құрметті*

**10-ТАРАУ. Бос уақыт**

**10-ТАРАУ. Бос уақыт (10А)**

*1. таңертең*
*2. кешке*
*3. түнде*
*4. қыста*
*5. жазда*
*6. апта*

**10-ТАРАУ. Бос уақыт (10А)**

*Ғалымдар қазақстандық балалар туралы зерттеу жүргізді. Қазақстандық балалар бос уақытында немен айналысады?*

*Олар күніне бір рет серуендейді. Әдетте серуенге кешке шығады. Футболды балалар жақсы көреді. Айына кемінде бір рет футбол ойнайды. Олар футболды көбінесе жазда ойнайды. Балалар велосипед тебуді де жақсы көреді. Олар аптасына кемінде бір рет велосипед тебеді. Бірақ велосипедті қыста тебе алмайды. Олар бос уақытында видеоойын да ойнайды. Оны көбінесе түнде және әр күні ойнайды. Балалар бос уақытында теледидар да көреді. Көп балалар теледидарды таңертең көреді және аптасына кемінде бір рет көреді.*

**10-ТАРАУ. Бос уақытың бар ма? (10Ә)**

*1. күн аттары*
*2. демалыс күндері (сенбі, жексенбі)*

**10-ТАРАУ. Сағат неше болды? (10Б)**

*1. жарым*
*2. кетті*
*3. қалды*

**10-ТАРАУ. Күн тәртібім (10В)**

*1. күн тәртібі*
*2. тіс жуамын*
*3. басталады*
*4. аяқталады*
*5. ұйықтау*
*6. ұйқыдан тұру*

**10-ТАРАУ. Жоспар құру (10Г)**

*1. жоспар құру*
*2. демалыс күндері*

**11- ТАРАУ. Денсаулық**

**11- ТАРАУ. Дене мүшелері (11А)**

*1. бұру*

*2. мойын*

*3. иық*

*4. тізе*

*5. тигізу*

*6. айналдыру*

**11-ТАРАУ. Дене мүшелері (11А)**

*Баласы: Мммм, күшті иіс сезіп тұрмын!*

*Анасы: Иә, құлыным. Сенің сүйікті тортыңды пісірдім.*

*Баласы: Қане?!*

*Анасы: Қазір берем. Қолыңды жудың ба?*

*Баласы: Иә!*

*Анасы: Ал бетіңді ше!*

*Баласы: Иә, анашым! (бала ерке дауыспен).*

*Анасы: Жей ғой, қалай дәмді ме?*

*Баласы:Тамаша! Өте дәмді!*

*Анасы: Асықпай, жай же!*

*Баласы: Анашым, көп рақмет!*

*Анасы: Тоқта! Ерніңде крем тұр, аузыңды сүрт!*

**11-ТАРАУ. 2-сабақ. Дәрігер кеңесі (11Ә)**

*1. суық тию*

*2. ауру*

*3. науқас*

*4. тұмау*

*5. қызу*

*6. жөтел*

**11-ТАРАУ.  Ұйқыңыз тыныш па? (11Б)**

*1. ұйқы*

*2. ұйықтау*

*3. күнделікті жүктеме*

*4. ояну*

*5. өзгеріс*

**11-ТАРАУ.  Салмақ тастау оңай ма? (11В)**

*1. артық салмақ*

*2. қимыл*
*3. қозғалыс*
*4. сақтау*
*5. шұғылдану*
*6. ағза*

**11-ТАРАУ. Денсаулықты күтемін (11Г)**
*1. белсенді*
*2. дәрумен*

**11-ТАРАУ. Денсаулықты күтемін (11Г)**
*Менің атым - Дастан. Спорт - менің екінші өмірім. Маған белсенді өмір сүру ұнайды. Менің хоббиім де осы спорт. Денсаулығым үшін күнде ерте тұрамын. Дене және кардио жаттығуларын жасаймын. Гигиеналық тазалықты сақтаймын. Денсаулыққа зиян тағамдар мен сусындарды тұтынбаймын. Дәрумені көп пайдалы тамақтарды жеймін. Әсіресе ет пен көкөністерді жақсы көремін. Таза ауада жаяу серуендеймін. Достарыммен бассейнге жүзуге барамын немесе орманда жүгіремін. Жалпы, біз отбасымызбен белсенді өмірді таңдаймыз.*

**12-ТАРАУ. Көрікті Алматы (12А)**
*1. бұршақ*
*2. биыл*
*3. былтыр*
*4. келесі жылы*
*5. жиі*
*6. кебу*
*7. күні бойы*

## 1 ТАРАУ. Танысу

танысу
қателесу
жай ғана
дәл өзі
есім
құрбы
әріптес
тамаша
жарайды
әрине
көріскенше
өзгерту
ұнату
келісу
ойлану
атау
тегі
еркелету
заманауи
жас
жыл
нешінші?
санау
рет
нөмір
ұқсас
бірдей
қазақша

## 2 ТАРАУ. Менің отбасым

бауыр
жеңге
күйеу
әйел
тату
ортаншы
бірге тұру
шағын
үйлену
тұрмыс құру
отбасы мүшесі
немере
шөбере
толық
арық
аласа
қылық
мақтаншақ
бауырмал
қамқор
бойжеткен
жігіт
ешқашан
адал
егіз

## 3 ТАРАУ. Бала кез

күлкілі
ашулы
сүйкімді
нәресте
қуыршақ
сондай
шамамен
ескі
жаңа
жеке
бақытты
мынау
бұл
құрдас
көрші
үнемі
бір-біріне
таяқ
мұрт

сақал
қонақ
шақыру
туған күн тойлау
шар үру
майшам жағу
жеңіс
сахна
байқау
жеңімпаз
биші
тар

## 4 ТАРАУ. Менің үйім

шатыр
есік
терезе
баспалдақ
тоңазытқыш
кітап сөресі
шелек
жастық
көрпе
шаңсорғыш
кілем
қол орамал
кереует
кілт
қолшатыр
қорап
сөмке
тарақ
көзәйнек
көзілдірік
есікті кілттеу
шаң сүрту
кілем төсеу
бақшаны суару
қоқыс төгу
төсек жинау

ауланы сыпыру
шаршы метр
кіреберіс
төр
аудан
байлау
қақпа

## 5 ТАРАУ. Тапсырыс берейік

құймақ
тосап
жалбыз
бал
құрт
ірімшік
тоқаш
аскөк
айран
қаймақ
пияз
сәбіз
қызылша
қырыққабат
шие
күріш
сақтау
астау
себет
арба
таба
тартпа
қуыру
пісіру
қазы
сорпа
қуырдақ
талқан
жеткізу
тізім

тапсырыс беру
қап
бума
дана
тәбет
тілім

## 6 ТАРАУ. Киім

таңдау
төлеу
өлшем
жеңілдік
акция
тауар
сырт киім
кию
шешу
жарасу
талғам
жасыл
күлгін
қоңыр
көк
қызғылт сары
сұр
ақша
сырт киім
сатып алушы
төлем картасы
киіп көру
қанша тұрады?

## 7 ТАРАУ. Ақша

ауыстыру
түсу
аралау
саудаласу
қап
сәл
келі
арзан
қымбат
сапалы
сапасыз
төмен баға
кәдесый
кіріс
есептеу
жоспарлау
жинау
таңғалу
ояну
құшақтау
жылау
мақтану

## 8 ТАРАУ. Хобби

ән айту
ән  тыңдау
жүгіру
гитара тарту
скейтборд тебу
үйрену/ меңгеру
деңгей
халықаралық
әлемдік
әуес
ай
пікір
ойлау
кеңес беру
кітапхана
қызықты
қызықсыз
түнге дейін
қолөнер
әшекей бұйым

жәрмеңке
тоқу
сурет салу
фотоға түсіру
балық аулау
теледидар көру
шахмат ойнау

## 9 ТАРАУ. Жұмыс іздеймін

мамандық
жұмыс
... болып жұмыс істеймін
кәсіп
алайда
әлде
шығу
айналысу
кәсіпкер
аудармашы
заңгер
мейірбике
жиналыс
жұмыс күндері
жұмыс уақыты
түскі үзіліс
келісімшарт
қайда?
құрылысшы
балықшы
өрт сөндіруші
әнші
суретші
күзетші
құрметті

## 10 ТАРАУ. Бос уақыт

таңертең
кешке
түнде
қыста
жазда
апта
күн аттары
демалыс күндері
жарым
кетті
қалды
күн тәртібі
тіс жуу
басталады
аяқталады
ұйықтау
ұйқыдан тұру
демалыс күндері
жоспар құру

## 11 ТАРАУ. Денсаулық

бұру
мойын
иық
тізе
тигізу
суық тию
ауру
науқас
тұмау
қызу
жөтелу
ұйқы
ұйықтау
күнделікті
жүктеме
ояну
өзгеріс
артық салмақ
қимыл

қозғалыс
сақтау
шұғылдану
ағза
белсенді
дәрумен

## 12 ТАРАУ. Туған жер

бұршақ
биыл
былтыр
келесі жылы
жиі
кебу
күні бойы
көне
бұрын
мұражай
кесене
құмыра
субұрқақ
арқылы
жанында
қасында
дейін
кейін
ішінде
ортасында
айналасында
шетінде
жартас
ескерткіш
теңіз
орман
өзен
көл
орнату
аспан
жұлдыз

қаз-қатар
байланып қалу
ойланып қалу
лағыл тас

## 13 ТАРАУ. Шығармашыл адамдар кімдер?

шығармашыл
бірге
сияқты
тарту (ойнау)
тігу
аспап
қиял
түрлі
көркем фильм
ауыстыру
кейіпкер
оқиға
сала
жарнама
жеке
әсерлі жазба қалдыру
жазылушы
бейнежазба
безендіру
орау
тесу
жапсыру
бүктеу
әуен
ән жазу
сазгер

# ҚАЗАҚ ТІЛІ

**ШЕТЕЛДЕГІ ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫНА АРНАЛҒАН ӘМБЕБАП ОҚУЛЫҚ**

**БАЗАЛЫҚ ДЕҢГЕЙ (А2)**

Н.Ж.Даулеткереева, Н.А.Нурмагамбетова, А.Д.Смыкова
«Қазақ тілі» шетелдегі қазақ диаспорасына арналған әмбебап оқулық (А2 – базалық деңгей)

**Редакция алқасы:**

Л.Есбосынова, А.Орманова, М.Дарменова

ISBN 978-601-7504-55-7